Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сақовтар 1998 жылы «Қазақ» газеті бетіндегі материалдарды жүйелеп, зерттеп, жинақтап құрастырып, «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан жинақ етіп шығарған. Құрастырушылар 1913-1918 жылдардағы материалдарды жеке-жеке жылымен жинақтап берген. «Қазақ» газетін шығарушылардың сөзімен айтқанда: «Газетіміздің көп мақсатының бірі – басқадан да алып, өзімізде барын жинап, қазақ тілінің бетін жөндеп, жолын ашпақ, сондықтан қазақтың мақалдары, тақпақ сөздері, басылған өлеңдер, қиссалар бәрі де қабыл алынады» [5]. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы алғашқы бетінде оқырмандарына мынадай үш шумақ өлең жолдарын арнаған:

Мінеки, қалың қазақ: кара, төре!
«Бұ кім» деп жатырқама түрін көре.
Жас «Қазақ!» жаңа талап, жарық ойлы,
Келіп тұр қол қусырып сәлем бере.
Алыстан іздеп келген бауырларың,
Халқының сырттан көріп ауырларың.
Жеңілту жайын соның кенесуге,
Қазақтың бас қостырмақ қауымдарың.
Жылына бір-ақ тоқты сыбағасы,
Ол жейтін бір-біріңнен қонағасы.
Атында, затында да бөтендік жоқ,

Білгенге бұл да алаштың шын баласы [6, 52-б.].

Бұл өлең жолдарынан газеттің жалпы қазаққа, қоғамда болып жатқан түйткіл мәселелерді кеңесе отырып, бір ортада ұйысып, газет арқылы көпшіліктің талқысына салып, кемшіліктерді болдырмауға, білім, ғылым алып, өркениетті ел болуға үндейді. Сонымен бірге, сол кездің қиындығына қарамай, қайткенде де газетті шығару үшін қаражаттың қажеттілігін, демеушілерге мұқтаж екендігін де өлең арқылы жеткізеді. Бұл газетке Ахмет ишан Оразайұлы, Хасен Ақайұлы, Байтенұлы Смайылдар т.б. демеушілік жасады. Газеттің «Ішкі хабарларында» және «Отырықшы болатын қазақтарға кесіп беретін жердің есебінде» қазақ жерінің мұжықтар мен жергілікті қазақтарға қанша жердің бөлінуі және жер жалдау жөнінде ақпарат беріледі. Мәселен, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Тобыл, Томск губерниялар мен облыстарына қарасты елді-мекендер көрсетілген. Жер бөлісу, жер дауына қатысты жауап хаттар, ақпараттар жиі беріліп отырылады. Назар қожа «Қытай жеріндегі қазақтар» деп аталатын хабарламасында, Қытайдағы Құлжа өлкесінде тұратын қазақтардың қысқаша тарихы мен оқу мәселесі жөнінде өтініштерін жазған екен. Жалпы, 1913-1918 жылдар аралығындағы материалдардан көбіне көп «Қазақтың тарихы», «Қазақ жайы», «Қала болған қазақтар жайынан», «Қазақтан солдат алама?», «Қазақтың бас ақыны», «Алаш азаматтарына», «Қазақ жастарына», «Қазақ санына қатысты статистика», «Соғыстағы қазақтар», «Жаңа бағынған қазақтар», «Көшпелі қазақтардың суды (соты)», «Қазақ жұртына», «Бөкей қазағы», «Қазақ съезі», «Қазақтан шыққан арамзалар», «Жасасын Алаш автономиясы», «Атылған қазақ» т.б. сынды сол кезеңдегі қазақ ұлтына арналып жазылған біршама тарихи деректер мен небір оқиғаларына қатысты мәліметтерді алуымызға болады. Одан кейін арнайы Қара қыпшақ Қобыланды, Қалқаман-Мамыр, Балуан Қажымұқан, Ш.Уалихан, Г.Потанин, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Шәкәрім, Хазірет сұлтан А.Яссауи, Жалаңаш баба, А.Курапаткин, В.Радлов, Ә.Диваев, Барлыбек т.б. жеке тұлғаларға қатысты әңгімелері мен сипаттамаларын беріп отырған. Келесі бір жиі ұшырасатын Семей, Қызылжар, Гурьев Баянауыл, Петроград, Көкшетау, Атбасар,

Шәуешек, Шымкент, Қостанай, Орынбор, Торғай т.б. қала, уез, облыстарында болып жатқан жаңалықтар мен түйткіл мәселелер, жауап хаттар мен ашық хаттар жарияланған. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «*Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқуменен түзеледі*» деп жазған [7]. Автордың бұл ниетін газет бетіндегі «Мектептер ашу», «Өнегелі мұғалім», «Орысша оқушылар», «Мұқтаж оқушыларға жәрдем», «Оқушыларға жәрдем жамияты», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері», «Өнер мектебі», «Жаңа кітаптар» т.б. деген тақырыптардан көруге болады. Дінге қатысты да «Пайғамбар заманы», «Дін таласы», «Муфти сайлау», «Медресе», «Мұсылман съезі» атты сыни пікірлер мен ұсыныстар орын алған. Газет беттерінен сайлау мәселелеріне арналған «Дума», «Болыс сайлау», «Сайлау саясаты» жөнінде де біршама ақпарат беріледі. Мәселен, Дума кеңесінде мынадай мәселелер қаралады: соғыс барысы, қару-жарақ жайлы, табысына қарай салық салу, мемлекеттік банкінің правосын арттыру, босқындарға жәрдем т.б. Сонымен қатар, әртүрлі жанрда тәлім-тәрбиесі бар әңгімелер және орыс жазушыларының шығармаларын (Л.Толстойдан, М.Лермонтовтан, И.Кырыловтан, В.Короленкодан, А.Чеховтан т.б.) аударып берген: «Жұмыртқадай бидай», «Хамелон», «От», «Ешкітау», «Барымта», «Наурыз», «Ұры тию», «Бас қосу туралы», «Керек сөз», «Сусағанның түсіне су кіреді», «Он төрт тоғыз бола ма», «Ұлтшыл жігіт», «Бала тәрбиесі» т.б. «Опат» деген айдармен Абай, Михаэлис т.б. тәрізді танымал адамдардың дүниеден өткендері жайлы хабарлама ретінде шағын мәтінде беріп отырылады. Жалпы, жоғарыда аталып кеткен тақырыптардан басқа да мәселелерді газет беттерінен көруге болады. «Қазақ» газетін зерттей келе тілші-ғалым Ғарифолла Өнес былай дейді: «Біз алты жыл үзбей шығып тұрған газет материалдарының автор-жазушыларын айқындап, мақалалардың әрқайсысына жіп тағып өз иесіне қайтару ісін аяқтап келеміз. Есебімізше, газет көлемінің үштен біріне жуығы, яки 60 баспа табақтай көсемсөз үлгілері А.Байтұрсынұлының қаламына тиесілі екендігі текстологиялық жолмен дәлелденіп отыр», – дейді [8].

Қорытынды. Сын сағатта туып, Алаш автономиясының үніне айналған «Қазақ» газеті халық алдындағы өз миссиясын орындады. Біріншіден, сол кездегі қазақ халқының ұлттық мұн-мүддесінің, теңдік пен бостандыққа ұмтылған күресінің, тарихы мен мәдениетінің, күнделікті тұрмыс-тіршілігінің айнасы болды. Екіншіден, XX ғасырдың басында қазақ қоғамының шамшырағына айналған, еуропалық үлгідегі ұлттық-демократиялық мемлекеттік құрылымның үлгісін көрсеткен Алашорда үкіметінің саяси үнқағазына айналды. Үшіншіден, қазақ тіліндегі кәсіби газет стилін қалыптастырып кетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Қазақ» газеті. 1915 жыл [Текст] / Құраст.: С.О.Смағұлова, Г.М.Абикова. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2017. – 528 б.
- 2 Тулегенова, Ш. «Алғашқы қазақ баспасөзі» [Текст] / Ш. Тулегенова // Мәдениет порталы – 2020. <https://madeniportal.kz/article/4931>
- 3 Әуезов, М. «Таңдамалы» [Текст] / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1997. – 512 б.
- 4 Жақсыбай, С. «Ұлт ұстазын ұлықтаған жиын» [Текст] / С. Жақсыбай // Egemem Qazaqstan. – 2022. <https://www.ar.egemen.kz/article/322262-ult-ustazyn-ulyqtaghan-dgiyn>
- 5 Рахметуллин, Е. «Қазақ» газеті – Алаштың ұлттық мінбері» [Текст] / Е. Рахметуллин // E-History. – 2023. <https://e-history.kz/kz/news/show/789>

- 6 Мұқанов, С. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі)» [Текст] / С.Мұқанов – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2012. – 420 б.
- 7 Байтұрсынов, А. «Қазақша оқу жайынан» [Текст] / А. Байтұрсынов // Qazbilim. – 2014.
- 8 Ғарифолла, Ә. «Қазақтың бағына туған «Қазақ» [Текст] / Ғарифолла Ә. // Abai.kz. - 2013. <https://abai.kz/post/15930>

REFERENCES

- 1 «Kazakh» gazetі. 1915 zhil [The newspaper «Kazakh». 1915]. Almaty: «Eltanym baspasy», (2017): 528 b. – (In Kaz)
- 2 Tulegenova, Sh. «Alghashky kazakh baspasozі» [The first Kazakh press]. Madeniet portaly, (2020): – (In Kaz)
- 3 Auezov, M. «Tandamaly» [The selected]. Bas red. A.Nysanbaev., Almaty: «Kazakh entsiklopediiasy» Bas redaktsiiasy, (1997): 512 b. – (In Kaz)
- 4 Zhaksybai, S. «Ult ustazyn ulyktaghan zhiyn» [The meeting that glorified the teacher of the nation]. Egemen Qazaqstan, (2022): – (In Kaz)
- 5 Rakhmetullin, E. «Kazakh» gazetі – Alashdyn ulttyk minberi» [National pulpit of Alash]. E-History, (2023) – (In Kaz)
- 6 Mukanov, S. «XX gasyrdagy kazakh adebieti. I bolim (Ultshyldyk, baishyldyk dauiri)» [Kazakh literature of the XX century. Part I. (The era of nationalism, wealth)]. Almaty: «Adebiет alemi», (2012): 420 b. – (In Kaz)
- 7 Baitursynov, A. «Kazaksha oky zhaiynan» [About studying in Kazakh]. Kazbilim, (2014): – (In Kaz)
- 8 Garifolla, A. «Kazaktyn bagyna tugan «Kazakh» [«Kazakh» born for the happiness of Kazakhs.]. Abai.kz, (2013): – (In Kaz)

A. БАЙТУРСЫНУЛЫ И О СОДЕРЖАНИИ ГАЗЕТЫ «КАЗАХ»

Аннотация. В данной статье рассматривается вклад Ахмета Байтұрсынулы в развитие казахской журналистики и роль газеты «Казах» в общественно-политической жизни Казахстана в начале 20 века. А. Байтұрсынулы активно использовал журналистику в целях пробуждения национального самосознания казахского народа, модернизации его культуры и проведения социальных реформ. Достичь этих целей он намеревался путем создания и управления газетой «Казах».

В статье анализируются основные темы, поднимаемые в газете «Казах», в частности, вопросы национальной идентичности, культурного возрождения, политического пробуждения казахского народа, социальных реформ. В статьях газеты широко обсуждаются актуальные проблемы казахского общества, социальное положение и культура народа. Анализируется редакционная политика А. Байтұрсынулы, его подход к журналистике как средству просвещения и социальной мобилизации.

Подчеркивается роль газеты «Казах» как площадки выражения и укрепления казахской национальной идентичности, а также ее значение в просвещении и информировании казахского общества. Исследование показывает влияние редакционной деятельности Ахмета Байтұрсынулы на развитие общественного мнения и политической активности в Казахстане. В статье подробно рассматривается, как Байтұрсынулы руководил содержанием газеты и его вклад в духовно-культурное развитие казахского общества.

Ключевые слова. Казах, пресса, письменность, газета, учитель нации, культура, казахский язык.

A. BAITURSYNULY AND ABOUT THE CONTENT OF THE NEWSPAPER «ҚАЗАҚ»

Abstract. This article examines the contribution of Akhmet Baitursynuly to the development of Kazakh journalism and the role of the «Қазақ» newspaper in the social and political life of Kazakhstan at the beginning of the 20th century. A. Baitursynuly actively used journalism to awaken the national self-awareness of the Kazakh people, modernize their culture and carry out social reforms. He intended to achieve these goals by creating and managing the Kazakh newspaper.

The article analyzes the main topics raised in the «Қазақ» newspaper, in particular, issues of national identity, cultural revival, political awakening of the Kazakh people, social reforms. The newspaper's articles widely discuss current problems of Kazakh society, the social status and culture of the people. The editorial policy of A. Baitursynuly and his approach to journalism as a means of education and social mobilization are analyzed.

The role of the «Қазақ» newspaper as a platform for expressing and strengthening Kazakh national identity, as well as its importance in educating and informing Kazakh society, is emphasized. The study shows the influence of the editorial activities of Akhmet Baitursynuly on the development of public opinion and political activity in Kazakhstan. The article examines in detail how Baitursynuly supervised the content of the newspaper and his contribution to the spiritual and cultural development of Kazakh society.

Keywords. Kazakh, the press, writing, newspaper, teacher of the nation, culture, kazakh language.

ҒТАХА 03.00.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202430104>

Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы¹,

ҚР ҰҒА құрметті академигі, т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, tuyakbai.rysbekov@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-8354-7496

Тыныштықов Аңсар Қуанышқалиұлы^{*2},

магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Сарайшық 34, tynystykovansar@gmail.com, ORCID ID: 0009-0002-5002-6105

ОРЫС ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ЭТНОГРАФИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ жерін зерттеуге жіберілген орыс экспедицияларының бағыты болып саналатын этнографиялық зерттеулер жөнінде сөз қозғалады. Еділ мен Жайық арасын мекендеген қазақтардың этнографиясына арналған талдамалық зерттеулер жүргізілді. Кіші жүз қазақтарының тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті жөнінде көлемді материалдар ұсынылды. XVIII-XIX ғғ. Батыс Қазақстан халқының шаруашылығы мен кәсібіне сипаттама берілді. Кіші жүздегі сауда-саттық, мал шаруашылығының тұрмыстағы маңызына талдау жасалынды. Саяхатшылардың негізгі мақсат-міндетімен, олардың жеткен жетістіктері қарастырылады. XVIII-XIX ғғ. Еділ мен Жайық арасындағы қазақтардың өмір салтындағы көшпенділіктің алар орынына ғалымдардың берген бағасы пысықталады. Патша үкіметінің отаршылдық саясатының қазақ өмірін қалай өзгерткендігі жөнінде зерттеушілердің пікірлерімен көзқарастарына талдау жасалынады. Зерттеу нәтижесінде саяхатшылардың Кіші жүз қазақтарын көрші халықтармен (татар, башқұрт) салыстыра отырып баға бергендігі анықталады. Еділ мен Жайық арасын мекендеген қазақтардың Ұлы жүзбен Орта жүз қазақтарынан өзіндік ерекшеліктері барыда ғалымдардың еңбектерінде жазылған. Кіші жүздегі дәстүрлі ғұрыптардың сипаты жөнінде баяндалады. Қорытынды бөлімінде Батыс Қазақстан даласына жүргізілген этнографиялық барлау жұмыстарының тарихнамалық деңгейдегі маңызы анықталып, қазақ тарихын әлемге паш етудегі орыс ғалымдары мен саяхатшыларының тигізген әсеріне баға беріледі.

Кілт сөздер. Этнографиялық зерттеулер, орыс әскерилері, саяхатшылар, ғалымдар, Кіші жүз, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, шаруашылық.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап өткен тарихы мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпы мен материалдық мәдениетін жаңғыртуда бетбұрыс жасауда. Қазақ этносының өткен тарихы мен мәдениетіне байланысты көптеген мәселелерді зерттеуге назар аударылуда. Этнография (этнология)-халықты зерттеу, халықтану, дүниежүзі халықтарының өмір-тұрмысы, салт-санасы, шығу тегі тағы басқа көптеген өмірлік мәселелерді зерттейді.

Орыс этнографиялық деректері қазақ халқының өткенін білу үшін маңызды дереккөз болып табылады. XVIII-XIX ғасырларда қазақ халқының этнографиясына қатысты материалдарды жинау және зерделеу Ресей ғылымының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болды. XVIII ғасырда қазақ даласының батыс және солтүстік аудандары Ресейдің құрамдас бөлігіне айналған кезде, бұл аудандар мен олардың халқын ғылыми зерттеу орыс ғылымының тікелей және басты міндеті болып табылды. Осы уақытта қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын экспедициялық зерттеуге алғашқы

талпыныстар жасалды. Бұл қажеттіліктің пайда болу себептері қазақ даласын отаршылдық аймақ ретінде, сондай-ақ Ресей империясы үшін шикізат көзі ретінде пайдалануға деген ұмтылыс болды. Бұдан басқа әлемдік өркениет үшін осы кезге дейін қызық болып келген дала көшпенділерінің өмірі, тұрмысы, ұлттық болмысын адамзат қоғамына паш ету болды. Сондықтан Ресей империясы әскери, табиғи, географиялық және этнографиялық зерттеулерді ұйымдастырды.

Зерттеу материалдарымен әдістері. Мақаланы дайындау кезінде Батыс Қазақстан даласына жіберілген этнографиялық бағыттағы барлау жұмыстарына, орыс ғалымдары мен саяхатшыларының жазбаларына, РФ мен ҚР архив қорларының материалдары негізінде жинақталған ғылыми еңбектерге салыстырмалы талдау жасалынды. Ғалымдардың зерттеулеріндегі Батыс Қазақстан даласын мекендеген халықтардың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы жөніндегі деректер жинақталды.

Зерттеу нәтижелері. XVIII ғасырдағы қазақ халқын ғылыми зерттеудің жетістіктері негізінен орыс шығыстануының дамуымен байланысты, оның міндеттерін алғаш рет Кирилов, Татищев және Миллер өз еңбектерінде баяндаған. Мемлекеттің отаршылдық мүдделерін жақсы түсінген осы ғалымдардың ойлары мен идеялары 1733 жылы Г.Я. Кердің "Санкт-Петербургтегі Шығыс академиясының мекемелері" жобасында көрініс тапты. XVIII ғасырдың 40-50 жылдарында қазақ ауылдарына көптеген орыс халқы келді. Осы жылдары қазақ-орыс байланыстары қарқынды дамыды: кеңейіп, тұрақты сипатқа ие болды. Қазақ даласында өз ықпалын күшейтуге мүдделі патша үкіметі жыл сайын қазақ ауылдарына қазақ жүздерінің ішкі және халықаралық жағдайын жақсырақ зерделеу, сауданы кеңейту мүмкіндіктерін анықтау, қазақтардың санын айқындау, олардың шаруашылық жүргізуімен, тұрмысымен, әдет-ғұрыптарымен танысу үшін көптеген агенттерді жіберді. Бұл агенттер қазақ ауылдарына және сауда керуендерімен бірге еніп кетті. 1753 жылы Орынбор шенеуніктері Я. Гуляев пен Р. Чучалов көпес Данила Рукавкиннің керуеніне іссапарға жіберіліп, онымен бірге Хиуаға дейін барған болатын. Бұндағы мақсат Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығы туралы ақпараттар жинап, патшалық үшін тиімді экономикалық мүмкіндіктерді қарастыру болды [1, 94 б].

П.С. Паллас (1741-1811) – II Академиялық экспедицияның көрнекті мүшесі. Орал мен Батыс Сібірде жұмыс істеген экспедицияның бір бөлігіне басшылық жасады. Экспедиция бағыты Сібір, Орынбор, Илецк, Орск, Жайық қаласы, Гурьев, Орынбор, Уфа арқылы өтті. Оның экспедиция нәтижелері бойынша жазылған негізгі еңбегі-1773 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Ресей империясының әртүрлі провинцияларына саяхат», оның бір бөлімі «Қырғыздар туралы хабар» толығымен қазақ халқына арналған. Паллас алғаш рет 1769 жылы Орынборға келгеннен кейін қазақтармен кездесті, ол жерден қазақ ауылдарына бірнеше сапар жасады. Орынбордан ол орыс шекара сызығы бойымен Сібірге барып, қазақтармен тығыз байланысты Троицк, Петропавл, Омбы, Семей қалаларын аралады. Бұған дейін ол Гурьев пен Орал қалаларына барған. П. С. Паллас қазақтардың көшпелі өмір салты мен күнделікті іс-әрекеттерін, мал шаруашылығын жүргізу тәсілдерін және оның өнімділігін, мал бағуын және жылдың әр мезгілінде қазақтардың жайылымдарды ұтымды пайдалануын егжей-тегжейлі сипаттады. Оның айтуынша, қазақтардың тамағы негізінен мал шаруашылығы өнімдерінен құралған. Аңшылық өнімдері де тұрмыста маңызды болғандығын жазады. Паллас қазақтың үй жиһазы мен қолөнерінің техникасы (тоқу; киіз, былғары, бояу, темір ұстасы, ағаш өңдеу қолөнері) туралы ерекше мәліметтер қалдырды. Бұл мәселелерді сипаттауға бірде-бір автор XVIII ғасырда ғана емес, XIX ғасырда да көп көңіл бөлген жоқ. Паллас кітабында қазақ ауылдарында исламның таралуы туралы көптеген мәліметтер келтірілген, пұтқа табынушылық нанымдардың кейбір қалдықтары туралы егжей-тегжейлі айтылған. Бірақ

автор қазақ халқының ежелгі наным-сенімдерінің негізін құрайтын тәңірі культі туралы ештеңе айтпастан, шамандардың әртүрлі санаттары сияқты екінші дәрежелі мәселелерді сипаттауға назар аударды. Бұл мәліметтердің барлығы, өкінішке орай, автордың қазақ ауылдарында қысқа мерзімді болуының нәтижесі [2, 189-193 бб].

Көрнекті орыс-швед натуралисті, зерттеуші-дәрігер И.П.Фальк 1771-1774 жж. Кіші жүз ауылдарын аралау кезінде қазақ ерлері мен әйелдері арасындағы еңбек бөлінісі туралы баяндаған болатын. Оның айтуынша ерлерге қарағанда күнделікті тұрмыста әйелдер көп жұмыс атқарған. Ер азаматтар мал жайылымдарын қадағалап, орыс, бұхар сауда орындарына барып азық-түлік т.б. қажетті заттар үшін айырбас саудамен (төрт-түлік малмен) айналысты. Аңшылық, жер мәселесі ерлердің басты кәсіптері болғандығы айтылады. Ал әйелдерге үй шаруасындағы ауыр жұмыстар артылған. Күнделікті бала күтімі, ас әзірлеу, үй тазалығынан басқа отын дайындау (ағаш жинау, мал тезегін кептіру т.б.), тоқыма ісі (қойдың, түйенің жүнінен жіп иіру, киіз басу, мата дайындау, тері илеу) көп мөлшердегі сиыр, түйе, жылқыны сауып алынған сүттен ас дайындау әйел адамдардың міндеттеріне жатқан. Сонымен қатар Жайық маңын мекендеген қазақ әйелдері сабын дайындаудың өзіндік технологиясын қалыптастырғанын жазады. Қазақ әйелдерінің сөзсіз ерлігіне тәнті болған И.П.Фальк көшпелі өмірде әйелдердің жауапкершілігінің мол болғандығын айтады [3, 547 б].

Белгілі орыс этнографы, минералогия ғылымының профессоры, П.С.Паллас бастаған экспедицияның белді мүшесі И.Г.Георги жалпы қазақ халқына, соның ішінде Жайық өлкесін мекендеген қазақтарға мазмұнды этнографиялық сипаттама берді. 1770 жылы Мәскеу арқылы Астраханға келіп, Орал даласына бет бұрды. Сапары барысында Кіші жүздің ауылдарында болып олардың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, күнделікті азығы жөнінде мәліметтер жинап, 1799 жылы жарық көрген «Описание всех в Российском Государстве обитающих народов» кітабының «О народах татарского племени и других не решенного еще происхождения Северных Сибирских» атты 2-ші бөлімінде жазып қалдырды. Ғалымның сөзіне сүйенсек қазақтардағы киіз үй башқұрттардың киіз үйіне қарағанда өте кең әрі таза. Бай-бағландар үйлерін ақ киізбен қаптап, қажетті заттарды сақтауға арнайы киіз үй тіккен. Үйдің ішінде әртүрлі көлемдегі сандықтар, айна, парсы кілемдері, төрде қару-жарақ, ат әбзелдері ілулі тұрған. Ерлердің киіну үлгісі шығыс стильіне тән болғанымен басқа ортаазиялық халықтарға қарағанда әлдеқайда жақсырақ. Кең шалбар, қысқа етік, жағалы жейде киген. Ерлері өздерінің күтіміне көңіл аудара білген. Бірақта ғалымның еңбегінде қазақтар жылқыларын әбзелдеуде алдарына жан салмағаны айтылады. Айыл-тұрман, үзеңгіні білікті ұсталарға жасатып салған. Сонымен қатар ат әбзелдерін өзара құнды сый ретінде тарту етіп отырған. Кіші жүздегі қазақ әйелдерінің киім үлгісі татар әйелдеріне ұқсас екендігін, тек әшекей-бұйымдарымен ғана ерекшеленетіндігін Георги өз кітабында жазған болатын [4, 131-132 бб].

Атақты орыстың тарихшы-этнографы А.И.Левшин 22 жасынан бастап қазақ халқы туралы түпкілікті зерттеуін бастады. Оның еңбектерінде Батыс Қазақстан даласымен Кіші жүз қазақтары жөнінде көбірек сөз қозғалады. 1832 ж. жарық көрген «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» атты 3 томдық еңбегінде өлкеміздің табиғаты, биологиялық сипаты, халқының тұрмыс-тіршілігі жөнінде баяндалады.

Еңбектің 3-ші бөлімінде (Этнографические известия) қазақтардың XVIII-XIX ғғ. этнографиясы жөнінде алуан түрлі мол ақпар бар. Әсіресе Еділ мен Жайық арасын мекендеген ру-тайпалардағы салт-дәстүр жөнінде бірқатар құнды деректер келтірілген. Мәселен, қазақ қоғамына белгілі барымтаның басқа жүздерге қарағанда Кіші жүзде өте қатаң болғандығы айтылады. Ресей өз билігін орнату барысында құн төлеу мен барымта

басқаша сипат алды. 1813, 1814 және 1815 жылдары барымта өңірде белең алып, кіші жүз қазақтары орыс шекарасына келіп азық-түлік үшін өздерінің балаларын сатқандығы еңбекте жазылады. 1815 ж. Гурьевте бір айда 100 бала сатылған. 1822-ші жылы 22-ші маусымдағы “Сібір қазақтары туралы жарғының” 202-ші бабында: “қазақтарға қатысты тек: 1) мемлекеттік мүддені сату; 2) кісі өлтіру; 3) тонау мен барымта; 4) өкімет билігіне әдейі бағынбау қылмыстық іс саналсын” деп атап көрсеткен. Содан бастап қазақ жерінің әр тарабында билер соты барымтаны ұрлыққа жатқызып, барымташыларды қатаң жазалау туралы үкімдер шығара бастады. Сонымен бірге А.И.Левшин Батыс Қазақстан өлкесіндегі рулар басқа рулар сияқты ислам дінін берік ұстанғанына бірнеше дәлел келтіреді. Барлық ата дәстүрлерін мұсылмандықпен байланыстыра отырып сақтаған.

Қазақтардағы көп әйел алуды ғалым жан-жақты сипаттаған. Бай, сұлтандардың 3 немесе 4 әйел алғандағына бірнеше мысал келтіреді. Мысалы Кіші жүз ханы Нұралының 16-17 әйелі, 32 ұлы 34 қызы болғанын жазады. Тіпті кіші жүздегі қазақтардың қалмақ қыздарына көптеп үйленгенін жазып, жеті атаға дейінгі қыз алыспау дәстүріне өзінің этнографиялық талдауын жүргізген [5, 82-10166].

XIX ғасырдың 20-40-жылдарында патшалық Орталық Азия мен қазақ даласына бірқатар сауда және дипломатиялық миссиялар мен ондаған әскери-ғылыми экспедициялар жіберді, оларға Каспий теңізінен қазақ даласының шығыс шекараларына дейін және Сібір бекініс сызықтарынан оңтүстікке қарай тау бөктеріне дейінгі орасан зор кеңістіктің табиғи-географиялық, геологиялық, статистикалық және тарихи-этнографиялық сипаттамасын жасауға тапсырма берді. Сондай экспедициялардың бірі



1 сурет - И.Г.Георги еңбегіндегі қазақтардың сипаты.

А.Ф Негридің басшылығымен 1820 -1821 жж. Бұхараға бағыт бойынша ұйымдастырылды. Елшіліктің басты міндеттерінің бірі сауда және коммерциялық

аспектілерге назар аудару қажеттілігі болғанына қарамастан, оларға Орталық Азияның табиғи ресурстары мен саяси мемлекеттері мен олардың басшыларын зерттеу қажет болды, сонымен қатар олардың Бұхара, Ауғанстан, Иран және Осман империясымен қарым-қатынасын түсіну қажет болды. А. Ф. Негри экспедициясының құрамына: табиғат және география жөніндегі маман Е. А. Эверсман, Бас штабтың капитаны Е. К. Мейендорф, лейтенант В. Д. Волховский кірді. Е. К. Мейендорф пен Е. А. Эверсман Орынбордан Бұхараға дейінгі көшпелі қазақтарға қатысты көптеген қызықты фактілерді ұсынды.

Е.К Мейндорф өз күнделігінде Қазақтардың әдет-ғұрпы пен салт-дәстүрі, олардың күнделікті тұрмысы, тағамдары оны дайындау тәсілдері туралы деректерді, сондай-ақ киік пен жабайы қабандарды аулау принциптері туралы жазып, барымта (Түрік халықтары арасындағы малды жаулап алу қағидаты. Қылмыс немесе келтірілген зиянды өтеу үшін кектің тәсілі), әйелдер туралы, қазақ ауылындағы ресейлік тұтқындарының жай-күйі туралы да сөз қозғап, қазақ даласында басқару принциптерін де жазған. «... Түнде тас үстінде отырып, олар айға қарап, мұнды әндерді айтқан. Онда Қазақ халқының өткен заманы, сондай-ақ аңыз бен тарихи ұлттық батырлары сипатталған...», деп айтқан. Ол қазақ лирикалық әндерінің жалпы мазмұнын сипаттады. Ол қазақпен қырғызға ортақ атау беруге түпкілікті қарсы болды. Оның зерттеулері екі халықтың ара-жігін толықтай бөліп көрсетеді [6, 1936].

Е.К Мейндорф өзінің «Путешествие из Оренбурга в Бухару» атты кітабының 2-3 тарауында Орал, Ақтөбе аумағын мекендеген қазақтардың этнографиясы жөнінде мол, құнды мағлұмат қалдырған. 2-ші тарауында қазақтардағы аңшылық туралы, әсіресе ақбөкендерді аулау әдісі жөнінде жазды. Ақбөкеннің еті басқа жануарлардың етіне қарағанда ерекше дәмді екендігі, және оның терісінен киім тігетіндігін сипаттап жазды. Сонымен қатар саяхатшы Арынғазы сұлтанның ауылында болып, қазақ ауылының сипатына тамсанған болатын. Киіз үйлердің түр-түсін, адамдардың бет-әлпетін ерекше сипаттама берген. 3-ші тарауында қазақтардың Жайықтан-Сырдарияға дейін аралықтағы қазақ қорымдарына сипаттама берген. Кіші жүз қазақтарындағы зираттар көбіне күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған. Қарайым адамдарда қамыс араластырылған тастардан тұрғызылса, қожа-сұлтандарда айқастырылған найза қойылатын болған. Ал Сырдария өңіріне қарай қорымдар биік-биік қаладай көрініс таба бастаған [7, 137-141бб.].

Кіші жүз қазақтарының этнографиясын зерттеген өзге де ғалымдар арасында Г. Г. Фон-хенсты белгілеуге болады. Хенстің негізгі мамандығы әскери инженерия болғандығына қарамастан, қазақ даласында қызмет еткен бірінші жылдары ішінде ол табиғи және минералды ресурстарға қатысты жұмысты ұйымдастырды. Сонымен қатар ол қазақтардың тарихы, этнографиясы, лингвистикасы, фольклоры мен экономикасы туралы зерттеулер жүргізді. Оның «Қазақтардың шығу тегі, олардың дамуы» атты жұмысын белгілеуге болады. Осы жұмыста автор кейбір этнографиялық мысалдарда пайдаланылатын қазақ терминологиясына көңіл бөлген, ол кіші жүзбен оның елді мекендерін сипаттаған [8, 476].

Қорытынды. Қорыға келе, талданған еңбектермен деректердің негізінде Ресей ғалымдарының Батыс Қазақстан даласына жүргізген этнографиялық зерттеулерінің маңызы зор екенін анықтадық. Ғалымдардың жазбалары сол кезеңдегі халықтың тұрмысынан шынайы, еш бұрмалаусыз ақпарат береді деген тұжырымға келдік. П.С.Паллас, А.И.Левшин, И.Г.Георги сынды ғалымдардың арқасында әлемдік өркениетке қазақтар жөнінде ақпарат тарай бастады. Олардың еңбектері болашаққа құнды тарихнамалық дерек ретінде сақталды. Жайық өлкесінен басталған экспедициялармен барлау жұмыстары өз мақсат-міндетіне жетіп, зерттеулерінің жемісін

көрдi. Патша үкiметi қазақ жерiнiң экономикалық, саяси мүмкiндiктерiн анықтап, оны тиiмдi игере бiлдi. Қазақ халқының этнографиясын зерттеу арқылы оның болашағына жоспар құруды көздедi. Халықты толығымен болдандықтың құрсауында ұстау үшiн оның ұлттық болмысын тұншықтыру қажеттiлiгi туындады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТIЗIМI

- 1 Масанов, Э.А. Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР [Текст] / Э.А. Масанов – Астана, 2007, – 551 с.
- 2 Асфендияров, С.Д. Прошлое Казахстана в источниках и материалах: сборник (В в. до н.э.-XVIII в. н.э) [Текст] / С.Д. Асфендияров // Алматы: «Казакское краевое изд-во», 1935. – 297 с. , <https://www.calameo.com/read/002055968bdac61e4e375>
- 3 «Запискам путешествия академика Фалька» [Текст] / Полное собрание ученых путешествий по России, издаваемое Императорской Академией наук. В 8-ми томах., Москва: «РГБ», 1824, – 568 с.
https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_006691909?page=548&rotate=0&theme=white
- 4 Георги, И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов... [Текст] / И.Г. Георги – СПб., 1799. – 178 с.
<http://elibrshpl.ru/ru/nodes/14951-ch-2-o-narodah-tatarskogo-plemeni-i-drugih-neshennogo-esche-proishozhdeniya-severnyh-sibirskih-1799>
- 5 Левшин, А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. [Текст] / А.И. Левшин // Ч-3: СПб., 1832, – 304 с.
<http://elibrshpl.ru/ru/nodes/47076-ch-3-etnograficheskie-izvestiya-1832#mode/inspect/page/118/zoom/>
- 6 Мейендорф, Е.К. 19 ғасыр басындағы саяхатшылардың жазбасындағы қазақтардың этнографиясы [Текст] / Е.К. Мейендорф // Екінші толтырылған басылым, 49-шығарылым. – Астана: «Алтын Кітап», 2007, – 246 б.
- 7 Мейендорф, Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. [Текст] / Е.К. Мейендорф // М.: «Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1975, – 175 с.
- 8 Камиева, Г.Б. Из истории исследования Казахской этнографии (XVIII-XIX вв.): Пособие к изучению [Текст] / Г.Б. Камиева – Актау: 2010, – 75 с.

REFERENCES

- 1 Masanov, E.A. Ocherki istorii etnograficheskogo izucheniya kazahskogo naroda v SSSR [Essays on the history of ethnographic study of the Kazakh people in the USSR]. Astana, (2007): 551 s. – (In Rus)
- 2 Asfendiyarov, S.D. Proshloe Kazahstana v istochnikah i materialah: sbornik (V v. do n.e.-XVIII v. n.e) [The past of Kazakhstan in sources and materials: a collection (In the century BC-XVIII century AD)]. «Kazakskoe kraevoe izd-vo». Almaty, (1935): 297 s. – (In Rus)
- 3 «Zapiskam puteshestviya akademika Fal'ka» [Notes of the journey of Academician Falk], Polnoe sobranie uchenykh puteshestvij po Rossii, izdavaemoe Imperatorskoj Akademiej nauk. V 8 - mi tomah. «RGB», Moskva, (1824): 568 s. – (In Rus)
- 4 Georgi, I.G. Opisanie vsekh obitayushchih v Rossijskom gosudarstve narodov...[A description of all the peoples living in the Russian state...]. SPb.,(1799): 178 s. – (In Rus)
- 5 Levshin, A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih, ili kirgiz-kajsackih ord i stepej [Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaysak hordes and steppes.]. CH-3, SPb., (1832): 304 s. – (In Rus)

6 Mejendorf, E.K. 19 gasyr basyndagy sayahatshylardyn zhazbasyndagy kazakhtardyn etnografiyasy [Ethnography of Kazakhs in the notes of travelers of the early 19th century]. Ekinshi toltyrylgan basylym, 49-shygarylym, Astana, Altyn Kitap, (2007): 246 b. – (In Kaz)
7 Mejendorf, E.K. Puteshestvie iz Orenburga v Buharu. [Travel from Orenburg to Bukhara]. M. «Glavnaya redakciya vostochnoj literatury izdatel'stva «Nauka», (1975): 175 s. – (In Rus)
8 Kamieva, G.B. Iz istorii issledovaniya Kazahskoj etnografii (XVIII-XIX vv.): Posobie k izucheniyu [From the history of the study of Kazakh ethnography (XVIII-XIX centuries): A guide to the study]. Aktau, (2010): 75 s. – (In Rus)

ЭТНОГРАФИЯ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА В РУССКИХ ИСТОЧНИКАХ

Аннотация. В статье речь идет об этнографических исследованиях, которые являются направлением русских экспедиций, направленных на изучение казахской земли. Проведены аналитические исследования этнографии казахов, населявших Волгу и Урал. Представлен объемный материал по быту, культуре казахов Малого жуза. Разработана характеристика хозяйства и профессии западно-казахстанского народа XVIII-XIX веков. Проведен анализ значения торговли в Малом жузе и животноводства в быту. Рассматриваются основные цели и задачи путешественников, их достижения. Будет проработана оценка учеными места кочевничества в образе жизни казахов XVIII-XIX вв. между Волгой и Уралом. Будет проведен анализ взглядов исследователей на то, как колониальная политика царского правительства изменила казахскую жизнь. В результате исследования установлено, что путешественники оценивали казахов Младшего жуза по сравнению с соседними народами (татарскими, башкирскими). Казахи Младшего жуза отличаются от казахов Старшего и Среднего жуза, как показано в трудах ученых. Рассказано о характере традиционных обрядов в Малом жузе. В заключительной части определено значение этнографической разведки Западно-казахстанских степей на историографическом уровне и дана оценка влиянию русских ученых и путешественников на представление казахской истории миру.

Ключевые слова. Этнографические исследования, русские военные, путешественники, ученые, Малый жуз, обычаи и традиции, хозяйство.

ETHNOGRAPHY OF WESTERN KAZAKHSTAN IN RUSSIAN SOURCES

Abstract. The article deals with ethnographic research, which is the direction of Russian expeditions aimed at exploring the kazakh land. Analytical studies of the ethnography of the kazakhs who inhabited the Volga and the Urals have been carried out. A voluminous material on the life and culture of the kazakhs of the Small zhuz is presented. The characteristics of the economy and profession of the West Kazakhstan people of the XVIII-XIX centuries have been developed. The analysis of the importance of trade in the Small zhuz and animal husbandry in everyday life is carried out. The main goals and objectives of travelers and their achievements are considered. The scientists' assessment of the place of nomadism in the lifestyle of the Kazakhs of the XVIII-XIX centuries between the Volga and the Urals will be worked out. The analysis of researchers' views on how the colonial policy of the tsarist government changed Kazakh life will be carried out. As a result of the study, it was found that travelers evaluated the Kazakhs of the Maly Zhuz in comparison with neighboring peoples (Tatar, Bashkir). The Kazakhs of the Maly Zhuz differ from the Kazakhs of the Older and Middle Zhuz, as shown in the works of scientists. It tells about the nature of traditional rituals in Maly Zhuz. In the final part, the importance of ethnographic exploration of the West Kazakhstan steppes at the

historiographical level is determined and the influence of Russian scientists and travelers on the presentation of Kazakh history to the world is assessed.

Key words. Ethnographic research, Russian military, travelers, scientists, Maly zhuz, customs and traditions, economy.

ҒТАХА 03.01.09

DOI: <https://doi.org/10.62724/202430105>

Құрманалин Самат Бақытжанұлы¹,

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. ЖМЖКББМ «Батыс-Қазақстан технологиялық-инновациялық университеті», Қазақстан Республикасы, 090000, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194, samatbk71@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-7670-9495

Сағидуллина Ғалия Орынбасарқызы*²,

магистрант, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан Республикасы, Орал қ., 090006, Н.Назарбаев даңғылы 208, galiya02.02.92@mail.ru, ORCID ID: 0009-0006-8438-0048

ҚАЙЫРЖАН ХАСАНОВТЫҢ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНЕ ШОЛУ

Аңдатпа. Өлкенің тарихын білу – өзінің, отбасының әулетінің, туып өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Өзінің тегін, оның тарихын білмеген адам өз халқының тарихын білуге ұмтылмайды, оған қызықпайды. Ал мұндай адам басқа халықтарды, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтей де, сыйлай да алмайды. Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысына белгілі Қазақстанның құрметті журналисі, Қаратөбе тарихын зерттеп, қағаз бетіне түсіріп кеткен өлкетанушы «Қаратөбе тарихының Герадоты» атанып кеткен Қайыржан Хасановтың зерттеушілік мұрасы туралы баяндалады. Нақты айта кетсек, зерттеушінің 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қатысушылары мен 1937-38 жылғы қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың тағдыры туралы жүргізген еңбектеріне шолу жасалынған. Автордың өлке тарихын зерттеуде ерекше орны алатын, Қаратөбе ауданынан шыққан, өз заманында қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз жазаланған тұлғалар туралы жинаған тың деректер зерттеу жұмыстарында нақты мысалдар арқылы дәлелденген. Қайыржан Хасановтың бұл еңбектерінде оқиғалардың не себепті орын алғанын және оған Қаратөбе ауданынан шыққан, қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың қатысу себептері мен олардың кейінгі тағдырлары туралы зерттеулері баян етіледі. Берілеген мақалада осы зерттеулерге шолу жасап, автордың зерттеу еңбектеріне арқау болған кейіпкерлерді нақтылау, олардың рөлі мен маңыздылығын айқындау мақсат етілген.

Кілт сөздер. Қайыржан Хасанов, Күнбатыс Алашордасының үшінші съезі, Қаратөбе съезі, репрессия, Қаратөбе тарихы, өлке тарихы, Ұлт-азаттық көтеріліс (1916 ж), Соңалы көтерілісі.

Кіріспе. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» аясында Қазақстан Республикасының әр аймақтарында өлке тарихына байланысты, тұлғаларды дәріптеу бағытында, елді мекендеріндегі құнды киелі жерлерді ұрпаққа таныстыру бағытында көптеген ізгі шаралар өткізілуде. Өткен тарихымызға көз жіберсек осыдан 106 жыл бұрын Қаратөбе елді мекенінде Алаштың зиялы қауымы Орал қазақтарының III-съезін өткізіп, Алаш автономиясын құруға, сөйтіп Ресейде патша тақтан құлаған соң, қазақ халқының дербес мемлекетін құруға әрекет жасады. Сонымен қатар, биылғы жылы Алашорданың Батыс бөлімінің құрылғанына 18 мамырда 106 жыл толады. Тарихта ойып тұрып орын алатын осы секілді оқиғаларды зерттеп, өткен тарихымызды дәріптеп, жас ұрпаққа тағылымды іс ретінде қалдыру үшін тарихи болған оқиғаларды еске түсіріп, айтып ұғындыру – аға ұрпақтың міндеті. Осы орайда, осындай міндетті азаматтық парыз санаған өлкетанушы, ақын, прозаик-жазушы, журналист, «Қазақстан Журналистер

Одағының» мүшесі, «Қаратөбе ауданының құрметті азаматы» Қайыржан Хасановтың туған елінің тарихын зерттеп, қалдырған мол мұрасын арнайы талдаған жөн.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қ.Хасанов 1942 жылдың 2 желтоқсан күні Қаратөбе ауданының Сәуле ауылында дүниеге келген. Саналы ғұмырында Қазақстанның батыс өңіріне қатысты, соның ішінде Қаратөбе ауданының тарихына байланысты, сол аймақтан шыққан ақын, жыршы, батырлар мен шешендер, әулиелер, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қатысушылары мен 1937-38 жылғы қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың тағдыры туралы тың ізденіс жүргізіп, бұрын-соңды көпке беймәлім болған тарихи жерлерді, таным нүктелерін анықтаған. Сол Қаратөбе топырағында мәңгілік дамыл тапқан тұлғаларымыздың бейіттерін тауып, картаға түсіріп, игі іспен айналысты. Зерделі зерттеуші күн демей, түн демей дала кезіп, ел аралап, талай мәдени ескерткіштерді хатқа түсіріп, орнын көрсетіп, киелі топырақтың құтты жерлерін сипаттап кетті.

1928 жылдың қаңтар айының 28 күні Қаратөбе алғаш аудан болып құрылған. Аудан тарихында көпшілік біле бермейтін, қаратөбеліктердің назарынан тыс қалып, ауызға алынып, әңгіме болмай жүрген оқиғалардың бірі - Қаратөбе өңірінде болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Аталмыш оқиға жайлы Қайыржан Хасановтың 2006 жылы Орал қаласында жарық көрген «Соналы оқиғасы» деген еңбегінде баяндалады.

Ресей патшасы 1916 жылғы 25 маусым жарлығын жариялаған болатын. Осы жарлықта айтылғандай, майдандағы қара жұмыстарға 19 бен 31 жас аралығындағы жігіттерді шақыруына қарсы бірнеше болыстардың халқы көтеріліске шықты. Бұл көтеріліс деңгейі ұйымдастырылуы жағынан сақадай сай қаруланған патша әскерінің күшіне қарсы шығар деңгейден әлдеқайда төмен еді. Әйтсе де, Шыңғырлау, Бөрлі, Шилі, Қаракөл, Соналы, Қарабау, Жұбанышкөл, Қараоба, Қалдығайты, Бұлдырты болыстарындағы көтерілістер өз қалыңша ұйымдастырылған.

Күнкөрістен басқа қарекеті жоқ ауылдың момын жігіттері патша жарлығына наразы болғанымен, қарсы шығатын жол таппай қатты дарықты. Қаракөл болысының жігіттері патша жарлығына ашық қарсылық білдіріп, ереуілге шыққан көрінеді, - деген ұзын хабар толқып, ашу-ызаға булығып отырған Соналы жігіттерін де атқа мінгізді. Соналы көтерілісін бастаушылар қатарында Тәріске ауылынан Мұқаш Қожахметов, Байгабыл ауылынан Сенғали Дәуешов деген жігіттер болыпты. Осы оқиға жайлы еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері Уәйіс Аңшыбаев естелігінде: Ол кезде Уахаң 10-11 жасар бала екен. Жаз айының іші. Ауыл шала бүлінген. Атқа қонған жігіттерде сан жоқ. Сыңсыған әйелдер мен кемпірлердің аузында «соғыс», «прием» деген бұрын айтылмаған құлаққа жат сөздер. Оған түсініп жүрген балалар жоқ. Аттылы-жаяулылардың арасында жалаң аяқ шандатып жүр. Кейін біраз уақыт өткен соң ауыл қара жамылғандай тыныштыққа оранды. Сыбырласқандардың бірі – Дәуештің Сенғалиын, Жұпбайдың Әбуі, Төлештің Қуаналысын және Жампаның Қойшыбайын (Уәйістің әкесі Аңшыбайдың ағасы) патша әскерінің отряды келіп, ұстап әкетіпті – деген әңгімелер. Не үшін дегенде 19 бен 31 жастың арасындағы жігіттер «приемға» жататын болып, бұл жөніндегі «қара тізімді» дайындап жатқанын білген Сенғали Дәуешов бастаған Жұпбайдың әбуі, Төлештің Қуаналысы және жампаның Қойшыбайы сойыл, шоқпарларымен қаруланған ауыл жігіттерін ертіп, болыстық басқармаға аттанады. Болыс ауылына суыт жеткен бұлар «қара тізімнің» № 14 ауылдың старшыны Жантолыұлы Қалимен Князьге (сол кезде қазіргі Калмыковты осылай атаған) жіберілгенін біледі. Сенғалилар болыс ауылының бір топ жігіттерін қосып алып, старшынды қуып кетеді. Жігіттер біраз уақыт сойыл мен шоқпар сілтесіп, старшынды аттан құлатып, тізімді тартып алады да, сол жерде өртеп жібереді. Бұл оқиға «Жантолы шығыры» деген жерде болыпты. Өзге болыстардағы көтерілісшілердей емес, бұлар

орынсыз қан төгуді жандары жақтырмайтын жігіттер тек №14 ауылдың старшыны Қали Жантолыұлын өлімше етіп сабаумен ғана шектеледі [1,15]

Патша жарлығына қарсы ұйымдастырылған ауыл кедейлерінің көтерілісін басуға Орал губернаторының бұйрығы бойынша атты казактардың қарулы отряды шығады. Сенғали Дәуешұлы бастаған бір топ ауыл жігіттері оларға тойтарыс беруге жоспар құрып, шағыл ішіне тығылып, тұтқиылдан атойлап шабуыл жасауды, сөйтіп жауды састырып, соққы беруді ойластырады. Бірақ жақсы әскери дайындықтан өткен патша әскерлеріне алғашқы кездесуде Олжай, Тәріске, Байғабыл ауылының жігіттері тойтарыс бере алмады. Азаттықты тек атқа мініп, атойлап шауып, жалаң қылышпен орнатамын деген ауыл жігіттерінен бірнеше боздақтар қаза табады. Көтеріліс басшылары Жандәулет Досаналиев, Қожахмет Бекбауов, Мұқаш Қожахметов, Сенғали Дәуешов, Әбуғали Жұпбаев және басқалары тұтқынға алынады. Аяқ-қолдары кісенделіп, жаяулай-жалпылай Орал қаласындағы түрмеге айдалады. Прокурор Чистяков пен тергеуші Пунгулерге берген жауабында патша әскерлерінің жазалаушы отрядын қарсы алып, қарсылық көрсетуді ұйымдастырған, тізімді патша заңына қарама-қайшы толтырып, дұрыс хатталмағасын оны старшын Жантолиев Қалидан «Жантолы шығыры» деген жерде атынан құлатып, тартып алып, өртеп жіберген мен. Басқа адамдар кінәлі емес, жазаны берсеңіз маған беріңіз депті Дәуешұлы Сенғали, – делінеді ауызекі айтушылар әңгімесінде.

Түрмеге түскен алғашқы күннен-ақ патша жендеттері қанша ұрып-соқса да Сенғали да, онымен бірге тұтқындалған жігіттер де тағылған айыпты әрқайсысы өздері жеке-жеке мойындап, қайткенде де бірін-бірі арашалап, құтқарып жіберуге тырысқан. Соған қарамастан оларды соғыс уақытындағы заңға сйкес соттап, дарға асу арқылы өлім жазасына кескен үкім шығарыпты. Соңалылық көтерілісшілерге атқан әр таң үкімінің орындалатын таңы шығар деп қатты қобалжи күткен азапты күндер басталады. Түрмеде көтерілісшілер қатты қысым көрген. Күн сайын үш кісіні түрме алаңына шығарып, дарға асады екен. Үкім орындалатын күні түрме надзирательдері өзге тұтқындарды да түрме ауласына қуып шығарған. Мақсат – көтеріліске қатысқаны үшін өлім жазасына кесілгендердің жүйкесіне қатты әсер ету. Шыңғырлаудың Кіндікті, Қарағаш, Қаратөбенің Жақсыбай болыстарының көтерілісші жігіттері дарға асылып, кезек соңалылықтарға жақындайды. Осы кезде, 1917 жылдың ақпан айында болған Ресей буржуазиялық демократиялық төңкеріс патшаны тақтан құлатты. Орнына келген Уақытша үкімет, оның әділет министрі, кейін премьер-министрі болған А. Керенскийдің бірінші Жарлығы – окоп қазу жұмыстарында жүрген «бұратаналарды» елдеріне қайтарып, «приемға» қарсы шығып, түрмеге қамалғандарды босатып, қашып жүргендерге іздеу салуды тоқтату болыпты. Осы Указдың арқасында дарға асылар кезегін күтіп жатқандар бір-жола ақталып, абақтыдан босатылып шығарылды. Сөйтіп, Соңалы көтерілісінің басшылары да босап, елге келіп, ауылдағы өмірге қызу араласып кетеді [1,17].

Нәтижелер және оларды талқылау. Өткен ғасыр басында қазақты ел болдырудың қамына кіріскен алашшыл азаматтар қолдарынан келген істің бәрін атқарды. Айталық, 1917 жылдың аяғында Орынборда өткен жалпы қазақ съезінен кейін Алашорда үкіметі негізі іс-қимыл атқару орталығы ретінде Семейді таңдаса, күнбатыс алашордашылар 1918 жылдың ақпан айында Жымпиты уезіне қарасты Қаратөбе кентінде кезекті жиын ашып, батыс өңірде атқарылуы тиіс істерді талқылады. Бұл жиын тарихта «Қаратөбе съезі» деген атпен қалды. Тарихта аты қалған Қаратөбе кенті – облыс орталығы Орал қаласынан 260 шақырым қашықта орналасқан көне қоныс.

Қаратөбе съезі ХХ ғасырдың басында Орал қазақтарының үшінші бас қосуы болатын, - деп жазады алаштанушы Даметкен Сүлейменова. Алғашқы съез 1917 жылы

19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өтсе, екіншісі съез сол жылдың маусым айының басында Ойылда өткен. Осы тұста Орал орыс-казактары қаладағы мемлекеттік банк пен азық-түлік қоймасын, ауруханаларға дейін түгел қарулы күшпен басып алса, Орынбор-Ташкент теміржолы большевиктердің бақылауына өтіп кетті. Семейдегі орталықтан қол үзіп қалған күнбатыс алашордашылары кезекті жиын-Үшінші съезді қауіпсіз орта қалың қазақ ішінде, шалғайда жатқан Қаратөбеде өткізуді жөн көрген. Ертай Бимұхановтың дерегіне сүйенсек, тарихи жиынды ұйымдастырушылар: Жаһанша Досмұхамедов (зангер), Халел Досмұхамедов (дәрігер), Аспандияр Кенжин (мұғалім), Есенғали Қосболатов (дәрігер), Х.Мерғалиев, Сәлімгерей Қаратілеуов (агроном), Молдағали Жолдыбаев (мұғалім), Иса Қашқынбаев (дәрігер), Нұрғали Ипағанбетов (дәрігер), Қуанай Қосдәулетов қазіреті, болыс Салық Омаров, Төлеген Иманғазиев (мұғалім), Қуанышәлі Тінәшұлы, Есқали Балтаұлы т.б. тұлғалар екенін айтады. Осы оқиғалар туралы Қайыржан Хасанов «№ 2368 ІС немесе Төлеген Иманғазиев тағдыры туралы» атты еңбегінде жазады [2,1].

Бұл еңбек 2007 жылы Орал қаласында басылып шыққан. Жұмыста 1937-1938 жылдардың зобалаңында жазықсыз опат болған, Орынбор қырғыз мұғалімдер семинариясының түлегі, алаш ардагерлерінің бірі, елінің көзін ашып сауаттандыруға белсене қызмет еткен халық мұғалімі Төлеген Иманғазыұлының өмір дерегінен нақты мәліметтер берілген: «Осынау дүрбелең кезеңде Қаратөбе ауданының Жақсыбай орталау мектебінде ұстаздық етіп жүрген мұғалім Төлеген Иманғазиевтың үйінің есігі жеті түнде қатты қағылды. Мезгілсіз қонақ- Қаратөбе аудандық НКВД қызметкері екен. Органның дікілдеп, тепсініп тұрған бұл қызметкері қарт ұстазды асықтырды. Киімдерін алып, атарбаға тез мінуін талап етті. Үй-іші азан-қазан. 57 жасқа енді толғалы отырған Жанот Болғанбайқызы шыбынға да зияны жоқ жолдасы Төлегенді ауданнан елу шақырымдай жердегі Сәулеге милицияның не үшін іздеп келіп, ұстап алып бара жатқанынан да мүлде бейхабар еді»[3,7].

Автор 1938 жылдың ақпан айының басында ұстап әкеткен Төлеген Иманғазыұлының қамалу себебі мен кейінгі тағдыры туралы сауалдарға Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Департаментіндегі мұрағаттық құжаттардан толық жауап алғандығы туралы жазады[4].

Қ.Хасанов мұрағатта сақталған № 2368 қылпыстық іспен танысып, бұл істің 1938 жылдың 1 ақпанында Иманғазиев Төлегенге, Лашинов Жәрдемге, Отарғазиев Ирменге, Қапалиев Ізтілеуге ашылып, сол айдың 15-і түнде азаматтардың атылуымен аяқталып, жабылғандығын анықтайды [5].

Тергеу хаттамасында Төлген Иманғазиевтың ісін УНКВД-нің Батыс Қазақстан облыстық бөлімінің Қаратөбедегі қызметкері Бакиров деген жүргізіпті. Төлегеннің әлеуметтік жағдайы бай, революцияға дейін қарамағында екі аты, сегіз ірі қара малы, жиырма қойы бар деп көрсетіліпті. Ал революциядан кейін бір жылқысы, үш сиыры болыпты. Патша заманында ауылда болыс болдың, Қаратөбеде өткен Алашорданың съезіне қатыстың деген кінә тағылып, оған қоса 1938 жылдың ақпан айының 14 күнгі алынған жауаптың хаттамасында панисламизмнің көтерілісін ұйымдастырмақшы болған контрреволюциялық ұйымның мүшесімісің, жапон-герман барлауының агенті екендігінді мойындайсың ба деген сұрақтар қойылыпты. Оған Төлеген «мойындамаймын, панисламизмнің көтерілісін ұйымдастырмақшы болған ұйымға мүше емеспін, мүше болмаймын да» деп жауап беріпті. Сосын Төкең жауабын жалғастырып, «1936 жылдың қараша айының ішінде Жақсыбай мектебінің мұғалімі Жазықбаевтың үйіне қазірет Хасан Нұрмағамбетов келді, мені қонаққа шақырды. Олар құран жайлы әңгімелесті. Мен олардың әңгімесіне қосылмадым дейді. Содан кейін ол 1937 жылдың ақпан айының басында біздің туыстарымыз Башқұртстаннан Құрманғали

Қуанышқалиев және саудагер Жәрдем Лашынов қонаққа келді. Біздің үйге қонды. Құрманғали кетерінде өзінің Башқұрстанда әйнек заводында жұмыс жасайтындығын, еңбек ақыны жақсы табатындығын айтты. Келгеніне көп болғасын, қаражаты азайынқырап қалғанын, қайтуға қаражаттан көмек сұрады.» - дейді. Төлеген болса Қаратөбеге аудандық аудандық білім бөліміне барып, еңбек ақысын алып бермекші болады. Осының бәрі Қаратөбеге түріктің шпионы келіп жүр, Жәдікбайларды ислам туының астына біріктіріп, совет үкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастырмақшы. Сол үшін үйлерден әлгі адам қаражат жинап жүр деп жансыз біреу Қаратөбеге астыртын хабар береді. Содан Құрманғали қонақ болып, шәй ішкен үйлердің иелерін тұтқындауда. Көрсетілген тізім бойынша үй иелері тұтқындалады. Бұлардың барлығы да алыстан ағамыз елге келді, үйімізден дәм татсын деп ақ дастарханын жайып, қонақасын берген іні-ағайындары еді. Ұсталғандардың біреуі де елге оралмай, түрмеде өлген, не атылған. [3,21-22]

Адамзат тарихының ақтандақ тұсы аз болмағанымен, адамдардың мемлекет тарапынан жаппай репрессияға ұшырауына Кеңес Одағының саяси билігі ғана жол бергені анық. Ал қазіргі шежіре «Қызыл террор» атаған сол кезеңнің зардабынан жойылуға шақ қалған тұтас ұлттардың көп басында қазақтың тұрғаны – шындық. Осындай еліміз бастан кешкен репрессия кезінде жазықсыз атылған азаматтардың бірін халық білсе, бірін біле бермейді. Халық біле бермейтін, ел аузынан ұмыт қала бастаған, Қаратөбеден шыққан қуғын-сүргін құрбандары туралы Қайыржан Хасанов 1996 жылы Чапаев селосында басылып шыққан «Ақтандақта атылған азаматтар» деген кітабында жазған.

development of pedagogical research and pedagogical science. To eliminate the identified shortcomings, it was decided to establish a clear continuity in the study of the basics of sciences from grades 1 to 10; a more rational distribution of educational materials by year of study; systematic teaching of the basics of sciences, starting from the fourth year of study; the task of systematic and organized transfer of secondary school transfer to new curricula and programs, starting from 1966-1967 the academic year and the completion of the process are generally no later than the 1970-1971 academic year. In turn, the Ministry of Education undertook to ensure the timely preparation of stable school textbooks in full accordance with the curricula and in strictly specified volumes. The maximum occupancy of classes was set to 40-35 people, successful students were awarded diplomas and medals, to strengthen educational work in school, a new position of an organizer of extracurricular and extracurricular educational work with children as a deputy director was introduced. Along with measures to improve the organization of the educational process, special attention was paid to strengthening control over the activities of educational institutions by creating a system of inspectors in public education bodies. The task was given to the Ministry of Education of the USSR, the Ministry of Finance of the USSR and the State Committee of the Council of Ministers of the USSR on Labor and Wages, to develop and submit to the Council of Ministers of the USSR proposals on the number and terms of payment of inspectors in public education bodies. It was recommended that local party bodies nominate reputable school leaders, teachers, and specialists who knew the school system well and were able to organize the dissemination of positive work experience for the positions of inspectors. This was the process of party control over the state and development of schools and school education.

The All-Union Congress of Teachers, which was held for the first time in July 1968, contributed to the special activation of the teaching activity. And the new Charter of the secondary school, approved on September 8, 1970, became a kind of completion of the reform of the transition to universal compulsory secondary education. According to the Charter approved by the Decree of the Council of Ministers of the USSR, three stages of education were introduced – primary (up to grade 3), eight-year (up to grade 8) and secondary (10 years). In 1972, by Order of the Ministry of Education, Standard Rules of Instruction for Students were also introduced. As a result of all the measures taken, the final transition to universal compulsory secondary education was carried out in 1972. This fact was fixed by Resolution №463 of the Central Committee of the CPSU and the Council of Ministers of the USSR dated June 20, 1972 "On completing the transition to universal secondary education for young people and further development of secondary schools". This resolution completed a whole multifaceted system of measures to introduce universal compulsory secondary education in the USSR and Kazakhstan.

Now let's analyze how the transition to new training programs went in particular. The difficult transition process naturally fell entirely on the shoulders of school teachers. As a result of hard work, good results were achieved. The same work was carried out in the regions. There were many experienced teachers in western Kazakhstan who achieved good results in the implementation and introduction of new primary school education programs. They are teachers like A.P.Fomicheva from Uralsk and A.A.Deryugin from the Priuralny district. The implementation of the new parameters of the changed program in history and social studies was entrusted to the leading teachers-historians – M.P.Shchelokov from Uralsk, K.A. Akhmetov and Sh.Saparova from the Furmanovsky district and A.A.Aimesheva from the Karatobinsky district, the West Kazakhstan oblast [9, p.2]. During the transition to universal compulsory secondary education in western Kazakhstan, as well as in other regions, the task of improving the academic performance of secondary school students was carried out. The teaching staff of primary school №26 in Uralsk achieved high academic performance. The Principal of the

school was M.V.Grechanina, an experienced leader and teacher. This school managed to achieve one hundred percent academic performance, which was not easy to achieve in those years of reforms. Among the eight-year schools of the studied time, sources note school №7 in Uralsk, the director was Usov. And among secondary schools there were also №12 and №17, that achieved 95% of academic performance, which was also a pretty good indicator [10, p.1]. In the same years, the first Kazakh secondary school №11 named after Saken Seifullin showed excellent qualitative and quantitative indicators. Already at that time, it was staffed by highly qualified teaching staff representing the Kazakh national intelligentsia. We are proud to name the names of excellent workers of public education: J.B.Bisenov, R.G.Vakhitov, M.M.Abdushev and others. And at the present stage of development, this school occupies a worthy place in the global educational space. We also see a qualitative characteristic of the academic performance of Uralsk school students from the analysis of available archival materials of the second half of the XX century. In particular, according to the "Annual text report of the Ural City Council for the 1956-1957 academic year". In Uralsk, 38 classes completed the academic year with 100% academic performance during the above period. Teachers in the number of 28 people have full academic performance in their subjects. In terms of subjects, archival materials indicate that these are teachers of biology, history, geography, drawing, physical education, labor and primary school teachers. And so, the following teachers achieved full academic performance in their subject during this period:

At secondary school №1: Ivanova A.D. in geography, Davydova A.N. in chemistry.

According to secondary school №3: Nesterova in biology, Mitrofanova in geography, Idrisova in history.

In secondary school №5: Vaiburin in chemistry, Sladkova in geography, Soldatov in physics, Borodin in history.

At secondary school №18 Zelentsov in literature, Pachkalin in literature, Ivanov in physics, Nelivaiko in biology.

The following schools in Uralsk had the best indicators: № 6, 8, 12, 15, 26, 30, 34. According to the schools of the city: excellent students are 589 people; graduated from school with a gold medal – 28 people; with a silver medal - 44 people. As indicated in the report, schools have achieved such high-quality results thanks to the systematic leadership of principals and heads of schools, as well as the school's skillful communication with parents and the public. At the same time, it is indicated that the main measure to improve academic performance is to conduct full-fledged lessons, general monitoring of both student performance and teacher work, timely assistance to lagging students through individual and additional classes, and of course parental control [11, p.2].

Educational reforms, updating the content of curricula put on the agenda the problem of retraining of teaching staff. Thus, the transition to a three-year period of primary education meant joining the fourth grade in terms of program and methodology to grades 5-8, which accordingly increased the total time for studying systematic courses of basic sciences by 500 lessons. And this, in turn, required retraining of teaching staff. The state has entrusted the implementation and solution of this important task to the regional Institute for Teacher Training. The Institute, fulfilling the program, conducted special 20-day courses to prepare for work in new conditions under a new program, with teachers of singing, music, fine arts, history, labor training and physical education in the fourth grades. The main purpose of the courses was to implement the transition of the fourth grades to subject-based learning [12, p.2].

Thus, as the study shows, the tasks of the reform and transition to new requirements in education fell on the shoulders of teaching staff. So, by the beginning of the introduction of new requirements, 7640 teachers were working in schools in the West Kazakhstan region. According to the level of education, 63% of them had higher and incomplete higher education

and more than 2,000 people had secondary pedagogical education. An important role belonged to the school management. The Regional Department of Education noted the principals of schools who carried out high-quality qualified education management like M.P.Shchelokova, V.D.Cherevatova, S.M. Aukhariev, I.Ya.Mitichkina, L.F.Zemyshev, A.P.Sin, I.A. Podkuiko, K.U.Utegulova, H.N.Nurumgalieva. The quality of education, of course, depended on the teachers' hard work. Honored teachers of the Kazakh SSR - M.Darishev, M.Amanzholov, M.I. Uteova, and G. Nizovkina and others worked in the schools of the region. For special services in the field of education, 50 teachers of the West Kazakhstan region were awarded the title "Honored Teacher of the Kazakh SSR", 473 were awarded orders and medals of the Soviet Union, more than 800 teachers were awarded the badge "Excellence in Public education". This is how the state assessed the contribution of each individual teacher to the common cause of the development of the educational sphere in Kazakhstan.

The transition to universal secondary education and the change in its content required the mobilization of all available reserves of school time, all the possibilities of the intellectual potential of students, as well as the full development of their cognitive activities. During the years of educational reforms of the Soviet education system, a whole school of innovative teachers was formed, who were concerned not only about the quality of students' education, but also about fostering their interest in learning, activity, independence and the elimination of educational overloads of students. Since 1979, the experience of innovative teachers began to be summarized in the form of the publication of a series of books "Pedagogical search: experience, problems, findings". In this publication, practicing teachers, innovative teachers exchanged their work experience. 354 editions of this journal were published, in which such teachers of the Soviet school of the USSR as Sh.A.Amonashvili, S.N.Lysenkova, I.P.Volkov, V.F.Shatalov and others summarized their work experience and set promising tasks for improving the education system. During this period, K.N. Nurgaliev's school was known in Kazakhstan. In the newspaper Uchitelskaya Pravda, this school was called a small model of the spiritual and intelligent world of childhood. And the collection "Anthology of pedagogical thought of Kazakhstan" includes the names of teachers Elesh Sufiev, Kenzhaly Aimanov and Kartbai Berzhanov, who were born and received pedagogical education in the West Kazakhstan region [13, p.371]. Once again, it is necessary to analyze the work of experienced teachers who headed schools in Uralsk, such as V.A.Baev and N.P.Boyko. For fifteen years, V.A.Baev worked at the Uralsk Pedagogical Institute as a senior lecturer, and then as head of the department. But his love and thirst for school did not leave him for many years, and in 1971, with the permission of the head of the Department of Science and Educational institutions of the Regional Party Committee, he returned to school. V.A. Baev was appointed new school №23 Principal, which was just under construction in Uralsk. Two years later, the experience of school №23 in Uralsk, as the best, was summarized by the West Kazakhstan Regional Department of Public Education, the Institute for Teacher Improvement and recommended for distribution. And three years later, the construction of a new building of school №7 began in the city center, the principal of which was appointed V.A. Baev. For many years, this school has been a school of pedagogical excellence for teachers in Uralsk. The experience of this school in organizing student self-government, as the best, was distributed among all schools in the city of Uralsk.

As an experienced teacher, he became a delegate to the All-Union Congress of Teachers in 1968, and the principal of school №5, N.P.Boyko. Since 1959, after graduating from the Uralsk Pedagogical Institute, he began working as a school principal. In 1968, the Uralsk Department conducted an analysis of the activities of this school, and it was recognized as the best. As a result of the analysis, a brochure was released summarizing the experience of School №5 as the best. This is the historical experience of educational institutions of the Soviet period.

Despite all the results achieved, there were also many unresolved problems. Firstly, the classrooms were overcrowded, there was three-shift training, especially in large cities, this situation began to be resolved only by the early 1970s. There were no facilities for physical education and sports. There was a great shortage of specialists, especially in rural areas. As a result, school teachers spent 40-42 hours a week instead of the required 18 hours a week. Some of the schools in the 1950s and 1960s were still in dilapidated buildings. But the main problem of the development of the education system in the second half of the twentieth century is its ideological orientation, the overload of humanitarian disciplines with the dogmas of Marxism-Leninism, the lack of dissent, strict censorship, and the lack of national interests in the development of schools in Kazakhstan. According to the 1959 census, the Kazakh population of the republic barely amounted to 30%, hence Kazakh schools were closed in a number of northern regions of Kazakhstan. The situation of Kazakh schools was very difficult. As a rule, one Kazakh school has been preserved in regional and district centers. The situation was further aggravated by the development of the national education system in the 1960s and 1980s, in connection with reforms in the economic sphere. During this period, more than 700 Kazakh schools were closed in Kazakhstan. Even in the capital of Kazakhstan, the city of Almaty, there was only one Kazakh school, the same situation was in the regions, in particular the West Kazakhstan region. All these points had a negative impact on the development of the Kazakh national school.

Conclusions. Thus, during the studied period, the system of universal secondary compulsory education in the country was formed and successfully functioned. A clear system was created, which included the training of teaching staff, various types of educational institutions that provided secondary education, the organization of education control and retraining of personnel, as well as their professional development. In addition, which is also very important, free education was introduced, which was enshrined in the main law of the Constitution.

And the main engine of progress in the education system was the teaching staff of Kazakhstan and the West Kazakhstan region, for example, such as the above-mentioned teachers N.P.Boyko, V.A.Baev, J.B.Bisenov, R.G.Vakhitov, M.M.Abdushev, as well as their other colleagues who made a great contribution to the development of the education system of Kazakhstan [14, p.1]. There were many such patriots of the pedagogical sphere in the West Kazakhstan region and in Kazakhstan as a whole. Thanks to their tireless work, the educational sphere of Kazakhstan was formed and strengthened in the 60s-80s of the 20th century in particular. And as we pointed out above, the leading principles of management and development of the educational sphere, issues of personnel policy for teacher training were formed in the education system. The issues of professional development of teachers and the exchange of best practices stood out, which has not lost its relevance in the modern education system. And the current generation should know the historical pages of the national education system of the past. However, taking into account the fact that Kazakh education in the period under study developed in the general context of transformations in the field of the Soviet system of public education. The specificity was only in the issues of teaching the Kazakh language as an academic subject in schools of Kazakhstan. Of course, it should be noted that in 1960-80 Kazakh people achieved certain successes in improving the level of education. The national intelligentsia in the field of science, enlightenment and culture was formed and developed. The enlightenment of Kazakhs of the period under consideration, as mentioned above, in Kazakhstan and in particular in the Western region was unthinkable without the teaching activity of hundreds of teachers who worked in schools of all levels. The profession of a teacher, the position of head teacher or school director was honorable and respected, and the share of educators and public education workers among Kazakhs was quite high. Many teachers showed

themselves as true professionals, highly qualified subject teachers, talented organizers and leaders of schools and other educational institutions. But, on the other hand, the entire education system was built on the directive policy of the Party and the government. By the decisions of the Party and the government, the system of public education was practically liquidated. As a result of voluntary-coercive Russification, there were serious losses in education, culture and language that the Kazakh nation suffered. Ideological scholasticism and standardization of the entire educational process without taking into account national specifics became characteristic of the content of education at all levels of educational institutions. And the main conclusion of the study is that we see the origins of alternative searches for the modern education system in the historical experience of the domestic development of the school of the studied Soviet period. But in view of the elimination of problems in the development of the Kazakh national school. Indeed, for the effective development of the state, it is necessary to implement the idea of a national education system with its traditional cultural values. After all, the Kazakh people have their own unique educational and educational system and its further development is the main task of the national school model of independent Kazakhstan.

LITERATURE

- 1 Назарбаев, Н.А. Семь граней Великой степи [Текст]. / Н.А. Назарбаев – Официальный сайт Президента Республики Казахстан, 2018 https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi
- 2 Балахметов, К.Б. Расцвет народного образования в Казахстане [Текст]. / К.Б. Балахметов – Алма-Ата: Общество «Знание», 1980. – 40 с.
- 3 Рустемов, Л.З. Подготовка педагогических кадров в условиях развитого социализма (на материале Казахстана) [Текст]. / Л.З. Рустемов – Алма-Ата: Мектеп, 1985. – 215 с.
- 4 Задорожный, Г.К. Школы Казахстана (1946-1970 гг) [Текст]. / Г.К. Задорожный, – Алма-Ата: «Наука», 1975. – 245 с.
- 5 Мукаева, О.Д. Характер и перспективы развития интернатных и полуинтернатных учреждений в Казахстане [Текст]. / О.Д. Мукаева – Алма-Ата: Мектеп, 1979. – 191 с.
- 6 Народное образование в СССР [Текст]. / под редакцией М.А.Прокофьева // Москва: Педагогика, 1985. – 448 с.
- 7 Рысбеков, Т.З., Иночкин, В.А., Ерназаров, Ж.Т., Рысбекова, С.Т. История Западно-Казахстанской области: Учебное пособие для учащихся общеобразовательных школ, гимназий, лицеев и колледжей [Текст]. / Т.З. Рысбеков, В.А. Иночкин, Ж.Т. Ерназаров, С.Т. Рысбекова – Уральск: ЗКГУ, 2015. – 316 с.
- 8 Сдыков, М.Н. История населения Западного Казахстана [Текст]. / М.Н. Сдыков – Алматы: Мектеп, 2004. – 408 с.
- 9 ГАЗКО, Ф.65, Оп.1, Д.6
- 10 ГАЗКО, Ф.65, Оп.1, Д.4
- 11 ГАЗКО, Ф.65, Оп.1, Д.5
- 12 ГАЗКО, Ф.65, Оп.1, Д.7
- 13 Калиев, С., Аюбай, К. Антология педагогической мысли Казахстана [Текст]. / С. Калиев, К. Аюбай – Алматы.: Сөздік-Словарь, 2012. – 447 с.
- 14 ГАЗКО, Ф.65, Оп.1, Д.9

REFERENCES

- 1 Nazarbaev, N.A. Sem granei Velikoi stepi [Seven Facets of the Great Steppe]. Oficial'nyj sajt Prezidenta Respubliki Kazahstan, (2018): – (In Rus)

- 2 Balahmetov, K.B. Rasvet narodnogo obrazovania v Kazahstane [The heyday of public education in Kazakhstan]. Alma-Ata, (1980): 40 s. – (In Rus)
- 3 Rustemov, L.Z. Podgotovka pedagogicheskikh kadrov v usloviah razvitogo sosializma (na materiale Kazahstana) [Training of teaching staff in conditions of developed socialism (based on the material of Kazakhstan)]. Alma-Ata, (1985): 215 s. – (In Rus)
- 4 Zadorojny, G.K. Shkoly Kazahstana (1946-1970 gg) [Schools of Kazakhstan (1946-1970)]. Alma-Ata, (1975): 245 s. – (In Rus)
- 5 Mukaeva, O.D. Harakter i perspektivy razvitiia internatnykh i poluinternatnykh uchrejdeni v Kazahstane [The nature and prospects of the development of boarding and residential institutions in Kazakhstan]. Alma-Ata,(1979): - 191s. – (In Rus)
- 6 Narodnoe obrazovanie v SSSR [Public education in the USSR]. Moskva: Pedagogika, (1985): 448 s. – (In Rus)
- 7 Rysbekov, T.Z., Inochkin, V.A., Ernazarov, J.T., Rysbekova, S.T. Istoriya Zapadno-Kazahstanskoj oblasti: Uchebnoe posobie dlya uchashchihsya obshcheobrazovatel'nykh shkol, gimnazij, liceev i kolledzhej [History West Kazakhstan region: A textbook for students of secondary schools, gymnasiums, lyceums and colleges]. Uralsk: ZKGU, (2015): 316 s. – (In Rus)
8. Sdykov, M.N. İstoria naselenia Zapadnogo Kazahstana [The history of the Western population Kazakhstan]. Almaty: Mektep, (2004): 408 s. – (In Rus)
9. West Kazakhstan regional archive. Fund 65, list 1, case 6.
10. West Kazakhstan regional archive. Fund 65, list 1, case 4.
11. West Kazakhstan regional archive. Fund 65, list 1, case 5.
12. West Kazakhstan regional archive. Fund 65, list 1, case 7.
13. Kaliev, S., Aiubai, K. Antologia pedagogicheskoi mysli Kazahstana [Anthology of pedagogical thought of Kazakhstan]. Almaty: Sozdik-Slovar, (2012): 447 s. – (In Rus)
14. West Kazakhstan regional archive. Fund 65, list 1, case 9.

БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАЛАРЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРЫ (1960-1980 ЖЖ.)

Аңдатпа. Мақаланың негізгі мақсаты – Қазақстан мен оның батыс өңірінде ХХ ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік білім беру жүйесінің дамуын талдау. Зерттеудің басты құндылығы аталған тарихи кезеңнің білім беру саласы үшін маңызды екенін көрсетеді. Дәл осы жылдары маңызды нормативтік құжаттар қабылданды, дамудың және проблемалық оқытудың негізі қаланды, оқытудың жаңа әдістері жасалды. Салыстырмалы тарихи, статистикалық және логикалық әдістерді қолдану нәтижесінде зерттеу тақырыбының негізгі аспектілері ашылды. Мақалада педагогикалық қызметтің ерекшеліктеріне және білім беру саласының жекелеген өкілдерінің қосқан үлесіне ерекше назар аударылады. Соның арқасында мемлекеттік білім беру бағдарламалары, атап айтқанда жалпыға бірдей міндетті орта білімге көшу іске асырылды, оның маңызды көрсеткіші жаңа бағдарламаларды игеру және оқушылардың үлгерімін жақсарту болды. Қойылған міндеттерге байланысты мақалада Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының мектептері бойынша білім алушылардың үлгеріміне сапалы талдау жүргізілді. Өйткені Қазақстанның білім беру саласының жалпы жағдайы өңірлердің қызметіне байланысты болды. Жаңа бағдарламаларды игерудің жақсы нәтижелері Батыс Қазақстан мұғалімдерінің тегі бойынша деректері келтірілген, кадрларды қайта даярлау және жаңашыл педагогтардың тәжірибесін жинақтау мәселелері қамтылған. Жүргізілген зерттеудің нәтижесі – кеңестік кезеңдегі білім беру жүйесін дамытудың негізгі үрдістерін анықтау, білім берудегі реформаны жүйе ретінде қарау, сондай-ақ оның он

және теріс жақтарын айқындау және Батыс Қазақстан облысының білім беру реформаларын жалпы одақтық және республикалық реформалардың ажырамас бөлігі ретінде жариялау, оның жетістіктері мен қайшылықтарын айқындау. Білім беру жүйесіндегі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес өзгерген нысандағы міндеттер мен проблемалар қазіргі таңда да өзекті болып қала береді. Осыған сүйене отырып, тарихи зерттеу нәтижелерін қолдану аясы – білім берудің заманауи жүйесі деген қорытынды жасауға болады. Тарихи талдау ХХ ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік білім беру жүйесі мен тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесінің міндеттері арасында салыстыру жүргізуге мүмкіндік береді, өйткені барлық тарихи кезеңдерді дамытудың негізгі мақсаты – білім беру жүйесін дамытудың жоғары деңгейін көрсету.

Кілт сөздер. Білім, мұғалім, мектеп, зиялы қауым, реформалар, кадрлар.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ КАДРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕФОРМ (1960-1980 ГГ.)

Аннотация. Основной целью статьи является анализ развития советской системы образования второй половины ХХ века в Казахстане и Западном регионе. Ценность исследования состоит в том, что данный исторический период является знаковым для образовательной сферы. Именно в эти годы были приняты важные нормативные документы, заложены основы для развивающего и проблемного обучения, созданы новые методики преподавания. В результате применения сравнительно-исторического, статистического и логического методов раскрыты основные аспекты темы исследования. Особое внимание в статье уделено характеристике педагогической деятельности и вкладу отдельных представителей образовательной сферы. Благодаря труду которых, шла реализация государственных образовательных программ, и прежде переход к всеобщему обязательному среднему образованию, важным показателем которого было освоение новых программ и улучшение успеваемости учащихся. В силу поставленных задач в статье проведен качественный анализ успеваемости учащихся по школам г. Уральска Западно-Казахстанской области. Ведь именно от деятельности регионов зависело общее состояние образовательной сферы Казахстана. Приведены пофамильные данные учителей Западного Казахстана, с хорошими результатами освоения новых программ, освещены вопросы переподготовки кадров и обобщения опыта педагогов-новаторов. Результатом проведенного исследования является выявление основных тенденций развития системы образования в советский период, рассмотрение реформы в образовании как систему, а также определение его положительных и отрицательных сторон и освещение образовательных реформ Западно-Казахстанской области как неотъемлемой части общесоюзных и республиканских реформ, определение его успехов и противоречий. Задачи и проблемы в системе образования, в изменившейся форме согласно современным требованиям, остаются актуальными и сегодня. Исходя из этого, вывод, что областью применения результатов исторического исследования является современная система образования. Исторический анализ дает возможность провести параллель между советской системой образования второй половины ХХ века и задачами системы образования независимого Казахстана, так как основная цель всех исторических периодов развития – это высокий уровень развития системы образования.

Ключевые слова. образование, учитель, школа, интеллигенция, реформы, кадры.

Нуржанова Айнагуль Канаткалиевна*¹,

заң ғылымдарының магистрі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162,
aina_ask@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-9818-516X

Серикова Лаззат Сериковна

тарих ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162,
Lyaz_76@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3957-7531

ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. Мақалада қоғам өмірін реттейтін заңдар мен нормаларды қалыптастыру және дамыту процесі туралы сөз қозғалады. Бұл процесс адамзат тарихында демократияның алуан түрлі формалары (өкілдік, тікелей, көппартиялық), республикалық басқару нысаны, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының конституциялық кепілдіктері, тәуелсіз соттар, еркін және ашық сайлау сияқты орын алады және әртүрлі билік институттарын, қоғамды басқару тетіктерін, адам және азамат құқықтарын қалыптастырумен байланысты. Қоғамдық-саяси институттарға мемлекет, заң шығарушы, атқарушы және сот билігі, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар және азаматтардың қоғам алдындағы құқықтары мен міндеттері жүйесі сияқты элементтер кіреді. Қоғамдық-саяси институттардың тарихи құқықтық қалыптасуы қоғамдық-саяси жүйенің эволюциясын және құқықтық мемлекеттің қалыптасуын көрсетеді. Бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы, мәдениеті мен құндылықтарындағы өзгерістермен, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтары үшін күреспен байланысты мәселелер қарастырылады. Қоғамдық-саяси институттардың тарихи құқықтық қалыптасу процесі қоғам мен демократияны дамытудың маңызды элементі болып табылады, өйткені ол құқықтық мемлекетті нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ықпал етеді және қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттілікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, қоғамдық-саяси институттардың қалыптасу процесі аяқталмағанын және жана жағдайлар мен уақыттың қиындықтарына бейімделген өзгерістер мен реформалар бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқанын атап өткен жөн.

Кілт сөздер. Мемлекет, Конституция, партия, Парламент, Үкіметі, сот жүйесі, заң шығару процесі, идеология.

Кіріспе. Мемлекет саяси аренадағы институт, бірақ мемлекеттің мәніне сипаттама берілгенде мүлдем қарсы пікірлер айтылады. Марксизм ілімі бойынша, мемлекет — қоғамның антагонистік таптарға жіктелуінің көрінісі және ол алпауыттардың (қанаушылардың) үстемдік етуінің қаруы деп есептеледі. Басқа тұжырымдама мемлекетті таптармен байланыстырмайды, ол ортақ мақсатты — «ортақ игілік» жетістіктеріне жетуді, мемлекет пен халық, ұлт, әлеуметтік топтардың өзара қатынастарын орнықтыруды, реттеуді көздейді дейді. Егер мемлекет ұғымына тарихи тұрғыдан келсек, онда аталған тұжырымдамалар бірін-бірі теріске шығармайды [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясы идеологиялық және саяси көпқырлылықты жақтайды. Идеологиялық көпқырлылық дегеніміз әр түрлі, тіпті, бір-біріне қарама-қарсыға дейінгі идеологиялық көзқарастар мен ағымдардың өмірде орын

алып, әрекет етуіне жол ашылуын білдіреді. Олардың заңды түрде орнығуының басты шарты мынада: идеологиялық ағымдар мемлекеттік идеологияға айналуының түпкілікті құқығын иеленуге үміттенбеуі, конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді көздемеуі, республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, діни, топтық-тектік және нәсілдік алауыздықтың отын тұтатуға бағытталған идеялар мен көзқарастарды насихаттамауы тиіс. Бір идеология - маркстік идеология үстемдігінің жойылуы сөз жоқ, қоғамдық санаға оң әсер етті, сананы бір идеологияның «бас айналдырған» елес дүниесінен, сыңар жақ ойлаудан арылтты және қоғамның идеялық дамуына игі ықпал етті [2].

Саяси көп қырлылық әр түрлі саяси партиялар мен ұйымдардың сондай-ақ негізгі саяси партиялар мен ұйымдардың өзара әрекеттері мен тепе-теңдігіне негізделген билік жүйелерінің өмір сүретіндігін білдіреді. Саяси және идеологиялық көпқырлылық — бір-бірімен өзара байланысты құбылыс. Саясатты адамның, таптардың, көпшілік пен тұтас қоғамның санасынан, олардың мүдделерінен, қажеті мен дүниетанымынан бөліп алуға болмайды, сондықтан идеология мен саясат тікелей сіңісіп кетеді. Нақты саясатты, әдетте, идеологияның қолдаушысы, «тудырушысы» және дем берушісі болып табылатын саяси партиялар жүзеге асырады. Нақты саясат әр түрлі идеялардың күресі, қалыптасуы процесінде жүзеге асады. Бұл, алайда, идеологиялық соқыр сенімді, саясаттың идеяландырылуын білдірмеуі тиіс. Егер идеялық факторға түпкілікті мән берілсе, идеология мен саясаттың табиғи өзара әрекеті идеологияны саясатқа агрессивті ұштасуға айналдыруы мүмкін. Идеяландырылған саясат айтарлықтай әр түрлі мазмұнда — либералдандырудан ашық реакциялыққа дейінгі мазмұнда болуы мүмкін. Бұл заң шығару процесіне де әсер етуі мүмкін. Егер қоғамда сыңар жақ идеяландырылған саясат басым болса, онда ол мемлекет қызметінде әр қырынан тікелей көрініс табады. Жалпы мүддені қорғауға, қоғамның дамуына бағытталған мұраттар мен құндылықтар мемлекет тарапынан оң акцияларды тудыратын болады. Әсіресе, идеология агрессивті идеялар, көзқарастар авторитарлы, тоталитарлы режимді, қуғындау мен дағдарысты тудыруы мүмкін.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазіргі Қазақстан мемлекеті — ерекше тарихи оқиғалардың жемісі. 1917 жылғы Қазан социалистік революциясынан кейін Қазақстан аумағында саяси автономия — Қазақ Автономиялық социалистік республикасы құрылды. 1936 жылы Қазақ АСР-ы Қазақ одақтас республикасы болып қайта құрылды. Қазақ одақтас республикасы 1937 жылғы Конституция бойынша жұмысшылар мен шаруалардың социалистік мемлекеті болып есептелді. Қазақ КСР-ының 1978 жылғы Конституциясында «бүкіл халықтық социалистік мемлекет дегеніміз республикадағы барлық ұлттың жұмысшыларының, шаруаларының және интеллигенциясының, еңбекшілерінің еркін білдіруші» деп жазылды. Айтылғаннан көрінгендей, Қазақстан КСРО-ның құрамындағы мемлекет. Одан әрі Қазақстан мемлекетінің таптық мәні баяндалды.

Қазақстанды мемлекет деп тануға мүмкіндік беретіндей негізгі шартты белгілері: елінің аумағы, өзінің Конституциясы, өзінің Парламенті, Үкіметі, сот жүйесі, елінің азаматтығы және басқа атрибуттары болды. Іс жүзінде аумақ одақтық органдардың шешімімен өзгертілетін болды (мысалы, Оңтүстік Қазақстанның бір бөлігі Қазақстан халқымен келіспей-ақ Өзбекстан Республикасына берілді, оның теріс зардаптары болды). Қазақ КСР-ының Конституциясы КСРО Конституциясының кешірмесі дерлік еді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған заңдар одақтық заңдардың тұжырымдамаларына негізделді. Қазақ КСР Үкіметі демократиялық орталықтандыру принципімен, яғни, одақтық үкіметке сөзсіз бағыну принципімен жұмыс істеді. Қос

азаматтық — республиканың және КСРО-ның азаматтығы болды. Мемлекеттіліктің басқа атрибуттары да одақтық мемлекеттің бөліктері болды [3].

Шын мәнінде, Қазақ КСР-ын мемлекет деп есептеуге негіз болмады, яғни, дербес, тәуелсіз және егемен саяси ұйымы бар мемлекет болған жоқ.

КСРО-ның ыдырауымен Қазақ КСР-ы дербес, егемен мемлекетке айналды. 1991 жылы тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі бес жылдың ішінде Қазақстанда мемлекеттіліктің негізгі атрибуттарын қалыптастыру процесі жүрді. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы дербес мемлекеттің барлық белгілерін қалыптастыру процесінің аяқталғанын белгіледі деп толық сеніммен айтуға болады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында мемлекет ұғымы әр қырынан қаралады. Конституцияның 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған [4]. Біріншіден, Конституция бойынша мемлекет өзін қоғамды құрудың белгілі бір саяси нысаны ретінде көрсетеді. Қоғамды бұлайша құру онда тұратын халықтың белгілі бір аумағының (мемлекеттілік байырғы қазақ жерінде құрылады) болуымен сипатталады. Екіншіден, Конституция орныққан мемлекетті демократиялық, яғни, халық билігіне негізделген мемлекет деп сипаттайды. Қазақстанның мемлекетті халықтық дей отырып, оған таптық реңк берген 1978 жылғы Конституциясынан Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының ерекшелігі ол мемлекетті белгілі бір таптың қаруы ретінде танымайды, халық біртұтас әлеуметтік-саяси құбылыс деп есептейді. Мұндай түсінікте демократия халық билігі ретінде формальды түрде бастапқы мәнге ие болады. Үшіншіден, Конституция мемлекетті мемлекеттің жоғары және жергілікті органдарының жүйесі ретінде бейнелейді. Сондықтан да Конституция мемлекеттік биліктің барлық негізгі буындарына сипаттама береді. Конституция барлық мемлекеттік механизмді сипаттамайды. Ол оның негізгі сұлбасын бейнелей отырып, өмір сүреді және тұрақты қызмет етеді, оның құрылу, басқару нысандарын сипаттайды. Төртіншіден, Конституция мемлекетке құқықтық норма шығармашылық қызметті бөліп береді. Халық мемлекеттік биліктің бастауы болып табылғанымен және тиісінше маңызды нормативтік актілер қабылдай алғанымен, құқықтық ұлттық жүйесін тек мемлекет қана қалыптастырады. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген құқығы тек референдум арқылы халық қабылдаған Конституциядан ғана емес, сондай-ақ заңдардан және мемлекет органдары қабылдайтын басқа да нормативтік актілерден тұрады. Басқа ешбір қоғамдық-саяси бірлестіктер, Кеңес мемлекеті кезінде болғандай, енді дербес те, мемлекеттік органдармен бірігіп те нормативтік құқықтық актілер қабылдай алмайды. Сөйтіп, мемлекеттің дербес мәртебесі бекітіледі және бір саяси партия тарапынан мемлекетке басшылық жасау мүмкіндігінің, саяси партияның үстемдігін белгілеу мүмкіндігінің жолы кесіледі. Бесіншіден, Конституцияға мәжбүрлеу шарасын тек мемлекеттің ғана иеленетіндігі, биліктің мәжбүрлеушілік сипаты тек мемлекетке ғана тән екендігі туралы қағида айтылады. Қоғамның басқа ешбір саяси институты мәжбүрлеу қызметін жүргізе алмайды. Мақсаты мен әрекеті конституциялық құрылысты және басқаларын күштеп өзгертуді көздейтін ұйымдар құруға тек мемлекет қана тыйым салады. Қандай әрекеттің қоғам үшін, адамдардың өмірі, денсаулығы, ар-намысы мен қадір-қасиеті үшін қауіпті болып табылатындығын тек мемлекет қана белгілей алады. Тек мемлекетке ғана мәжбүрлеу шараларын қолдануға өкілеттік берілген [5].

Нәтижелер және оларды талқылау. Қазақстан Республикасы Конституциясының көптеген ережелері елдің демократиялық мемлекет ретіндегі

мәртебесін растайды. Ресми демократияда мүмкіндіктер нақты демократияда да болуы мүмкін, мұнда кепілдіктер максималды мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Қазақстан мемлекетінің демократиялық сипаты мемлекет басшысының, Парламенттің және жергілікті өкілді органдардың депутаттарының сайлануын қоса алғанда, конституциялық қағидаттармен айқындалады. Мемлекеттің жұмыс істеуінің негізгі принциптерінің бірі-референдум өткізу және Парламентте дауыс беру сияқты оның өміріне қатысты маңызды шешімдерді демократиялық әдістермен қабылдау. Қазақстан мемлекетінің демократиялылығы Конституцияда халықты, сондай-ақ жекелеген азаматтардың заңды мүдделерін қорғауды жақтайтын Әлеуметтік және Ұлттық азшылықтарды сайлауға және олардың атынан өкілдік етуге мүмкіндік беретін демократиялық стандарттарды белгілеу арқылы көрінеді.

Сонымен қатар, Қазақстан мемлекетінің демократиялылығы демократиялық қағидаттарды сақтай отырып референдум өткізуді ұйымдастыруда да көрінеді. Референдум өткізудің негізгі қағидаттарына азаматтардың ерікті қатысуы, еркін және ашық пікір білдіру, сондай-ақ жасырын дауыс беруге тең, әділ және тікелей қатысу құқығын беру жатады. Конституцияға, конституциялық заңдарға және республика заңдарына өзгерістер мен толықтыруларға қатысты мәселелер референдумға шығарылуы мүмкін. Сондай-ақ, референдумда мемлекет өмірі үшін маңызды мәселелер қарастырылуы мүмкін.

Қазақстан мемлекетінің демократиялылығы азаматтар мен олардың бірлестіктерінің басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде мемлекеттік органдарға жәрдем көрсету мүмкіндігінен де көрінеді, бұл олардың мүдделерін қорғауға ықпал етеді. Ол үшін Конституцияда демократиялық саяси режимді қоса алғанда, белгілі бір шарттар белгіленген.

Саяси режим-бұл қоғамдағы саяси билікті жүзеге асырудың тәсілдері мен формаларының жүйесі. Саяси режим мемлекеттің негізі, оның ұйымдық нысандары ретінде анықталады, оларды қоғам мен жеке адамдар, ең алдымен конституциялық құқық принциптері реттейді. Саяси режим конституциялық нормалардың нақты орындалуын айқын көрсетеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы саяси режимнің демократиялық нысанын бекітеді [7].

Билік ету принципі мемлекеттің демократиялық құрылымының негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес елдегі мемлекеттік билік бақылау және тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып, биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну қағидаттарын ескере отырып, Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.

Тежемелік және тепе-теңдік жүйесі мемлекеттік органдар билікті теріс пайдаланудың алдын алу үшін өз өкілеттіктерін бұзған жағдайда жазасыздыққа сене алмайды деп болжайды.

Ұлттық және халықтық егемендіктің орнауы мемлекеттің демократиялығын көрсетеді.

Ұлттық егемендік ұлттың өз тағдырын иелену және мемлекеттік, экономикалық және рухани сияқты әртүрлі салаларда өзін-өзі тану қабілетінен көрінеді. Заманауи Қазақстанда ұлттық егемендіктің өзіндік ерекшеліктері бар. Елде тек бір ұлт - қазақ халқының өз аумағында сан жылдар бойы тарихи қалыптасқан жерінде тұрады. Әлемде бірнеше миллион қазақ диаспорасы тұрғанымен, әлемдегі ешбір елде қазақ ұлты жоқ. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы "байырғы қазақ жерінде мемлекеттіліктің құрылуын" мойындай отырып, осы тарихи фактіні көрсетті. Демек, қазақ ұлтының өз ұлттық мемлекетін құру мүмкіндігін қоса алғанда, мемлекеттілік саласында өзін-өзі анықтауға заңды құқығы бар.

Этникалық топтардың өз ұлттары тұратын байырғы Отаны бар. Олардың барлығы Қазақстан Республикасының азаматтары бола отырып, мемлекеттік сала шеңберінде өзін-өзі тануға құқылы. Қазақстанда өз ұлты болмаса да, жергілікті халықтың бір бөлігі ретінде басқа мемлекеттермен саяси-құқықтық қатынастарды сақтай алады. Бұл өзін-өзі анықтау тек қазақ халқына ғана емес, еліміздің барлық халықтарына да қатысты екенін білдіреді. Саяси контексте ұлттық егемендік мемлекеттік билік пен егемендіктің қайнар көзі бола отырып, халықтық егемендікпен біріктірілген. Осылайша, ұлтаралық қатынастардағы шиеленіс қаупі жойылды [8].

Ұлттық егемендікті талқылау үшін алдымен оның мәні мен тұжырымдамасын түсіну қажет. Әлем елдерінің конституцияларында бұл туралы түсінік кездесіп отырады. Мысалға, Франция республикасының 1958 жылғы 4 қазандағы Конституциясымен шектелетін, оның «Егемендік туралы» бөлімінде былай делінеді: «Ұлттық егемендік оны өздерінің өкілдері арқылы және тікелей референдуммен жүзеге асыратын халыққа берілген». Бұл жерде халықтық егемендікті мемлекеттік егемендікпен шектей отырып, бірі бірінен бастау алады. Сонымен бірге мемлекеттік егемендік мемлекеттік механизм арқылы жүзеге асырылады. Жаңа Қазақстанда «халық» ұғымы КСРО құрамында болған кездегі «халық» ұғымынан айтарлықтай ерекшеленіп отыр. Сол замандағы Қазақстан халқы КСРО халқының құрамдас бір бөлігі болды. Сонымен бірге заңда Қазақстан халқы ұғымы да болды. Қазақ КСР-ының Конституциясында (1978): «Қазақ КСР-ында бүкіл билік халық иелігінде. Халық кеңестері депутаттары арқылы мемлекет билігін халық жүзеге асырады» (2-бап). Егемендік туралы Декларацияның қағидаларында мынадай анықтама беріледі: «Республиканың барлық ұлттарының азаматтары Қазақстан халқын құрайды, және ол егемендіктің бірден-бір қолдаушысы және Қазақ КСР-ындағы мемлекеттік биліктің бастауы болып табылады, мемлекеттік билікті тікелей, сонымен бірге өкілетті органдар арқылы жүзеге асырады» (4-бап).

1991 жылдың 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық Заңы қабылданды, заң тұнғыш рет қазақ ұлтының тарихи, саяси аренадағы рөлін көрсетті [9].

Республиканың барлық ұлт өкілдерінің тарихи тағдырлары қазақ ұлтымен біртұтас ұштасады, өйткені халық егемендік пен мемлекеттік биліктің нышаны болып табылады (6-бап). Заң халықтық егемендіктің тұпқазығы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы «Біз, Қазақстан халқы... «деген сөздермен басталады. Алайда, бірінші тармағында былай делінеді: «Өзін-өзі танитын қазақ ұлтының мемлекеттілігінің нысаны ретінде Қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматтары құқығының теңдігін қамтатасыз етеді». Аталған қағидалардың арасында қандай да бір қарама-қайшылық жоқ деп айта аламыз ба? Егер халық мемлекеттік егемендіктің қолдаушысы болып табылса, онда КСРО-ның ыдырауына байланысты Қазақстан аумағында пайда болған мемлекетте республика тұрғындарының жартысына жуығын құрайтын бір қазақ ұлты ғана емес, көптеген ұлттық топтардан тұратын бүкіл халықтың өзін-өзі тануының нәтижесі болып табылады. Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясын қайта қарауға жаңа Конституцияның жобасын әзірлеуге, міне нақ осы басты себептердің бірі болды. Жаңа Конституция жобасында қолданылып жүрген 1993 жылғы Конституциядағы мынадай: «қазақ мемлекеттілігінің мызғымастығы...», «Қазақстан Республикасы өзін-өзі танитын қазақ ұлтының мемлекеттілігінің нысаны ретінде» деген қағидалар алып тасталды [10]. 1993 жылғы Конституция өте маңызды осы қағидалардың алып тасталуы, қолдау көрмеген пікірлер болғанымен, қарсылық немесе қайсыбір ұлттық ауқымда қарсы әрекет

тудырған жоқ. Тарихқа айналған осы бір факті, әлбетте қолдау тапты. Қазақстанда мемлекеттің саяси ұйымы ретінде қалыптаса бастағанын сезіну қазақ ұлтының саяси және құқықтық санасының осыншама биік деңгейге көтерілгенінің белгісі болғандығын көре аламыз [11].

Заң талабын сақтай отырып, азаматтар, әрине, өзінің мемлекет алдындағы жауапкершілігін сезінуі тиіс. Алайда, бұл жауапкершілік тек бір жақты ғана сипатта болады деген сөз емес. Тек азаматтар ғана мемлекет алдында жауапты емес, сонымен бірге мемлекет те өз азаматтары алдында жауапты. Бұрын азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің азаматтарға деген сыйындай сезілетін. Шын мәнінде, құқықтар мен бостандықтар заңмен бекітілген табиғи құқықтар мен бостандықтар. Тіпті, мемлекет таныған құқықтар мен бостандықтардың өзі объективті түрде белгіленген. Мемлекет оларды қорғау, олардың жүзеге асырылуы үшін жауап береді. Мемлекет, оның органдары, мекемелері, лауазымды адамдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі тиіс, сонымен бірге олар оны таптарға, әлеуметтік қабаттарға, ұлттық топтарға бөлмей бүкіл қоғамға қызмет етуі қажет. Ол нақ адамға қызмет етуі, солардың заңды құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызды сипаттарының бірі, оның 1-бабында былай делінген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».

Мемлекет дамыған ұлттық құқықтық жүйе болған жағдайда ғана емес, оны тиімді іске асырған кезде де құқықтық болып саналады.

Мемлекеттің құқықтық сипаты оның халықаралық құқықпен өзара іс-қимылымен және неғұрлым демократиялық, прогрессивті және гуманистік құқықтық тұжырымдамаларды енгізу қабілетімен анықталады. Бұл мәселеге Қазақстан Республикасының Конституциясы айрықша мән береді [12]. Осы мәтінге сәйкес Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын ұстанатынын атап өтуге болады.

Қазақстан халықаралық құқықты, қағидаттар мен нормаларды құрметтейтінін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттар оның ішкі заңдарымен салыстырғанда басым мәнге ие және іске асыру үшін жекелеген заң қабылдауды талап ететін халықаралық шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, Қазақстанда қабылданған халықаралық шарттар ұлттық заңнамадан басымдыққа ие және оларды орындау үшін халықаралық келісімде көзделгендей арнайы заң қабылдау қажет болған жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

Конституцияның бұл нормалары мемлекеттің құқықтық құрылымының негізгі қағидаттары болып табылады.

Қорытынды. Бүгінде біз бәріміз елімізде болып жатқан орасан зор өзгерістердің қатысушылары мен куәгерлеріміз. Өйткені, Негізгі Заңның жаңаруын талап еткен елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгерткен ауқымды реформалар. Осы жылдар ішінде Конституция мемлекеттің табысты дамуының берік іргетасына және Қазақстан Республикасының ұлттық құқықтық жүйесінің негізіне айналды.

Саяси институттар биліктің тұрақтылығы, реформалардың жоспарлылығын, кезеңділігін, биліктің әр тармағының саясатының сабақтастығын қамтамасыз етті. Нәтижесінде қоғамда саяси тұрақтылық сақталды. Біз үшін аксиома мемлекеттік биліктің қайнар көзі Қазақстанның біртұтас халқы болып табылатындығы болды,

сондықтан оның мәні бойынша іс-әрекеттің мақсатқа бағытталуы бойынша билік оның мүдделеріне қызмет ету үшін күшті және үйлесімді болуы керек.

Сіз бен біз тарихи кезеңде тұрмыз, елдің бүкіл саяси ландшафты өзгеріп, "жаңа Қазақстанды" бірге құру мақсаты: заңның үстемдігі, демократиялық процестерді күшейту және биліктің бөлінуін күшейту, тежеу мен тепе-теңдік механизмі" қоғамдағы сенімділікті арттырудан тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Аристотель, Саясат [Текст] / Аристотель – Алматы: Атамұра, 2001. – 182-б.
- 2 Сапарғалиев, Ғ. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: оқулық [Текст]. / Ғ. Сапарғалиев – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 520 б.
- 3 История государства и права Советского Казахстана [Текст] / Алма-Ата, 1-6., 172-б.
- 4 Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды [Текст] / Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996. – N 4. – 217-құжат
- 5 Амандыкова, С.К. Конституционное право Республики Казахстан: учеб.пособие [Текст] / С.К. Амандыкова – Караганда: Болашақ-Баспа, 2006. – 192 с
- 6 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы [Текст] // «Егемен Қазақстан», 2012, № 828-831
- 7 Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет турлы теориялар [Электронды ресурс] — URL:<https://kitaphana.kz/refkaz/212-zan/2971-azammattik-kogam.html>
- 8 Назарбаев, Н. Тарих толқынында [Текст] / Н. Назарбаев – Алматы: Атамұра, 1999. – 13 б.
- 9 Жоламан, Қ. Д., Мұхтарова, А.Қ., Тәукелев, А.Н. Мемлекет және құқық теориясы [Текст] / Қ. Д. Жоламан, А.Қ. Мұхтарова, А.Н. Тәукелев – Алматы, 2003. – 45 – 57 б.
- 10 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы [Текст] // Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары, 1991. – N 51 – 622-құжат
- 11 Саяси партиялар туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі N 344 Заңы [Текст] // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002. – N 15 – 153-құжат
- 12 Конституционное право Республики Казахстан: учебник [Текст] / Сост. д.ю.н., проф. А.Т. Ащевлов – Алматы: КазГЮУ, 2001. – 640 с.

REFERENCES

- 1 Aristotel', Sayasat [Politics]. Almaty: Atamura, (2001):182-b. – (In Kaz)
- 2 Sapargaliev, G. Kazakhstan Respublikasynyn konstituciyalık kukugy: okulyk [Constitutional law of the Republic of Kazakhstan: textbook]. Almaty: Zheti zhargy, (2004): 520 b. – (In Kaz)
- 3 Istoriya gosudarstva i prava Sovetskogo Kazahstana [The history of the state and law of Soviet Kazakhstan]. Alma-Ata, (1-6):172 b. – (In Rus)
- 4 Kazakhstan Respublikasynyn Konstituciyasy: Konstituciya 1995 zhyly 30 tamyzda respublikalyk referendumda kabyldandy [Constitution of the Republic of Kazakhstan: the Constitution was adopted at the republican referendum on August 30, 1995]. Kazakhstan Respublikasy Parlamentinin Zharshysy, (1996): N 4, 217-kuzhat – (In Kaz)
- 5 Amandykova, S.K. Konstitucionnoe pravo Respubliki Kazahstan: ucheb.posobie [Constitutional law of the Republic of Kazakhstan: studies.stipend]. Karaganda: Bolashak-Baspa, (2006):192 s – (In Rus)

6 «Kazakhstan-2050» Strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty» KR Prezidentinin Kazakhstan hallhyna Zholdauy [Strategy" Kazakhstan-2050 "new political course of the established State" address of the president of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan]. «Egemen Kazakstan», (2012): № 828-831 – (In Kaz)

7 Azamattyk kogam men kuckytky memleket turly teoriyalar [Theories of civil society and the rule of law], Electronic resource – (In Kaz)

8 Nazarbaev, N. Tarih tolkynynda [Tarih tolkynynda]. Almaty: Atamura, (1999):13 b. – (In Kaz)

9 Zholaman, K. D., Muhtarova, A.K., Taukelev, A.N. Memleket zhane kuckyk teoriyasy [Theory of state and law]. Almaty, (2003): 45 – 57 b. – (In Kaz)

10 «Kazakhstan Respublikasynyn memlekettik tauelsizdigi turaly» Kazakhstan Respublikasynyn Konstituciyaalyk zany [“Constitutional law of the Republic of Kazakhstan” on state independence of the Republic of Kazakhstan]. Kazakh SSR Zhogargy Sovetinin vedomostary, ~-(1991): N 51, 622- kuzhat – (In Kaz)

11 Sayasi partiyalar turaly Kazakstan Respublikasynyk 2002 zhylygy 15 shildedegi N 344 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on political parties dated July 15, 2002 No. 344]. Kazakhstan Respublikasy Parlamentinin Zharshysy, (2002): N 15, 153- kuzhat – (In Kaz)

12 Konstitucionnoe pravo Respubliki Kazahstan: uchebnik [Constitutional law of the Republic of Kazakhstan: textbook]. Almaty: KazGYUU, (2001): 640 s. – (In Rus)

ИСТОРИЧЕСКОЕ ПРАВОВОЕ СТАНОВЛЕНИЕ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ИНСТИТУТОВ

Аннотация. В статье речь пойдет о процессе формирования и развития законов и норм, регулирующих жизнь общества. Этот процесс происходит в истории человечества, такие как многообразные формы демократии (представительная, прямая, многопартийная), республиканская форма правления, конституционные гарантии прав и свобод граждан, независимые суды, свободные и прозрачные выборы и связан с формированием различных институтов власти, механизмов управления обществом, прав человека и гражданина. К общественно-политическим институтам относятся такие элементы, как государство, законодательная, исполнительная и судебная власть, политические партии, общественные движения и система прав, обязанностей граждан перед обществом. Историческое правовое формирование общественно-политических институтов отражает эволюцию общественно-политической системы и формирование правового государства. Речь идет о вопросах, связанных с изменениями социально-экономического положения, культуры и ценностей общества, а также борьбой за права и свободы граждан. Процесс исторического правового формирования общественно-политических институтов является важнейшим элементом развития общества и демократии, так как способствует укреплению правового государства, развитию граждан. Также следует отметить, что процесс становления общественно-политических институтов не является завершенным и продолжается и по сей день, с изменениями и реформами, адаптированными к новым условиям и вызовам времени.

Ключевые слова. Государство, Конституция, партия, Парламент, правительство, судебная система, законодательный процесс, идеология.

HISTORICAL LEGAL FORMATION OF SOCIO-POLITICAL INSTITUTIONS

Abstract. The article will focus on the process of formation and development of laws and regulations governing the life of society. This process takes place in the history of mankind, such as diverse forms of democracy (representative, direct, multiparty), republican form of government, constitutional guarantees of the rights and freedoms of citizens, independent courts, free and transparent elections and is associated with the formation of various institutions of power, mechanisms of governance of society, human and civil rights. Socio-political institutions include such elements as the state, legislative, executive and judicial authorities, political parties, social movements and the system of rights and obligations of citizens to society. The historical legal formation of socio-political institutions reflects the evolution of the socio-political system and the formation of the rule of law. We are talking about issues related to changes in the socio-economic situation, culture and values of society, as well as the struggle for the rights and freedoms of citizens. The process of historical legal formation of socio-political institutions is an essential element of the development of society and democracy, as it contributes to the strengthening of the rule of law. It should also be noted that the process of formation of socio-political institutions is not complete and continues to this day, with changes and reforms adapted to new conditions and challenges of the time.

Key words. State, Constitution, party, Parliament, Government, judicial system, legislative process, ideology.

ҒТАХА 17.82.10

DOI: <https://doi.org/10.62724/202430201>

Мүтиев Зейнолла Жақсылыкович¹

Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 090006,
Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, zinulla_mutiev@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0003-4121-4171

Мұханбетова Жангүлім Өтепбергенқызы²

Педагогика ғылымдарының магистрі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162,
Janim.03.95@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7226-7746

Курмашева Гулжанат Саясатқызы^{*3}

Педагогика ғылымдарының магистрі, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194,
Kurmashева.gulzhanat@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-2683-3541

**ІЗТАЙ МӘМБЕТОВТИҢ «САЛ САРЫ» ПОЭМАСЫ: ТАҚЫРЫПТЫҚ-
ИДЕЯЛЫҚ ІЗДЕНІС, СЮЖЕТ ҚҰРУ ШЕБЕРЛІГІ**

Аңдатпа. Мақалада қазақ поэзиясына өз үнімен келген лирик, ақын Ізтай Мәмбетовтың жыр-жинақтарынан мысалдар келтіріліп, ақын поэмалары талданып, тақырыптық-идеялық ізденістері сараланып, автор өлеңдеріне талдау жасалды. Ақынның поэмалары гуманизм, адамзаттың бейбіт өмірін насихаттау, халықтың тату тіршілігін, достықты, мәдени, тарихи құндылықтарды ардақтау сынды тақырыптарды қамтиды. Эпикалық жанрда арнайы қалам тартып жыр арнаған – Сал Сары поэманың әр тарауына байланысты оқиғаның қай бағытта өрбитіні аңғарылып, өлеңдерінен үзінділер келтірілді. Күрделі сюжетке құрылған поэма теориялық және практикалық жағынан жан-жақты қаралып, зерттеушілер тарапынан әлі де қызығушылыққа ие. Әнші-ақындар тарихынан өз орнын ойып алған Сары Батақұлының ғұмыр баянын зерделеген бұл поэманың көркемдік құндылығын, жазылу ерекшелігін жоғары бағалаған жөн. Ақын Ізтай Мәмбетовтың поэманы жазу барысында көп ізденгені, автордың еңбектері сараланғаны, ақын-салдың әр туындысының тарихымен жете таныс болғаны аңғарылады. Автордың сюжет құрудағы шеберлігі, шығармаға көркемдік мән берудегі ізденісімен қатар кейіпкерлер бейнесін ашудағы бір тәсіл - портрет-мінездеме-лері туындының қуатын арттыра түседі. Ақынның оннан астам поэмасында сюжет, композиция шеберлігі, лирикадағыдай нақтылық айқын көрсетіліп отыр.

Кілт сөздер. Эпиграф, поэма-дастан, пьеса, сюжет, композиция шеберлігі, лирика.

Кіріспе. Қазақ поэзиясына өз үнімен келген ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ізтай Мәмбетов сан қырлы қаламгер. Ақын қаламынан қазақ әдебиетінің тарихынан орын алар «Тұңғыш» (1955), «Сыр» (1958), «Табантал» (1961), «Өсиет» (1962), «Жалын» (1964), «Жол ұзақ» (1966), «Сал сары» (1970), «Тарланбоз» (1973), «Жылы жел» (1974), «Таңдамалы» (1976), «Ақпан» (1983), «Ізтай Мәмбетов» (2011) т.б. жыр жинақтары [1-12] дүниеге келді.

Ізтай Мәмбетов нәзік лирик, сонымен бірге кең құлашты эпик. І. Мәмбетовтың шығармаларының бір қырын оның поэма-дастандары толықтыра түседі. Ақынның өз

қолынан шыққан он шақты эпикалық шығармалары жарық көрді. Олар - «Көктемір», «Достық туралы аңыз», «Пугачев нөкері», «Сал Сары», «Тілші», «Пушкин мен Әміржан», «Тұңғыш Тоқай» (Ғабдулла Тоқай), «Жеңілмеген жігіт», «Бейіт сыры» және алғашқы жылдары шыққан кітаптарына енген «Жыр - Жәмила» атты лирикалық толғауы, сонымен бірге «Сырласу», «Ульянов» деген де дастандары болған.

Ақын поэмалары атауларынан аңғарылғандай әр қилы тақырыпты қамтиды. Гуманизмді, адамзаттың бейбіт өмірін насихаттау, халықтың тату тіршілігін, достықты, мәдени, тарихи құндылықтарды ардақтау - ақынның басты кредосы.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ізтай Мәмбетовтың эпикалық жанра арнайы қалам тартып, жыр арнаған. Аңған әдеби кейіпкері - қазақтың ұлттық музыка өнерінің тарихынан өз орнын алған ақын, әнші Сары Батақұлы. Ақпарат көздеріне жүгінсек «Сары Батақұлы (1863 жылы қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Талдықұм ауылында туып, 1895 жылы сонда қайтыс болған) — ақын, әнші. Әлімұлы тайпасының Шекті руынан шыққан.

Сары жасынан зерек, алғыр, ән-жырға әуес болып өсіп, ел арасында «әнші бала» атанған. Ол өлеңдерінде өз заманындағы әділетсіздікті, озбырлықты әшкерелеп, соның салдарынан қуғынға ұшыраған. Ырғыз, Орынбор, Орск түрмелерінде тұтқында болып, Сібірге айдалған. Кейін Орск маңындағы Шиелісай деген жерде қазаға ұшыраған. Оның «Дариға», «Әридай», «Дүния», «Қыс Қосан», «Сарының Сібір айдалып бара жатқандағы әні», «Туған ел» атты әндері туған елге, жерге деген сағынышты танытады. Сарының «Сарының әні», «Туған ел» атты әндері «Амангелді» көркем фильмінде пайдаланылды. Ол жөнінде А. Жұбанов «Сары» атты музыкалық пьеса (1940 жылы, либреттосы Ә. Тәжібаевтікі) жазды» [13] – деп баяндалады әнші-ақын туралы деректерде.

І. Мәмбетов бұл толғауын Ахмет Жұбановқа бағыштаған. Шығарма «Толғау», «Көкжидеде», «Абақтыда», «Бесқалада», «Орынборда», «Қуғында», «Қоштасқанда», «Жолда», «Автордан» аталатын бөлімдерден тұрады. Әр бөлімнің көтеріп тұрған жүгі бар. «Толғау» - кіріспе іспеттес оқылады.

Ертеде сері де өткен, серке де өткен,
Ел іші еміреніп еркелеткен.
Кім білсін құмары ма, мұрады ма,
Өмірін өнегелі ертектен [7, 3 б.].

(«Сал Сары»)

Қазақтың кең даласының ерте замандағы өнегелі ертегісіне көз жүгіртсек, бір өзіне мұқым ел табынған ер де, жұрт қызыққан мінезіне қыз да, бұлықсыған барлығына бай да, жарлығына ұлықсыған би де, той-думанды алқалаған ақындар да, бармағынан бал тамған күйші де, халқының қасіретін арқалаған көсем де, шешенде өткен деп толғанады ақын. Сонымен қатар жоғарыда мақтаныш тұтқан мәрттермен бірге «Ошарылып ошаққа сорлы да өткен, / Жігері күн езіле, түн езіле» екенін айтумен бірге «Талайлар түнде ұрланып, таңда жортып, / Тағдырдың көнбей кеткен тарлығына» деп те жырлайды. Авторды шығармасының бас кейіпкерінің тағдыры алаңдатқан сыңайлы.

Жас әнші рухы маған үн қатады,
Алыстан шемен сырын тыңдатады.
Қайраты құлшындырып, сүйсіндіріп,
Қайғысы қабырғама шым батады.

Жан еді ол жалындаған өртке бейім,
Көтерген өнерімен көп мерейін
Қасына қаһарлы еді қаңтар сынды
Досына дархан еді көктемдейін [7, 4 б.]

Сал Сарының бейнесін осылайша мінездеген ақын оны тағдыры өзгеше жан, әйтпесе шерге бейім, әлсіз жан деп айыптауға болмайды деген тоқтамға келеді. Көңілінің хошы болса, Сарының ауыр тағдырын жырлап беруге дайын екендігін «Кешегі арманда өткен сал Сарының / Үніне өз үніммен қосылайын» деп тұжырымдайды.

Дала тіршілігінің тынысы мен өткен дәуір үнінен және бас кейіпкерінің тағдырынан хабар сап өткен автор одан әрі негізгі оқиға желісіне ауысады.

«Көкжейдеде» аталған тарау эпиграфы Сары Батақұлы өлеңінің бір шумағымен ашылған:

Қыз қосан әр қыздардың құдайындай,
Өзге қыз судың шалшық ылайындай.
Қарама, көзің шыққыр қасқа Қосан,
Көзіңе көзім түссе, жылаймын да-ай.

(Сары)

Туынды авторы поэманың әр тарауының алдына осылайша сал Сарымен байланысты оқиғаның қай бағытта өрбитінін аңғартып, сері өлеңдерінен үзінділер келтіріп кетеді.

Көкжиденің әсем табиғатын, саф ауасын, құсқа толы шалғынды шырша тоғайын тағысын тағы көрікті жерлерін сипаттай жырлаған ақын көрнекті сөзден әдемі картина жасаған.

Көкжиде мөлдіреген көл еді бір
Қаз қонып, үйрек ұшып, өреді құр.
Қоғасын қоңыр самал қозғап ойнап,
Айдынын айлы түнде өбеді нұр [7, 5 б.].

Аталған ауылдың ірі шонжары Сидак бай айналасына ақ үйлер мен қараша үйлер аралас қонған. Сидак бай ауылына автор жастары сауықшыл, ән мен күй қаптаған ақындар мен өнерпаздар ауылы деп сипаттайды. Осы мамыражай тіршілікті кенеттен Сары салдың салған әні бұзады. Көл басында алтыбақан құрып ән шырқаған өнерпаз жастардың ғана емес, мұқым ауылдың тыныс-тіршілігін елең еткізген тұсты ақын әдемі суреттейді. Тебілмей тұрып қалған алтыбақан, шымырлап ұйыған қаймақты көл, шаңқ етіп қоя қойған таста қыран, ақсүйегін тастай қалған бала-шаға, шақшаларын қаға салған кәрілер, жаулықтарын ала салған қатындар т.б. Сарының әні еліте түседі.

Әсем келбет, асқан ажарымен талай бозбаланың арманына айналған Қосан сұлу – Сикым байдың бұла өскен қызы. Сары мен Қосанның алғаш жүздесуі осы сауық кештен басталады. Қосан қыздың портретін ақын былайша сипаттайды:

Қыз екен бидай өңді, жар қабақты,
Қара көз, қыр мұрынды, жар қабақты.
Өзгеден бойшаң біткен сұлу тұлға,
Өзіне жігіттерді сан қаратты.

Қос бұрым қос жыландай иретілген,
Қос етек бұлаң қағып сүйретілген.
Ортада тұр ойнақтап, жалт-жұлт етіп,
Құлындай қолға жаңа үйретілген.

Алайда батылы жетіп ешкім тіл қатпаған, жүрегінің дүрсілін ешкімге тыңдатпаған Қосан қыздың жастайынан қалың беріп, айттырған жері, қосағы бар екен. Сарының бейнесін ақын. «Қапсағай, ер мұрынды жігіт еді, / Келбеті көрген жанды жібітеді / Әнімен, сәнімен де сері Сары / Секілді жас қауымның гүлі тегі» - деп сомдайды. Бірін-бері сырттай білетін екі жас көзбен ұғынысып, көптің сұрап, қолпаштауымен қосыла ән

салады. Таңға созылған думан-сауықтың гүлі боп, бір-біріне ессіз ғашық болған екі жас кимай қоштасады.

Шығарманың «Абақтыда» аталған тарауына Сарының:

Батақтың баласы едім тұтқындағы,

Көмекей көрінбейді жұтқындағы.

Би-болыс арыз салып жата берші,

Менде бір қызыл түлкі бытқылдағы – деп басталатын әнінің бір шумағы эпиграф етіп алыныпты. Бұл бөлімде негізгі оқиғалар Сары сал өмірінің ауыр кезеңімен байланысты өрбиді. Бүргеге таланып, абақтының нар төсегіне таңылған Сарының көз алдынан үстем тап өкілдерінен көрген қорлық-зорлықтары зырлап өтуде. Сидақ бай қызы Қосанды жастай атастырылған Төртқараға беруге бел бел байлапты. Өзіне еркіндік сұраған Қосанға қыз әкесі иілмеді. Айтқаны: «Жан балам, бостан-босқа желікпегін / Жасыңнан не істесең де ерік бердім. / Бетіңнен қаққан жоқпын, сөккен жоқпын, / Өзіңе, өзіңе тек сеніп келдім». Буынсыз жерге пышақ ұрма, халықтың қаңқу сөзін де елемей келдім. Ата-баба салтын бұзба, бұл жасымда ұятқа қала алмаймын, «Барасың атастырған адамыңа, / Сол болмақ сыйларың да, құшарың да...». Қосан үшін әке сөзі заң, бір беттігі де көпке мәлім. Сал Сарын қанша құлай сүйсе де Қосан қыз әке ырқынан шыға алмады. Ескі салттың тұтқыны болды.

Қосан жайынан хабары бар Сары сүйгенімен оңаша жолығып кездесуді, не де болса алдынан өтуді қош көреді. Алайда Сарының түбінде Қосанға бір келерін пайымдаған шокпарлы топ жар астында тығылып жатып, салды күтіп алады. Тұтқиылдан тап болған қарулы он екі жігітке бой бермеген Сары он екі өрме бұзау тіс қамшысымен қорғанады да, күші басым дұшпандары жан-жақтан сойыл сілтеп, қаумалап, қоршап, ұстамаққа бел буған шақта, әл бермей бара жатқан соң, қойнындағы тапаншасын шығарып аспанға бір атады. Кейбірі жығылып, қайбірі қашқан жауларынан осылайша құтылған Сары сайда жасырынған Тарлан атына мініп, жауларынан аман-сау сытылып кетеді.

Алайда жергілікті би-болыстар Сары салға тыныштық бермейді. Ел ішінде жұртты сүліктей сорып жуандаған Мырзағұл болыстың озбырлығына шыдамаған Сары оны қамшының астына алады. Төртқара мен Мырзағұл, Шолан болыс сынды үстем тап өкілдері шырақ алып Сарының соңына түседі Бір түнде жалғыз ұйықтап жатқан Сарыны бір топ қарулы патша солдаттары қолға түсіп, сері абақтыдан бір шығады.

Батақ баласы Сары абақтыда ұзақ жата алмайды, түрмедегі достарының көмегімен бір таңда қашып шығады. Алысқа кетіп із суытуды қош көрген Сары кетерінде Қосай сұлуды іздепао барып қоштасады.

Поэманың «Бесқалада» аталатын келесі тарауының әлқиссасы Сарының:

Беріпті Қосан бізге мақпал қолғап,

Мен кеттім Бесқалаға басым қорғап...

Қыз Қосан, мен келгенше үйден шықпа,

Төртқара алып кетпейді сені зорлап

- деп келетін ән-жырының бір шумағы алыныпты. Бұл тарауда негізгі оқиға Сарының жат елдегі яки қарақалпақ жеріндегі тірлігі баяндалады. Туысқан, ағайын саналатын Қоңырат елі, Хорезм, Шымбай жұрты ақын сал Сарыны жатырқамай қарсы алып, ән-жырын тыңдап, құрмет көрсетеді. Өзі де қарақалақ елінің тарихи шежіресінен біраз мағлұмат алып, Бердақтың жыр-қосықтарын жергілікті жыраулардан тыңдап, қанығады. Бас тіреп барған жұрттың той-топыр, сауық-жиынына қатыса жүріп, бір тойға Ақтөбеден келген қонақ аузынан Қосан сұлудың Төртқараға ұзатылғанын естіп қайғырады. Әсем ән-жырымен жастардың қимасына айналған Сарыны барған елінің сый-құрметіне бөленеді, Әйтседе сүйген қызының тағдырына алаңдағын Сары ауыл ақсақалынан еліне қайтуға рұқсат сұрайды. Жастар жағы қимағанмен, әнші-ақынның

тағдыр-талайынан әбден қанық абыз қария Сарыға батасын береді. Жат жерде бауыр басып қалған қарақалпақ, өзбек, қазағы бар бір көш жерге дейін қимастықпен шығарып салады.

«Орынборда» аталған тарауда Сарының туған еліне жетіп, ағайын-тумамен қауышпа баяндалғанымен, Мырзағұл сияқты ескі жаудың алдауына түсіп, жапа шегуі де шығарма желісін қоюлата түседі. Арнайы шақырушы жүгіртіп Сарыны алдына алдырған Мырзағұл қылығын ақын:

Айтыпты: «Ашуы жоқ, ағайынбыз,
Кешірдік тентектігін толайым біз,
Дәм тата, кеңес құра келіп кетсін,
Табармыз өзге істің орайын біз» [7, 27 б.].

- деп келтіреді. Жаман ойын ішіне бүккен Мырзағұл: «Мен кештім, артық кетсем, сен де кешір, / Тимесін екеумізден елге кесір» - деп жақауратады. Мырзағұлдың айтқаны: «Патша әйелі ұл тауып, сол қуанышына орай ертеректе кінәлі болғандарды кешіріп жатыр екен, сен де барып басыңа еркіндік алып қайт» - деген желеумен Сарыны Орынборға жұмсайды, Өзге де Шолан бастаған болыс-әкімдер Мырзағұлды қостап, Сарыны еріксіз көндіреді. Ақталып қайтса, Алтон елін Сары билеп-төстеп басқарады деген де әңгімелер айтылады. Бұлардың айтқандарына сенерін де, сенбесін де білмей отырған Сарыға ағай-тумалары да араласа кетеді:

«Соңыңнан сөз етпестей етіп қайт» - деп,
Қоймады бүкіл Атон ағайын да.

Алайда Орынбор жандаралы өңкей толған арыздарды қарап отырып Сарыға келгенде: «Батақов Сары арызы» дегенді оқып, / Селк етті қатып-семген жаны ызбарлы».

Сонан соң алды арызын Мырзағұлдың
Он жазған ішінде тек жыл жарымның,
«Бұзақы, ұры, қашқын, кісі өлтірген,
Сібірде орны депті бұл залымның».

«Ә, бәлем, түстің бе өзің келіп қолға,
Салайын сені шықпас берік торға?» -
Сарыны жаптырды да абақтыға,
Мырс етіп бір қисайтты бөрікті оңға [7, 29 б.].

Осылайша Мырзағұлдың алдау-арбауына түсіп, түрмеден бір-ақ шыққан Сарының жайынан хабардар болып жатқан тағдырлас жолдастары оның біраз әндерімен танысады. Сал серіге көпшілігі құрметпен қарап, аяушылық та білдірді. Тұтқындар Ақ Жайық өзенінен пароммен өтіп арғы бетте жұмыс жасайтын. Бір күні паром кешігіп келіп, күзетшілер жанталасып жатқан сәтті пайдаланып Сары суға сүнгіп кетеді. Абдырап қалған күзетші солдаттар оқты қарша жаудырғанымен, басқа тұтқындарды тастап Сарыны қуып кете алмайды. Сөйтіп Сары Орынбор түрмесінен қашып шығып, бас сауғалайды. Жақтастары Сарының құтылып кеткеніне қуанса, оны сатқандардың көңіліне қорқыныш ұялайды.

Поэманың келесі тарауы «Қуғында» атауынан аңғарылғандай Сарының ел ішіндегі сергелдең өмірі суреттеледі. Қуғынға ұшыраған ақынды, ел-жұртының сүйіктісіне айналған әншіні халқы ізіне, соңына түскен жауларының жасырып, құтқарып отырады. Әсіресе Самырат есімді азамат ақын Сарыны үйіне паналатып, ас-суын дайындап күтімге алады. Алайда бұл тыныштық уақытша екен. Кенеттен тап болған әскер тобы Сарыны қолға түсірмекші болады. Тарлан атының жүйріктігі арқасында Сары қашып құтылғанымен кесірі Самыратқа тиеді. Қашқынды паналатты деген желеумен патша жандайшаптары Самыратты соққының астына алады. Болған жәйттен хабардар болған

Сары Самырат ауылына қайта оралып, өзінің кесірі тигені үшін кешірім сұрап, осының бәріне кінәлі Мырзағұл болыстан кек алатынын айтады. Самыраттар болса олай етудің екі ел руының арасын ушықтыратынын айтып, Сарыны сабырға шақырады да, сақтық үшін уақытша бой тасалай тұруды ұсынады. Көпшілік ұйғарымын құп алған Сары сері Табын жұртына бет түзеді. Өзінен бұрын әні жеткен Сарыны табындықтар жақсы қарсылайды. Сол жақта бір жыл жүріп Көдежидені, Шөлшағылын, жалпы туған жерін сағынған Сары еліне бет бұрады. Алда не күтіп тұғанынан хабарсыз Сары әнін шырқап, еліне жақындай түседі. Ежелгі дұшпаны Мырзағұл болыс жансыздарына ақша беріп Сарының барлық жүріс-тұрысынан мәлімет алып отырады. Түбі бір ораларсың-ау деген оймен жолын торыған қарулы жігіттер, екінші жағынан солдаттар Сарыны қоршап, қыспаққа ала бастайды. Күтпеген жерден қолындағы мылтығы да сыр беріп, атылмай, сөйтіп Сары күші басым жау қолына түседі. Мырзағұл қашып кетпесін деп Сарының қол-аяғын бұғаулатады. Сары болса әттеген-ай кезінде ат артына өңгертем дегенде Самырат жібермеп еді деп өкінішпен езіледі. Ал озбыр болыс миығынан күліп, тұтқынды Жармоланың түрмесіне жаяу айдатады.

Поэманың «Қоштасқанда» тарауында Сарының сүйген қызы Қосанның батырды іздеп шығып, келмес сапарға айдалып бара жатқан қимасымен мұңлы жағдайда қоштасуы баян болады. «Сары ұсталды» деген хабар Қосанды жай жатқызбады, күйеуінен төркіндеп келем деген себеппен сұранып, асығыс жолға шығады. Төркіндеп акелген Қосайға әкесі той жасап, думан ұйымдастырады. Алайда іші қан жылаған Қосайдың жабырқау көңілі бір көтерілмей қояды, көзіне жас ала қамығады. Тойдан соң туыстарды жағалап төркіндеген Қосай қай жерде Сары туралы әңгіме айтылса, сол жерді сағалайды. Сөйтіп жүргенде «Сары Сібірге айдалады» деген хабар жетеді. Сарымен қоштасуға үш мың кісі аттанса, солардың бірі боп Қосан да барады. Атышулы Салкүреңін алдырып Жармолаға жетіп барған Қосайдың көкарбаға таңылған сүйгені Сары батырдың бұл күйіне жаны ауырып, қапа болады. Арбаға таңулы Қосанмен жылап қоштасады. Сары батыр болса сүйіктісі Қосайға қоштасу әнін арнайды. Серіні алып бара жатқан солдаттар қаумалаған қауымды арбаға жақындатпай қояды.

Поэманың соңғы «Жолда» тарауында ұзақ жолда жаяу айдап, ас-су бермей, ұрып-соғып әбден тұралатқан, жадап-жүдеген тұтқын жүруге әлі келмей жерге құлайды. Жасауылдарымен «Осы киргиз кімге керек?» өзара ымыраласқан патша офицері басын көтере алмай жатқан Сарыны қашу кезінде атылды деген желеумен жазым етеді.

Осылайша оқиғасы өте күрделі сюжетке құрылған поэма соңы Сарының өлімімен аяқталады. «Автордан» аталған қорытындыда ақын:

Сал Сары, әнші Сары, батыр Сары,
Жерінде Жағалбайлы жатыр Сары.
Ақ жуып, арулады азаматтар,
Тартыстан тынышталды ақыр Сары.

Өмірден өкінішпен өтті Сары,
Қасынан кек ала алмай кетті Сары.
Шын сүйген Қосанына қосылмады,
Жетпеді арманына дертті Сары

Сол біздің жанымызға шым батады,
Сол бізді толғантады, жырлатады,
Ел бірақ ұмытпайды ерен ұлын
Жайылған ұлан-ғайыр қырға атағы.

Артында аңыраған әні қалды,
Деген сөз «әні қалды» - «Сары қалды».
Мәңгіге есте сақтап ер есімін,
Ұрпақтан ұрпақ әнін қағып алды [7, 48 б.]
- деп лирикалық екпін-күймен аяқтайды.

Қорытынды. Өткен ғасырлардың әнші-ақындар тарихынан өз орнын ойып алған Сары Батақұлының ғұмырбаянын зерделеген бұл поэманың көркемдік құндылығын, жазылу ерекшелігін жоғары бағалаған жөн. Ақын Ізтай Мәмбетовтың поэманы жазу барысында көп ізденгені, ақын-салдың әр туындысының тарихымен жете таныс болғаны аңғарылады. Автордың сюжет құрудағы шеберлігі, шығармаға көркемдік әр берудегі ізденісімен қатар кейіпкерлер бейнесін ашудағы бір тәсіл - портрет-мінездемелері туындының қуатын арттыра түседі.

Ақын поэмаларына назар аударған автормен тұстас қаламгер Ғафу Қайырбеков: «Ізтай поэмалары бар мүсінімен, тақырып тынысымен өзінше ерекше. Оны сол поэмалардың аттарынан да байқауға болады. Ізтайдың оннан астам поэмасында сол лирикасындағыдай нақтылық, сюжет. композиция шеберлігі, баяндаудың ұтымдылығы, геройлардың дара мүсіні – бәрі айқын танылып отырады» [14, 11 б.] деп жазды.

Түйіп айтқанда Ізтай Мәмбетов қазақ әдебиетіне жаңа леп әкелген поэма. дастан жанрын дамытып, түлете байытқан көрнекті ақын сапынан орын алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мәмбетов, І. Тұңғыш. Өлеңдер [Текст] / І. Мәмбетов – Алматы: ҚМКӘБ, 1955. – 112 б.
- 2 Мәмбетов, І. Сыр. [Текст] / І. Мәмбетов. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958. – 72 б.
- 3 Мәмбетов, І. Табантал. [Текст] / І. Мәмбетов. – Алматы: ҚМКӘБ, 1961. – 76 б.
- 4 Мәмбетов, І. Өсиет. (Өлеңдер мен поэма) [Текст] / І. Мәмбетов – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 136 б.
- 5 Мәмбетов, І. Жалын. (Өлеңдер мен поэмалар) [Текст] / І. Мәмбетов – Алматы: ҚМКӘБ, 1964. – 88 б.
- 6 Мәмбетов, І. Жол ұзақ. (Өлеңдер мен поэмалар) [Текст] / І. Мәмбетов – Алматы: Жазушы, 1966. – 216 б.
- 7 Мәмбетов, І. Сал сары: Поэмалар. [Текст] / І. Мәмбетов – Алматы: Жазушы, 1970. – 80 б.
- 8 Мәмбетов, І. Тарланбоз. Таңдамалы. [Текст] / І. Мәмбетов – Алматы: Жазушы, 1973. – 208 б.
- 9 Мәмбетов, І. Жылы жел: Өлеңдер. [Текст] / І. Мәмбетов – Алматы; Жазушы, 1974. – 360 б.
- 10 Мәмбетов І. Таңдамалы. Өлеңдер мен дастандар. [Текст] / Құраст. Ғ. Қайырбеков, – Алматы: Жазушы, 1976. – 372 б.
- 11 Мәмбетов І. Ақпан. Өлеңдер мен дастандар. [Текст] / Құраст. М. Мәмбетова. – Алматы: Жазушы, 1983. – 360 б.
- 12 Мәмбетов І: Өмірбаян мен өлеңдері. [Текст] / Екімыңжылдық дала жыры. Өлеңдер жинағы // Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000. – 456 б.
- 13 Сары Батақұлы [Текст] / Уикипедия ашық энциклопедиясы. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B0%D1%80%D1%8B_%D0%91%D0%B0%D1%82%D0%B0%D2%9B%D2%B1%D0%BB%D1%8B .

14 Қайырбеков, Ғ. Ақын Изтай Мәмбетов. [Текст] / Ғ. Қайырбеков – Алматы: Жазушы, 1976. – 372 б.

REFERENCES

- 1 Mambetov, I. Tungysh. Olender [Tungysh. Poems]. Almaty: КМКАВ, (1955): 112 b. – (In Kaz)
- 2 Mambetov, I. Syr. [Syr]. Almaty: КМКАВ, (1958): 72 b. – (In Kaz)
- 3 Mambetov, I. Tabantal. [Tabantal]. Almaty: КМКАВ, (1961): 76 b. – (In Kaz)
- 4 Mambetov, I. Osiet. [Osiet. Poems]. Almaty: КМКАВ, (1962): 136 b. – (In Kaz)
- 5 Mambetov, I. Zhalyn. [Zhalyn. Poems]. Almaty: КМКАВ, (1964): 88 b. – (In Kaz)
- 6 Mambetov, I. Zhol uzak. [Zhol uzak. Poems]. Almaty: Zhazushy, (1966): 216 b. – (In Kaz)
- 7 Mambetov, I. Sal sary: Poemalar. [Sal sary: Poems]. Almaty: Zhazushy, (1970): 80 b. – (In Kaz)
- 8 Mambetov, I. Tarlanboz. Tandamaly. [Tarlanboz. Selected Poems]. Almaty: Zhazushy, (1973): 208 b. – (In Kaz)
- 9 Mambetov, I. Zhyly zhel: Olender. [Zhyly zhel. Poems]. Almaty: Zhazushy, (1974): 360 b. – (In Kaz)
- 10 Mambetov I. Tandamaly. Olender men dastandar. [Mambetov I. Selected poems and epics]. Almaty: Zhazushy, (1976): 372 b. – (In Kaz)
- 11 Mambetov I. Akpan. Olender men dastandar. [Mambetov I. Akpan. Poems and epics]. Almaty: Zhazushy, (1983): 360 b. – (In Kaz)
- 12 Mambetov I: Omirbayan men olenderi. [Mambetov I: biography and poems]. Ekimynzhyl'dyn dala zhyry. Olender zhinagy. Almaty: «Kazakh enciklopediyasy» Bas redakciyasы, (2000). – 456 b. – (In Kaz)
- 13 Sary Batakuly [Sary Batakuly]. Uikipediya ashyk enciklopediyasy – (In Kaz)
- 14 Kaiyrbekov, G. Akyn Iztaj Mambetov. [The Poet Iztai Mambetov]. Almaty: Zhazushy, (1976): 372 b. – (In Kaz)

ПОЭМА ИЗТАЯ МАМБЕТОВА "САЛ САРЫ": ТЕМАТИКО-ИДЕЙНЫЙ ПОИСК, УМЕНИЕ СТРОИТЬ СЮЖЕТ

Аннотация. В статье приводятся примеры из сборников стихов лирика, поэта Изтая Мамбетова, которые пришли в казахскую поэзию своим тоном, анализируются поэмы поэта, анализируются тематико-идейные поиски, анализируются стихи автора. Поэмы поэта охватывают такие темы, как гуманизм, пропаганда мирной жизни человечества, миролюбие народа, дружба, почитание культурных, исторических ценностей. В эпическом жанре были даны отрывки из стихотворений, в которых рассказывалось, в каком направлении разворачивается история, в зависимости от каждой главы поэмы – сала Сары. Поэма, построенная на сложном сюжете, была всесторонне рассмотрена с теоретической и практической точек зрения и по-прежнему вызывает интерес у исследователей. Следует высоко оценить художественную ценность, оригинальность написания этой поэмы, изучив жизненное Баян Сары Батакулы, которая закрепила свое место в истории поэтов-певцов. В процессе написания поэмы поэт Изтай Мамбетов много искал, разбирался в произведениях автора, был знаком с историей каждого произведения поэта-сала. Мастерство автора в построении сюжета, стремление придать произведению художественное значение, а также один из подходов к раскрытию образа персонажа - портрет-характеристики усиливают мощь произведения. В более чем

десятке стихотворений поэта ярко выражены сюжет, мастерство композиции, конкретность, как в лирике.

Ключевые слова. Эпиграф, поэма-сага, пьеса, сюжет, мастерство композиции, лирика.

IZTAY MAMBETOV'S POEM "SAL SARY": THEMATIC AND IDEOLOGICAL SEARCH, THE ABILITY TO BUILD A PLOT

Abstract. The article provides examples from collections of poetry by lyricist, poet Iztai Mambetov, who came to Kazakh poetry with their tone, analyzes the poet's poems, analyzes thematic and ideological searches, analyzes the author's poems. The poet's poems cover such topics as humanism, propaganda of the peaceful life of mankind, peacefulness of the people, friendship, reverence for cultural and historical values. In the epic genre, excerpts from poems were given, which told in which direction the story unfolds, depending on each chapter of the poem – Sarah's sala. The poem, based on a complex plot, has been comprehensively examined from a theoretical and practical point of view and is still of interest to researchers. It is necessary to highly appreciate the artistic value and originality of writing this poem, having studied the vital Accordion of Sarah Batakula, who consolidated her place in the history of poets-singers. In the process of writing the poem, the poet Iztai Mambetov searched a lot, understood the works of the author, was familiar with the history of each work of the poet-sala. The author's skill in plotting, the desire to give the work artistic significance, as well as one of the approaches to revealing the character's image - portrait-characteristics enhance the power of the work. In more than a dozen of the poet's poems, the plot, mastery of composition, concreteness, as in the lyrics, are vividly expressed.

Key words. Epigraph, saga poem, play, plot, mastery of composition, lyrics.

Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы¹,

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000,
Алматы қ., Гоголь көшесі, 114, zharkyn123@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0002-1891-2134

Абужалитова Ақбаршын Талгатовна*²

Қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, аға оқытушы,
«Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» ЖЖКББМ, Қазақстан
Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194, akbarshyn@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0002-6251-7203

ФИЛОЛОГ-СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары қарастырылады. «ЖОО студентінің әдістемелік құзыреттілігі» ұғымына теориялық еңбектерді жинақталып, мәнін ашуға байланысты зерттеулер талданған. Филолог-студенттерді оқыту мазмұнындағы маңызды компонент әдістемелік даярлық екені белгілі. Студенттің кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі ретіндегі әдістемелік даярлықтың әдістемелік құзыреттілікті қалыптастырудағы маңызы анықталған. Ғалымдардың зерттеу бағыттарынан мысал келтіре отырып, әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасу жолдарын анықтауда түрлі факторлар әсер етеді деп тұжырымдалған. Сонымен қатар, студенттердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылатын педагогикалық жағдайларды модельдеу, педагогикалық жағдайларды талдау, жобалау, ойын әдісі, кейс әдісі, проблемалық семинар, проблемалық дәріс сияқты әдіс түрлері нақтыланып, қалыптастыру критерийлері анықталған. Филолог-студенттердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру - маңызды және көп қырлы процесс екені белгілі. Міне, осы мақсатқа жетудің бірнеше негізгі жолдары теориялық білім беру, лингвистика, әдебиеттану және педагогика саласындағы іргелі білімдерді беру, оқыту әдістемесі мен технологияларын терең оқыту, практикалық дағдыларды дамыту болып табылады. Микро-сабақтар өткізу, оқу жоспарларын құру, талдау, оқу материалдарын әзірлеу, педагогикалық практика, мектептерде және басқа білім беру мекемелерінде тәжірибеден өту, нақты оқу процесіне қатысу филолог-студенттердің әдістемелік құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға көмектеседі. Әр студенттің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бұл процесті жекелендіру де маңызды екені анықталған.

Кілт сөздер. Әдістемелік құзыреттілік; филолог-студент; әдістемелік даярлық; мұғалім; дағды; қабілет; біліктілік; кәсібилік; әдістер.

Кіріспе. Еліміздегі қоғамдық үрдіс бойынша білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде өз уақытын, іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын білімді тұлғаны қалыптастыру жоғары оқу орындары негізгі мақсаттарының бірі екені белгілі. Бұл үдеріс білім беру мазмұнына жаңаша серпіліспен қарауды қажетсінеді. Білім сапасының жоғарылату әр оқытушының негізгі мақсаты екені анық. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген біліктіліктерге,

дағдылар мен құзыреттіліктерге ие болу үшін студенттен өз саласы бойынша кез-келген жағдайға бейімделіп, білімі мен білігін пайдаланып, қажетінше толықтырып отыруы талап етіледі.

Бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін оқытуды жаңаша талаптарға сай жүзеге асырып, студенттердің негізгі іс-әрекеті мен болашақ кәсібіне қатысты біліктілік дәрежесін арттыруды негізгі бағыт етіп алған жөн.

Қазіргі қоғамға бар білімін жинақтап, білім алушыларға тиімді әдіс-тәсілдер арқылы берілген материалды түсіндіре алатын, дағдысы мен қабілеті қалыптасқан әдістемелік құзыретті маман қажет. XXI ғасырдағы тұлғаның кәсібилігінің дәрежесі оқытудағы құзыреттіліктерді жетілдіруден, кәсіби шеберлігінен, кәсіби дайындығының сапалық деңгейінен көрініс табады. Кәсібилік деңгейін анықтау үшін оқыту мазмұнына қатысты зерттеулер жүргізіледі. Ал білім беру мазмұны құзыреттілік тәсіл негізінде филологтың даярлық мазмұнымен байланысты талданады.

Мемлекетіміздегі білім беру жүйесі күрделі даму үстінде екені анық. Осы жағдайларды ескере отырып, бұл зерттеуімізде «әдістемелік құзыреттілік» ұғымына талдау жасап, нәтижесін жинақтап, оны қалыптастырудың жолдарын анықтауға міндеттендік.

Зерттеу материалы мен әдістері. Тіл маманы ретінде әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру ЖОО-да алған білімі мен мектепте өткізілетін практикамен тығыз байланыста жүзеге асырылатыны белгілі. Студенттердің әдістемелік құзыреттілігін жетілдіруге байланысты жазылған жұмыстарға талдау жасай отырып, әдістемелік құзыреттілік әдістемелік даярлықпен, әдістемелік ойлаумен және әдістемелік жүйе қалыптастырумен тығыз байланысты екені көрінеді.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Оқыту мазмұны бойынша студент бойында негізгі құзыреттіліктер мен дағдылар білім беру стандартына сәйкес анықталатын болса, білім беру мазмұны бойынша қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты. Яғни бәсекеге қабілетті маман кәсібіне байланысты құзыреттіліктерге ие болуы қажет. Кәсіби құзыреттілік болашақ маманның кәсіби даярлығы барысында қалыптасады. Ал кәсіби даярлық жоғары оқу орнында білім алу нәтижесінде пайда болады. Кәсіби құзыреттілік филолог-студент үшін әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуымен тығыз байланысты. Студенттің әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасқандығы әдістемелік пәндерді меңгеруде, дәріс, семинар, практикалық сабақтар барысында, өндірістік практикада көрініс табады.

Болашақ маманның әдістемелік құзыреттілігі жаһандық өзгерістерге сай түсіндірілгені жөн. «Әдістемелік құзыреттілік» ұғымы Ресей мен Қазақстан ғылымында өзектілігімен ерекшеленеді. В.А. Адольф әдістемелік құзыреттілікті мұғалім тұлғасының бір қыры ретінде таниды. Бұлай пайымдау мұғалімнің белгілі бір пән бойынша білімі, сол пәнді оқыту әдістемесіне сәйкес пайдаланатын әдіс-тәсілдерінің қалыптасқан жүйесі, пән бойынша әдістемелік тапсырмаларды сабақ беру барысында қолдану дағдысы, қабілеті ғана емес, оның кәсіби тұлғалық қасиеті болып саналады. Мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігін педагогикалық мамандыққа қарым-қатынасын кәсіби білімі мен іскерлігімен байланыстырып, жеке тұлғаның кәсіби қасиеттерінің жиынтығы ретінде қарастырған [1, 202 б.].

Педагогикалық жоғары оқу орнының түлегінің әдістемелік даярлығының дәрежесін студенттің оқыған мамандығы бойынша білім деңгейін анықтаумен ғана шектелмей, оның білім алу барысында меңгерген құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін бақылаған дұрыс. Әдістемелік пәндер бойынша емтихан, мемлекеттік емтихан барысында студенттердің практикалық сипаттағы кәсіби деңгейін анықтауда талдау

жасауды, яғни кәсіби даярлығын бақылау үшін тапсырмаларды орындату арқылы қабілеті мен біліктілігінің, дағдысының жиынтығын көруге болады.

Ғылыми-зерттеу еңбектерде әдістемелік құзыреттілік ұғымы туралы сөз болғанда, алдымен әдістемелік даярлыққа кеңінен тоқталады. Бұл зерттеулердің мазмұнында әдістемелік құзыреттіліктің критерийлерін бағалайтын, даму деңгейлерін анықтайтын көрсеткіштер бар. Ф.Т.Шишкин ЖОО-да педагогикалық бағытта білім алатын физик-студенттердің әдістемелік даярлығы туралы негізгі ережелерді ұсынған. Ғалымның пікірінше, жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі әдістемелік дайындықтың мақсаты орта мектептің сұраныстарына сәйкес келетін, кәсіби қызметі барысында үнемі дамып отыруға қабілетті, білім саласындағы өзгерістерді ескерген шығармашыл оқытушы болуы, жеке-бағдарлы, жүйелі тәсілдер арқылы әдістемелік білімі мен дағдылары, құзыреттіліктері қалыптасуының нәтижесінде кәсіби қызметке дайындығы болып табылады. Физик-студенттердің әдістемелік даярлығының құрамына пәнді оқыту теориясы мен әдістемесі пәні, кәсіби бағдарлы өзіндік жұмыс кіреді [2]. Әдістемелік даярлық кәсіби дайындықтың құрамдас бөлігі, студенттер кәсіби іс-әрекет барысында пәндік дайындыққа негізделген білімі мен дағдыларын түрлі пәндерді оқытуда қолдануы қажет. Студенттің әдістемелік даярлығын қалыптастыру кредиттік технологияның мүмкіндіктерін пайдаланумен тығыз байланысты. Әдістемелік даярлық тек пәнді оқыту теориясы мен әдістемесінің мазмұнына байланысты ғана емес, таңдау пәндері, кәсіби пәндер, арнайы курстар нәтижесінде қалыптасады.

Зерттеуші Моргачева Н.В. әдістемелік даярлық бойынша, соның ішінде жаратылыстану пәнінің болашақ мұғалімінің әдістемелік даярлығының мазмұны бойынша әдістемелік құзыреттіліктің құрылымына түсінік берген [3]. Когнитивті-ақпараттық компонентін сипаттап, педагогтың игеруге тиісті дағдыларын сараптаған. Болашақ жаратылыстану пәнінің мұғалімінің әдістемелік даярлығының мазмұнына қойылатын талаптарды анықтаған. Осылайша, болашақ жаратылыстану мұғалімінің әдістемелік дайындық мазмұнына қойылатын талаптардың құрылымы келесі элементтерді қамтиды: мақсатқа, мазмұнға, процеске және нәтижеге қойылатын талаптар. Мақсат ретінде әдістемелік құзыреттілік қарастырылады, ол әдістемелік дайындық мазмұнының құрылымын анықтайтын жеке, танымдық-ақпараттық, операциялық-технологиялық және қызмет компоненттерінен тұрады. Зерттеуде әдістемелік дайындық мазмұнына қойылатын негізгі талаптар ретінде келесі идеялар қарастырылады: интеграция (пәндік пәнаралық, әдістемелік интеграция) және көп деңгейлі. Әдістемелік даярлық процесіне қойылатын талаптар ретінде интерактивті білім беру технологияларын қолдану қажеттілігі қарастырылады. Әдістемелік құзыреттілік болашақ жаратылыстану мұғалімінің әдістемелік дайындығының нәтижесі болып табылады.

«Әдістемелік даярлық» ұғымына нақтыланған анықтаманы В.И. Земцова береді. Ол мұғалімнің әдістемелік қызметін және педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін әдістемелік даярлығымен байланыстырады. «Әдістемелік даярлық» – бұл мұғалімнің кәсіби дайындығының ең маңызды бөлігі дей келе, әдістемелік даярлықты интеграциялық сипаттағы үздіксіз даму үстіндегі процесс ретінде және кәсіби дайындықтың негізгі компоненті деп тұжырымдайды. Әдістемелік даярлықтың интеграциялық сипатын оқу жоспарына сай пәндерді оқу кезінде студенттер алған негізгі білім мен дағдылары, педагогикалық практикадан өту кезінде жүзеге асырылатын қызметтік іс-әрекеті деп түсіндірген [4]. Ғалым әдістемелік даярлықтың үздіксіз даму үстіндегі әдістемелік жүйемен қатар жүретін интеграциялық процесс екендігін нақтылайды.

Әдістемелік даярлықты әдістемелік құзыреттіліктің мазмұнымен байланыстыра зерттеген О.Н.Игна болатын. Шетел тілі мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігі (әдістемелік шеберлік) – бұл психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, пәндік дайындықтың, жеке ғылыми - зерттеу және кәсіби тәжірибенің нәтижесі. Ол мұғалімнің интегративті тұлғалық, кәсіби біліктілігінің негізгі сипаттамасы болып табылады. Студенттердің шет тіліндегі коммуникативті және кәсіби құзыреттілігін дамыту педагогикалық қызмет барысында және ғылыми-әдістемелік қызметте көрінеді деп қорытындылаған [5]. Сәйкесінше мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігі кәсіби дайындық деңгейінің маңызды көрсеткіші ретінде мазмұны мен сапасына қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты қайта ойластыруды және нақтылауды қажет етеді. Шетелдік тіл мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігінің ерекшелігін нақтылау оның кәсіби құзыреттілік құрылымындағы рөлін анықтауға, бірдей құзыреттіліктерді анықтауға, әдістемелік құзыреттіліктің анықтамасын нақтылауға, оның құрылымдық компоненттері мен көріну деңгейінің сипаттамаларына жүгінуді қамтиды. Ғалымның пікіріне сүйенсек, қазіргі білім беру жүйесінде білім алушы болашақ мамандығы бойынша алған білімін практикада пайдалану барысында түрлі құзыреттіліктер қалыптасады. Мысалы, әдістемелік пәндер бойынша әдістемелік даярлықтың төмендегідей сатылары бойынша дәріс, семинар сабақтар арқылы әдістемелік құзыреттіліктің теориялық қыры, курстық жұмыстар жазуда теориялық, ғылыми-әдістемелік қыры, өндірістік-педагогикалық практика барысында кәсіби-бағдарлы қыры қалыптасады деп тұжырым жасаған

Ресей ғалымы И.В. Кузнецова мұғалімнің арнайы кәсіби құзыреттілігінің құрамын базалық құзыреттер және кәсіби-бейіндік құзыреттер деп бөліп қарастыра келе, мұғалім үшін негізгі педагогикалық қызметтің төмендегідей түрлерін бөліп көрсеткен: дүниетанымдық, коммуникативтік, ақпараттық, дамытушылық, жұмылдыру, конструктивті, ұйымдастырушылық, зерттеу. Бұл қызмет түрлері ЖОО-да педагогикалық бағытта білім алушы студенттің әдістемелік дайындығына қойылатын талаптарды анықтайды [6, 76-бет]. Яғни болашақ мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігінің компоненттеріне жеке тоқталып, психологиялық дайындық дәрежесін (мотивациялық сипатта), мұғалімнің әдістемелік қызметіне қызығушылық дәрежесін, педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жалпы педагогикалық әдістемелік және арнайы білім жүйесін меңгеру дәрежесін (когнитивті), әдістемелік қызметті жүзеге асырып, оқу процесінде жоғары нәтижелер мен сапаға қол жеткізу үшін жекелеген әдістемелік іс-әрекеттерді түрлендіріп пайдаланудағы біліктері мен дағдыларының қалыптасу дәрежесін (тәжірибеге бағытталған), коммуникативтік дағдыларды меңгеру дәрежесі, кәсіби қызметте өзін-өзі бақылау және бағалау дәрежесін анықтауға болады деп тұжырымдаған.

Педагогикалық ЖОО-дағы студенттердің әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасуы туралы еңбектің авторы Гончарук О.В. «әдістемелік құзыреттілік» ұғымының мәнін нақтылау үшін оның қалыптасу көрсеткіштерін нақтылауды ұсынған. Сондай-ақ студенттердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың критерийлерін санамалап көрсеткен. Бұл критерийлерді жүйелік-жағдаяттық тәсіл негізінде жүзеге асырып, студенттердің білімі мен кәсіби іс-әрекетін байланыстыра отырып жинақтаған. Сонымен қатар әдістемелік құзыреттіліктің шығармашылық компоненті ретінде әдістемелік ойлауды ерекшелеген. Болашақ мұғалімнің кәсібилік деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің бірі педагогикалық тапсырманы тиімді шешу қабілеті қорытындылайды [7].

Зерттеушілер, Аржакова М.И. және Егорова К.Е. студенттердің әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалауды әдістемелік жүйенің компоненттерімен байланыстыра отырып жүзеге асыруды ұсынған. Әдістемелік жүйенің мазмұнды-мақсатты компоненттерін (негізгі пәндер бойынша базалық дайындығы) анықтап,

студенттің кәсіби даму траекториясын құрастырған. Әдістемелік құзыреттілікті, бірінші кезекте, маманның интегративті сипаттамасы көрсететін әдістемелік деңгейі ретінде түсіндіріп, оқыту процесін құру, ұйымдастыру және басқарумен байланыстырады. Болашақ мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігі оқушының жеке басын дамыту және тәрбиелеу саласындағы мәселелер мен міндеттерге байланысты кәсіби қызметке дайындығы мен қабілеті деп тұжырымдайды [8].

Мұғалімнің кәсібилігі әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейімен тікелей байланысты. Мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігі оның қабілеті мен дайындығын сипаттайтын тұлғаның үнемі даму үстіндегі сапасы ретінде ұсынылады. Ол алған білімінен және оны сабақ беру барысында, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды ұйымдастыруда, әдістемелік білім мен дағдыларды игеруде, өзінің педагогикалық қызметін модельдеу және жобалауда, пәнді оқыту әдістемесі саласында өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіруден байқалады.

Зерттеуші Соловьева Т.А. әдістемелік құзыреттілікті «оқу-әдістемелік қызметте өз бетінше шығармашылықты жүзеге асыру үшін пәндік, әдістемелік білімін, іскерлігін, тәжірибесін, жеке қасиеттерін пайдалануға дайын болуымен сипатталатын тұлғаның интегративті сапасы» деп түсіндірген [9]. Әдістемелік құзыреттілік деңгейлерін анықтаудың критерийлерін анықтап көрсеткен: әдістемелік қабілеті, құзыреттілік дәрежесі (пәндік білім деңгейі); әдістемелік жағдайларды бағалау; әдістемелік мәселелерді ұғыну; оқушылардың жас ерекшелігін ескеру. Осы критерийлер бойынша кездесетін мәселелерді анықтап, шешімін табуға тырысқан. Бейсаналық әдістемелік қабілетсіздік болуы мүмкін, яғни студент әдістемелік тапсырмаларды жобалау үлгісі бойынша орындайды, тек оқытушының жетекшілігімен жұмыстанып, тәжірибе жинақтауға ынтасыз. Кәсіби қызметі барысында студент оқу материалының мазмұнын таңдауда айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Кей жағдайда студент әдістемелік мәселені біледі, бірақ тіпті жеке нақтылау мәселелерін тұжырымдауда қиналады.

Ғалым Сянина Т.В. болашақ мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігін сәтті қалыптастыру үшін тиісті педагогикалық жағдайлар жасау қажет деп санаған. Сонымен қатар болашақ мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігінің мәні мен ерекшелігін анықтап, әдістемелік құзыреттілікті қалыптастырудың алғышарттарын талдап көрсеткен [10, 130]. Қазіргі жағдайда мамандарды даярлауда болашақ мұғалімнің кәсіби дайындық жүйесіндегі әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері мен педагогикалық жағдайларын зерттеу өзекті екенін дәлелдеген. Оны шешудің алғышарттарын ұсынған: мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігінің мәні мен құрылымын анықтау; болашақ мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігінің қалыптасу критерийлері мен деңгейлерін анықтау; болашақ мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жиынтығын ғылыми негіздеу. Автор әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру басқарылатын процесс тұжырымдаған. Оқу процесін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық жағдайларын ескере отырып, оқу процесін белсендіретін әдістер мен формаларды қолдана отырып, болашақ мұғалімнің жеке басының кәсіби тұлғалық сапасын дамытуға болады деп қорытындылаған.

«Студенттің әдістемелік құзыреттілігі» ұғымының әртүрлі түсіндірмелерін, сондай-ақ оның жеке түрлерін талдау көрсеткендей, әртүрлі анықтамалар мен түсіндірулер бір-біріне айтарлықтай қайшы келмейді, керісінше өзара толықтырады. Барлық анықтамаларға ортақ критерий студенттің әдістемелік құзыреттілігін біліммен, қабілет және дағдылармен байланыстырылуы, өзіндік әдістемелік қызметке дайындық жеке тұлғаның нақты кәсіпке байланысты қасиеттерімен анықталады. Демек, болашақ мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру оны кәсіби-педагогикалық даярлау

процесіне, педагогикалық университетте сапалы білім алуымен тығыз байланыста болады:

Жоғарыда қарастырылған тұжырымдарды түйіндей келе, біздің ойымызша, болашақ филологтың әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды құралдары – студенттерді төмендегідей әдіс-тәсілдер арқылы мұғалімдік қызметке араластыру деп есептейміз. Зерттеулер нәтижесінде әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуына тиімді әсерін тигізетін оқытудың белсенді әдістері мен формаларын ұсынуға болады.

Оқу процесінде оқытуды белсендіретін әдістер мен формаларды қолдану студенттерді өз білімдерін дербес тереңдетуге, білімін нақты жағдайларда қолдануға, студенттерді шығармашылық іріктеуге, материалды талдап, жүйелеуді бағдарлауға, болашақ кәсіби қызметке тиімді дайындық және т. б. сияқты проблемаларды шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл әдістерді дәстүрлі сабақтарда да қолдануға болады. Әдістерге жеке тоқталып, әдістемелік құзыреттілікті қалыптастырудағы маңызын анықтауға болады.

Мұғалімді даярлау процесінде педагогикалық жағдайларды модельдеу педагогикалық іс-әрекетке талдау жасауға, түрлі педагогикалық жағдайларда әрекет ету тәсілдерін жобалауға, алынған білімді түрлендіруге және дамытуға мүмкіндік береді.

– Онда мені құдай атты, – деп шал өз-өзіне «мат» жасап, орнынан атып тұрды. – Преставляешь, мені атып өлтіретін адам жоқ.

– Неге?

Шал айтты. Бәрін. Стадионда дәу төбетке әлсірететін дәрі салған. Текті итке. Өте сирек кездесетін асыл тұқым Қазақы төбетке. Таластырудың алдында иесі көп өтінген. «Менің итім бәрін жеңеді. Бірақ біреудің овчаркасынан жеңілуі керек». Көп ақша берген. Бұл салған. Уколды. Енді, міне, сол ақшаға дәрі-дәрмек укол алып, өзінің жаны қалған.

Жазушының безгегі ұстағандай қалтырады. Шалға: «Иттің жаман десе, намыстанған қазақ, бүгінде...» – деп айтпақ болған. Айтпады.

Шал сөйлеп отыр, сөйлеп отыр. «Әттең, әттең, ағалар-ай» [6] деп ой кесектейді.

Осы киенің атуы немесе қарғысқа ұшырау мифологиялық мотиві «Туажатта» да ұшырасады. Бөріні тотем деп таныған қазақ жұрты да қасқырды киелі аң санаған. Қазақтың сертке беріктігі «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырындағы ант үшін жан берген Сарыбайға қарама-қарсы тұлға Байбура. Жазушы шығармасында Байбураның жалғыз

қалуын ант бұзғандығында деген емеурін танытатын сияқты. Түркі жұртына киелі боп саналған қасқырды тірідей терісін сыпыру сценасы осыған дәлел. Өзінің сүйген қызы Алқабегімге уәде ете тұрып, берген антын бұзады. Бұның жалғыз қалуы антын бұзғандығында, бір Байбура емес, ұлттың да ант бұзған дәуірі болды. Соны бір арқылы мыңның атынан беру полифониялық мына жолдардан аңғарылады:

«Ал сүйгені Алқабегім қойнына тығыла тұрып: «Бура! Енді қайтып бөріге жоламашы. Жоламаймын деп ант берші!.. Қасқырдың қарғысы қатты ғой.

Оған қайтып қатыгездік танытпашы!» деп жалынған. Сол сәтте бұл арсыз: «Алқа, жаным менің! Бөріге қайтып қол көтермейін, бірақ... сен... сен бүгінгі түн барыңды сыйлашы! Ант етейін, Болат досым ғой бөріні тірідей терісін сыпыртқан... қайтып қасқырға жуымайын!» деп үздігіп еді-ау. «Екеуіміздің болашақ ақжол тағдырымыз үшін... болашақ бақытымыз үшін бөріге қол көтермеші, Бурам! Болат бір арамза... Жоламашы! Ант етші! Мен сендікпін! Асықпашы! Аптықпашы! Әлі үлгересің ғой... Кезі келеді», –деген сүйіктісі.

Маусымның мұңсыз таңын Қарасеңгір тауының басында екеуі айқара құшақпен қарсы алған. Бұл бөріге қол көтермеске ант-су ішкен» [5]. Кезінде бөрілі байрақты ұран етіп, атой салған түркі жұртының бүгінгі жалғасы өз тарихын жарамсыздыққа айналдырып отыр. Ол өз тотемін керексіз еткен, ата бабаларының киесіне ұрынып отырған бүгінгі күннің ұрпағы. Автор осы бір мифема арқылы өткен дәуірдің қасиетті, сакральдылық дүниесін танытқандай көрінеді. Әңгімедегі Байбураның өліп-қайта тірілуі автор тарапынан бүгінгі күннің жаңа мифологиялық әдістемеісін еркін менгерген шығармашылық қуаты. Көне мифологиялық сюжеттерді қайта жаңғыртып, оны өз тарапынан еркін заманалық қалыпта интерпретациялау арқылы бас кейіпкердің ішкі жан дүниесін психологиялық тұрғыдан тереңдей таныта түскен.

Жазушы қазақ әдебиетіне ислам мәдениетімен бірге енген мифтік сюжеттерді де орайын тауып, мәтін ішіндегі мәтін астарымен еркін қиюластыра біледі. «Көктен түсер Ғайсадай», «жер жігін жарып шығар Мәдідей» деген сөз қолданыстары арқылы дәстүрлі діни ұғым-түсініктерді орынды орайластырып, бас кейіпкер он жеті жасар жас жігіт Байбура аңшының жалғыздыққа түсу себебін интермәтіндемелік түсінікпен суреттейді.

Біз Байбураның жазушының бұған дейін жазылған «Алтайдың алқызыл модағайы» атты миф-романындағы Ұлар аңшымен ұқсастығы мен одан ажыратып тұрар өзіндік ерекшеліктері бар екенін, шығарманы талдау барысында нақтылай түсеміз.

Біздің түсінігімізше Асқар Алтай өз кейіпкерілеріне адам ойы жете бермейтін қазақтың ежелгі дүние-танымдық этнографиялық деректерін барынша қамтып, шығарманың көркемдік танымын мифтендіре түседі. Халықтың этнографиялық деректерінен қазақтар лаңы тиген қасқырды ұстап алса, терісін тірідей сойып, қоя беретін оқиғаның болатындығы туралы осы күнге дейін айтылып келеді. Автор тарапынан да осы бір ежелгі түркі мифтік түсініктемесіне жан бітіртіп, Байбураға Бөрі-Ана киесінің қайта оралуын кереметтілік қасиетпен теңдестіре алып бейнелейді.

Осыған байланысты ел ішінде ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып келген мына бір аңызды салыстыра талдап қарасақ ақиқаттан алшақтамаймыз деймін. Күтпеген жерден жауларынан опық жеген түркінің бір тайпасынан тірі қалған ханзада аз ғана жұртымен, алыстағы Таулы түркі тілдес елге барып паналайды. Осындағы ел басқарып отырған Құртқа оны өлімнен құтқарып, өзі оған тұрмысқа шығады. Одан ұл табады. Ол таққа отырады. Шамамен ол елдің атауы да Бөрі болған. Үрім бұтағы үлкен азамат болып, ел басқарса да Құртқа Анасын пір тұтып, шыққан тегін Бөріге теңеген. Осы Бөрі-Анаға байланысты айтылған аңыз – әңгімеде керемет, ғажайыптық, киелілік қасиеттер автор тарапынан мифологиялық сарынмен өрнектеле өріліп беріледі.

Байбураның алапат ғажайыпқа кезігуін автор постмодернге тән стиль алмасуымен береді. Біз осы мезетке дейін реалды оқиғаның куәсі болып келсек, енді «фантастикалық реалдылық» әлеміне өтеміз. Оны шығарманың мына бір тұсынан аңғарамыз:

«Байбураға қарай ақ қардың бетін сәулелі нұрмен шомылдырып, беймәлім боз сағым ақты...

Ал сағым сәуле болса, бұған құрық бойы жақын келіп, шеңберлей айналды. Бөрі басты сағым сәуле барыс құйрықтанып ұзара берді. Ол бөрі сәулелене сағымданып, ұзара өсіп, мұны шеңберлеп алды. Бөрі сұлбалы дөңгеленген алып сағым сәуле бел ортасынан ұзара өсіп кетіпті. Шеңберлей созылған бөрі сұлба құйрық тістесіп, мұны қытай қорғанындай қоршап тастапты...

Сонда ғана өзінің шеңберлей қоршаған сағымды сәуле тұтқынында қалып, сиқырлы бөрі сұлба арбап алғанын білді» [5].

Осылай Байбура досының айтақпаған сөзіне еріп, өз тотеміне қарсы шығып, аңның киесіне, ата-баба аруағының қарғысына ұшырайды. Бірақ автор санадағы жүріп жатқан сапырылған сансыз ойдың сілемін шашыратып алмай, тізбектете тарақатып өзінің мақсатына қарай бұра түседі. Қарға оятқан Байбура тағы бір ғажайыпқа кезігеді. Біз автор стилінен мистикалық реализм сілемдерін аңғарамыз. Біз білетіндей қарға құсы да арғы қазақ тотеміне жатады. Оның ұзақ жасайтындығы туралы түркі жұртында неше бір түрлі мифтер қалыптасқан. Автор осы бір мифеманы да ұмытпай өз кейіпкерінің образын ашуда орынды қолдана білген. Өзіне тән авторлық мифтеме түзу А. Алтайдың шынайы шығармашылықпен игерген әдеби тәсіл екеніне күмән келтірмейміз. Автор бас кейіпкерін о дүниеге аттандыра отырып, араға 23 жыл салғызып, оқырманына «Мурад Мамедоғлы» деген әзірбайжандық құжатпен қайта таныс етеді. Әдеби шығармадағы кеңістік пен уақытты барынша сығымдай түседі. Ол әңгіменің баяндау тәсіліне өзіндік өрнектей боп өріледі. Бұрынғы ауылдас досы, бүгінде тіс дәрігері Болатпен кездесуі былайша көрініс тапқан:

– Қайда тоқтадың? Түк өзгермепсің, Бура!

– Сонша неге таң қалдың? Өзгермесем... – деп тығылып қалды.

Болат шылым тұқылын тағы бір құшырлана сорып, босағада тұрған қоқыс салар түбекке тастады.

– Сен аруақ болғалы қашан? – деді Болат, бірдеңе айта ма деп Байбураға қарады, бірақ ол өзіне таңдана көз салып тұр екен. – Құдайға рас, сені өз қолымызбен қойғанбыз. Ауылдағы зиратта – әкенің жанында жатырсың...

– Әкем қайтыс болып па еді?! – Байбураның дауысы бұзылып шықты» [5]. Осы бір бір шағын диалогтан Байбураның араға қаншама жылдар салып елге оралғанын аңғарамыз. Тағдыр тәлкегімен басын тауға да, тасқа да ұрған қазақ ұлының трагедиялық хәлі. Соншама жыл хабар-ошарсыз кеткен Байбура. Атамекен, атақоныс, бабалар бейіті деген кастерлі архетиптік ұғымдар санасына сансыз сұрақтар қояды. Ол Байбураның қанында тулап жатыр. Өз әкесінің бұл дүниеде жоқ екенін Болаттан естіп, біліп отыр. Аянышты тағдыр. Өзінің сүйіктісі Алқабегіммен қоштаса да алмай кеткен жігіттің қырықтың қырқасына іліккенде еліне қайта оралуы – бөрі жазушының өз бағыты мен жазу стилін тапқандығын көрсетеді. Біз Асқар Алтайдан түрлі стильдердің алмасуын айқын аңғарып отырамыз:

«– Е-е, Алматыны қойшы, адамдарды айтсаңшы! Қорқауға айналды... Ақша-ақша... ақша... Қайда бара жатырмыз? Түбі қайырлы болсын! Дағдарыс ақшалай емес, адами дағдарыс па деп қорқам. Қорқау емес пенде қалмай барады ғой.

– Ауғандықтар ақыр заманның бір белгісі дейді ондайды.

– Дәл өзі, Бура! Ақыр заман басталып кетті ме деймін. Ақыр заманды ақшамен өлшеу керек шығар... Қойшы, сол сайқал қағазды! Өзің туралы айтшы! Обед уақыты да

таусылып барады. Осы уаққа дейін Ауғанда жүрдің бе?» [5], –деп орынды бере білген. Қазіргі қазақ шығармаларының мәтін бойында жиі кездесетін ақырзаман туралы ойды қаламгер оқырман сұхбаттастылығы арқылы тиімді пайдаланып отыр.

Автор осы сұхбат барысында қоғамда өз орнын таппай қалған жандар турасындағы өз ұстанымын бас кейіпкер арқалы суреттей білген. Бұл кеңестік жүйенің құрбаны болған талай азаматтардың өмірі мен тағдыры.

Сондықтан да ұлттық жады ешқашан ұмытылмайды. Ол жаңғырып отырады. Көне көк түркі жазба ескерткіштерінде тасқа басылған жазулардан білетініміздей, төрткүл дүниені тұлпарларының тұяғымен дірілдеткен, өмірін соғыс пен жорық үстінде өткізген бабаларымыздың ерлік ұшқынын біз Байбураның бойынан табамыз. Ол тек киелі Ана бөрінің артынан кеткен жоқ. Түркінің жауынгерлік рухын қазақ оқырманымен қайта таныстыратын, табыстыратын архетиптік кодты оралту үшін кетті. Енді осыны жазушы қалай беріп отыр соған тоқталайық: «Қу басын қорғасын оққа байлап жүрсе де, жат жұртта қалдырмасқа ант ішкен.

Сол жолда небір сұмдық-сойқанға барды. Жауының қызыл қанын ішті, жансерік жанның қамау терін сыпырды. Жат жұрттық боп өткен өмірі өзегін өртеп, туған елге деген сағынышы шемен-шерге айналып, бір күн, бір мүйнет те күдерін үздірген жоқ. Ішінен тынған сайын қас бөрідей қасарып, жат жұрттың жұлынын кеулеген қарабас құрттай қайқайып, ұлы мұхиттың мұнарлы тереңіне түнеген ақбауыр ақуладай билеп бақты. Араны ашылған қандыбалақ сарбазға айналды» [5]. Бойына біткен қас батырлық рухы қолдап, жат жерде қалдырмай туған еліне әкеп отыр. Осының бәрі әңгімеде ешқандай күмән туғызбайды, қайта Байбураның азаматтық борышы мен парызын адал атқарып келгенін көреміз.

Қазақ адамды көрде жатса да тек жатқызбайтын жұрт осы қасиетімізді «Бішкек-Новосибирь» поезына отырғалы тұрған Байбураға Болаттың аузымен жеткізеді:

«Білмеймін, Бура, сол кезден бері менің жүрегімде бір мұз моншағы қалды... Сені алғаш көргенде сұрағым келген, бірақ аядым. Өзімді де жайсыз сезіндім. Әкенді естірткендей күй кештім емес пе?! Қазбаламадым... Ол Алқабегім екеуіңнің араңдағы жағдай ғой. Өзің білесің де... Дегенмен, ауылдағы жұрт сені «сатып кетті» деп жүр... Алаңға тастап кетіпті, Алқа қолға түсіп қалыпты. Сондықтан сорлады... Содан сотталды...» [5] деп шығарып алған.

Автор осы бір сұхбат арқылы Байбураның артында ұлы бар екенінен хабардар еткендей болады. Арпалыс өмір мен тайталас қоғам есін алған Байбура туралы бұл хикая оқырманмен ойынға құрылған қазақ әдебиетіндегі мифтік мотивті бірде ашық, енді бірде жасырын ұштастыра отырып, соны үрдіс екендігін мәтін тереңіне бойлаған сайын анық аңғара түсеміз.

Швед қызы Мария-Агатаның портретін жазушы: фольклорлық үрдіспен, қазақ жанына жақын қоңырқай түсті мол шашы да иығын жапқан, тоқ балтыр, бүйрек бөксе, құмырсқа бел қыздың сұлу мүсіні қысыр жыландай арбаған деп суреттесе. Одан әрі ақсары өңі ат жақты, пісте мұрынды, етжеңді ерінді келбет те келісті-ақ. Дауысы да ашық. Қимыл-қозғалысы да жас адамға тән жеңіл. Киім-киісі де жинақы, әскери, – деп мәтіндегі стильдерді алмастыра отырып сипаттайды.

Сүйінбай Аронұлының «Бөрілі менің байрағым, Ұрандап алға тартқанда. Қозып кетер қайдағым» [7, 18] деген мәтіні қылаң беретінін де айта кеткіміз келеді.

А. Алтайдың бұл туындысында қасқырлар мәселесін көтеруінің символдық мәні бар, себебі, роман-миф жарық көрген кезде түркі халықтарының басым көпшілігі егемендік алып, түркілік идеялар осы заманның ең өзекті мәселесі ретінде көтеріле бастағаны белгілі. Құрып кеткен қасқырлардың бір туындының бас кейіпкерінің түсінде, я өңінде көрініп барып, аңшы жігіт Байбураны өзімен бірге ертіп әкетуін бейнелеу

арқылы автор түркі халықтарының ежелгі біртұтастығын қалпына келтіруге кедергі келтіріп тұрған шешуін таппаған мәселелердің молдығын мезгеп тұрғандай. Жазушы байырғы қазақ дүниетанымындағы қасқыр тотемінен туындаған мифтік образды қазақтың жаңа прозасына өзінше трансформациялайды.

Мария-Агатаны федералдардың қолына түсірмей құтқаруда Байбураға тағы да Көк бөрі көмекке келеді. «Бұған таныс боз сәуле көк төрінен көк тұман тұтқан жерге – тап қарсы алдарына саулай құйылды. Лезде әлгі сәуле бозаң бөрі сұлбасына айналды. Құйрығы салбыраған боз бөрі бұларға басын бұра қарады. Шоқтай қызыл көздері жарқ етіп, үрейленіп тұрған Мария-Агата мен Мұхаммедтің мысын басты. Байбура ғана селт еткен жоқ. Ажал аузынан алып қалар Ана-Бөрі оралған еді.

Бозиесі бұлаңдай алға түсті. Көк тұман тұтқан дүниені көк төрінен түскен боз сәуле жарып барады. Соңынан сорлы пенделер еріп барады.

Ана-Бөрінің соңынан Байбура нық қадаммен алға озды...» [5].

Ұлттық тотемді ұтымды қолдану арқылы жазушы тамаша туындыны өмірге әкеле білді. Оның дәлелі сюжет желісі бойындағы бөрі бейнесі мен киесінің өз оқырманын елітіп отыруы. Және оқиға бір жерде өтпейді. Әлемнің әрқиырында түрлі тағдырларды тоғыстыра, ажырастыра өріліп, санаға сансыз сұрақтың сәлесін түсіреді.

Ұлттық жадыда ерекше тылсымды жерлер, әлемнің кіндігі сияқты мифтік ұғым-түсініктер бар. Соның бірі – жер кіндігі саналатын – Мұзтау. Ол әлем мифологиясында түрліше аталғанымен географиялық орналасуы бәрібір қасиетті Алтай тауына бастап алып келеді. Автор осы турасында кейіпкер әңгімесі арқылы том-том кітапқа арқау болар мәліметті аз сөзге көп мағына сыйдырып береді:

«– Бур, – деген осы сәт Мария-Агата, – неге үндемей қалдың?

– Үндегенде не деймін?

– Бірдеңе айтсаңшы!

– Айтатын не бар? Өзің айт, мен тыңдайын.

– Солай ма?! – Мария әрі таңырқай, әрі қулана жымыды. – Айтсам, – мен сенің Алтайыңда болғам. Белуха бауырында... рериховшылармен бірге. Ресейліктер ертіп барған... Атқа салатын ерге ұқсайды ғой ол тау.

– Мұзтау, – деп қалды Байбура.

– Қалай? Қалай?

– Қазақтар «Мұзтау» дейді. Мұздан қаланған шың дейді...

Алтай – жер бетіндегі адам тілмен айтып жеткізе алмайтын сұлулық пен ұлылық мекені... Oh, эврика!» [5].

Біз жазушы шығармасынан Кеңестік империядан кейінгі дәуірдегі дал болған өзімізді, өз буынымыздың әрі-сәрі күйін, моралдық-психологиялық ахуалын танимыз. Біле түсеміз. Осыны түсіну мифтік мотивтерден бастау алатындығымен ерекшелене түскен.

Асқар Алтайда ұлттық және әлемдік мифтік, архетиптік ұғым-түсініктер мүлдем араласып кеткен, түп негізін қолға ұстатпайды. Біріне шап берсең, екіншісінің шеті қылтып шыға келіп, оқырманмен армансыз ойын ойнайды, сананды сарсылтып, ойыңды арбайды. Әлем және христиан мифологиясында «адасқан ұлдың оралуы» діни мотиві бар. Осы мотив «Туажаттың» лейтмотиві болып өріліп отырады.

Әңгімеде адасқан өмірінің ақ түтегінде пана болған Төребейіт туралы айтылатын мифтеме бар. Шыңғыс хан тұқымы – Әбілпейіс төре ұрпақтары көтерген Төребейіт. Бұл атам қазақтың жер-суын кие тұтуының, билеушілерін көкке көтеруінің этнографиялық келбетін танытады.

Мифтік мотивтермен өрілген шизоанализ қолданысын әдебиетімізде терең пайдаланып, шығармасының бойына ендіріп жүрген санаулы қаламгерлеріміздің бірі – Асқар Алтай.

Оны автор шығармасында былайша суреттейді:

«Он жетісінде бұған да пана болды ғой. Пана ғана емес, алай-дүлей ақ боран өмірінің ақтүтегінде адастырмай алып жүретін Бозиесі – Ана-Бөрісін көк төрінен шақырған да осы төре мола. Боз боран дүниеде бозбала Байбураны Ана-Бөріге тәңірідей табыстап жіберген де осы Төребейіт. [5]. Біз қаламгердің туындысын көлемді етіп беріп отыруымыз оның мәтінін әдеби талдауда бұзып жарып қолданатын болсақ, онда автордың айтар ойын, оқырманымен ойынын келте қайырып, мәселенің не туралы өрбіп отырғандығын аяқсыз қалдырамыз.

Кейіпкердің түс көру, аян беру амалымен біз ғажайып әлемге аяқ басамыз. Ата-баба тотемнің қошеметіне бөлену арқылы біз бағзы мифтік ұғым-түсініктің құпиясын ашқандай күйге түсеміз. Авторға оқырман ретінде алғысымызды айтып, өзімізше ой өрбітіп, қиял шарықтатып, қаламгер туындысының қосалқы туындыгеріне айналып шыға келеміз. Міне, осылайша қазақ неомифологизмінің тамаша туындысымен табысқандай боламыз. Шығарма бойындағы жасырын арналардан бабалар рухын аңсап, сана ағымымен сан саққа ой жүгіртуге көшеміз.

Автор түс көруді ата-баба сенімі дәуіріндегі есте жоқ ескі кезеңдегі түсінікпен орайластыра, келістіре отырып бейнелейді. Байбураның желмен ұшып кетуі, әкесінің сайтанды ұстап алуы сияқты ұлттық коларитке толы тылсымның қазақ әдебиетіндегі шынайы ашылуына ұластырады. Сонымен бірге «Ерекше өмірге келу» мифтік сюжеті қазақи қалыпта тамаша өріледі. Осы қара құйын оқиғасынан кейін Байбура анасыз өседі. Соның өтеуі ретінде тотемдік Ана – Бөрі анасы боп оралады. Байбураны талай төніп келген ажалдан осы Бөрі-Ана киесі алып шығады. Бұл да автордың тыңнан сүрлеу салған жолы деп бағалауға болады.

Байбура жай кейіпкер емес. Ол қазақ неомифологизмі аясында магиялық реализм дәстүрінде ұлттық ерекшелігімізді толыққанды танытатын ілкі қаһармандардың бүгінгі заман адамның бойына барша болмысы мен тағдыры тоғысқан бейне. Оның туған жерге келіп, әке бейітіне құран оқып, тағзым етуі бұрынғы түсінікті жоққа шығармайды. Қайта «өлі риза болмай, тірі байымайды», – деген ұстанымызды бекіте түскендей болады. Осы жерде өзінің де жерленген деген жазуына немесе қабіріне куә боламыз. Автор осы қос-қос оқиғаларды үстемелей суреттей отырып, ныққа ауыр жүк арқалата түскендей кейіп танытады.

Әке қабірінің басында болған қазақты көз алдыңызға елестіп көріңізші, қанша жасқа келсе де, өзін балаша сезініп, жатқан жері жанаттағы жаннан қолдау күтеді. Міне, бұл біздің перзент ретінде әке қабірі басында болғандағы өзіміздің кім екенімізді, мына жарық дүниеде не үшін жүргенімізді сезінетін айтып жеткізе алмайтын тылсымды түсінетін сәтіміз. Дәл осындай сезімді біз Байбурамен бірге бастан кешеміз. Не істеп не қойдық деп Алла мен әкеміз алдына есеп береміз.

Жазушы бізді саяхаттың қиял кемесіне мінгізіп, Байбурамен бірге бірде бүгінге, бірде 1986 жылға сапар шектіріп отырады. Мұнда да жазушы тарихи оқиғаны тап басып, айна-қатесіз баяндауға тырысады. Аландағы жастардың ерлігі. Күші басым қарулы жасақпен айқасы. Тап бір сол алаң ішенде жүргендей күй кешесің. Бұл да біздің тарихымыздағы шындық. Оған ақиқат көз жеткізесіз. Бізді таңқалдырғаны жазушының қаламынан шыққан жолдар өзгертусіз алынып, сол қалпында қолдануға сұранып тұрады. Тіпті өзгенің сөзін өзіндікі етіп берудің жолын да нұсқайды.

Ұлт тағдыры, оның күйініші мен трагедиясы. Қазақ жастарының аузынан шығып, егемендік дәуірге жол нұсқап тұр. Тағдыр тауқыметін тартқаны аздай терроршы деп

айыпталған Байбура ҰҚМ қызметкерлерінің қолынан қашып асау Ертіске өзін атады. Ертісте аласұрған адасқақ ұлын айлалы Ана-Бөрі тағы да ажалдан құтқарып қалды. Ит көйлекпен туған Байбура тура келген ажалдан бұл жолы да аман қалады. Оқырман жүрегі орнына түсті. Жаны жай тапты. Мифологиялық түсінікте иткөйлекке байланысты С. Қондыбай мынадай пікір келтіреді: «ит – о дүниелік күзетші, ит – өлген адамның жанының кейпі» [8, 140].

Кейіпкерлері турасында прозалық поэзиямен ой төгілгенде Асқар Алтай сөзден маржан тізеді. ... Ол екеуі де жарық дүниеге келгенде бақытты еді. Бақытсыз болғандары кейінірек. Көк аспандай кіршіксіз еді. Кірлегендері кейінірек. Қандай кесек ойлар, кестелі сөздер.

Туындылардағы жолдарды тап бір қаламгер жазбағандай, кейіпкердің аузынан өздігінен ағылып шығып жатқандай сезімге оранасың. Осы шығармадағы «Шын сүйгендердің қосыла алмауы» мәңгілік мифтік мотиві алдан шығады. Жастардың махаббат жыры соңғы қоңыраудан кейінгі эпизод арқылы беріледі: «Мен саған алданышпын... Иә, иә! Аз күнгі алданышпын. Еремекпін... Айдалада шашылып қалар алқамын...

Алқабегімнің айтқаны келді ғой ақыры. Ол бұған бозбала шағындағы аз күнгі алданышы болыпты. Тағдыр атты қатал әмірші екеуін екі айырыпты. Болжалсыз өмірге екеуі де ерттеулі аттай жегіліп, бірі егіліп, бірі бүгіліп күн кешіпті. Ех, арман-ай!» [5].

Өзінің кіндігінен тараған ұрпақ бар екенін Байбура түсіндегі аяны арқылы сезеді. Оның түсіне Алқабегім кірді. Түс көру қаламгерлердің жиі қолдантын әдеби тәсілдерінің бірі. Көбінесе түс көру мотиві мифтің генезисімен байланысты. Осы шығармада да жазушы Алқабегімнің образын ашуда осы бір мотивті оңтайлы қолдана біледі:

«Жармақ сәбидің жан шырылын күтіп жатқандай, Алқабегім оқыс көзін ашып алды да, қайта жұма қойды. Оны бірақ жанталаса тігіп жатқан дәрігерлер байқамай да қалды. Іле Алқабегімнен әлдебір сағым сияқты сәулелі сұлба бөлініп, төбеге қарай көтеріле ұшты». Бұл туынды толып тұрған тылсым мен ұлттың жан сырына толы. Оның тереңіне бойлау үшін авторлық ойынның жетегіне адаспай ере білу керек.

Асқар Алтайдың табиғи шеберлігі оқыс оқиғаларды, оғаш кейіпкерлерді сюжет өзегіне енгізу арқылы кесек оқиға туындата алу. Осындай кесек оқиға туындата алу романдағы «өліп тірілу» мифтік мотивімен байланысты. Осы шығармадағы өлген әйелдің қорлану, зорлану оқиғасы қазақ әдебиетінде А. Алтайдың «Алтайдың ал қызыл модағай» роман-мифінде кездескені белгілі. Бұл роман-мифте автор басқа ой-тұрғысынан шешім тапқызады. Ұлар мен Алтайдың аюы арасындағы айқаспен аяқталады. Ал, «Туажатта» мүлдем ұшыраспаған шетін оқиғаны автор ардан аттамай, мифтік мотив аясында әдеби кескіндей алған:

«Қортық Орақбай Алқабегім жатқан жансыз тәнді арбасы үстіне аудара салып, әкете жөнелді. Оның соңынан ұшып Алқабегім рухы да ілесті.

Қортық, мәйіт, рух – үшеуі де төмендегі салқын жертөлеге лифтімен түсті. Мұнда мәйіттер ақ матаға оралған күйде су төгілген цемент еден бетінде шашылып жатыр екен.

Әлі суынып үлгермеген Алқабегімнің жып-жылы тәнін арбадан аударып тастауға ерінгендей, Орақбай қортық бір мезгіл дағдарып тұрды. Жан-жағына мысықша ұрлана қарап-қарап алды. Ешкімнің жоғына көзі жеткендей болды ма, кенет өзінің иығынан келіп тұрған арба үстіне секіріп мінді. Сол бойда шалбарының ауын ағыта бастады.

Бір сұмдықты түйсінген Алқабегім рухы оқыс сілкінді. Ол әлі де ауын ағыта алмай әлектеніп, арба үстінде, мәйіт тізесінде шоқиып отырған Орақбай жүзін шапалағымен тартып өтті. Қортық бетін әлдеқандай жылы леп жанап өтті. Ол да аңырып қалды да, шешеден бір боқтап жіберіп, ауының түймесін үзіп жіберді. Енді рух та шыдай алмады білем, әлі суынып үлгермеген тәніне Алқабегім қалай қойып кеткенін өзі де сезбей қалды.

Сол сәтте тұла бойы тіксіне шымырлап, жаны ышқына қиналып, төмен жағында томардай шоқиған қортықты шірене тепті.

Ет пен сүйектен біткен бұла тәнде ыстық қан жүгіріп, бұлшық ет ширғып, сана да саралана берді. Алқабегім оқыстан басын көтеріп отырды. Ал Орақбай қортық болса, оқыс жан кіріп, тұтқиылдан тірілген мәйіттен зәре-иманы ұшып, шығар есікке қарай еңбектеп бара жатты » [5].

Біз еңбектей қашқан қортық Орақбайды оқыған сәтте қыз арының кір шалмағандығына шаттанамыз. Осы мәтіннен ләззат алу әдеби тәсіл арқылы автор оқырманын жоқ жерден қайғы бұлтынан арылтып, қуаныш пейішіне ендіреді.

Нәтиже. Сонымен бірге біз басында Асқар Алтайдың шетін оқиғаларды шығарма тініне енгізудің қазақ прозасындағы шебер екендігін сөз еткен едік. Тек бүгінгі емес, келешекте де автор мәтіні ішінде мәтін стилін қолданысқа түсірсе таң қалуға болмас деп білеміз.

Асқар қазақ әдебиетінің барша дәуірінің, барша кезеңінің өзіне тән стилін шеберлікпен меңгерге білген қарымды қаламгер.

Автор тек кейіпкер сөзін психологиялық сезімділікпен беріп қоймайды. Сонымен бірге оның бойына түрлі мәдениет пен түрлі ұлттардың салты тоғысқан ақпараттар ағынын да енгізеді. Мысалға: Жаралы жолбарыс секілді жан-дүниесін жыртқыштық жайлап алған тағы ғой, жанкешті сарбаз ғой... «жазым етер» деген күдік көмейіне іркілді. Мария-Агата аузын жиып, тілін жұтып қойды. Жаннан безген жаннан бәрін күтуге болады. Кісі қанын жүктеген пенде емес пе бұл, «Абельді өз қолымен өлтірген Каин» деген ой найзағай отындай санасында жарқ етті. Міне автор өз ойын мифтік мотивтердің өрілімін шындыққа сай етіп көмкере суреттейді.

Қорытынды. Туажат адам тудырған қиянкескі қоғам, туажат пенде тіксінген қияметті дүние жалғаса берері хақ. Ал Туажат – осы бір оспадар сұмдығын жасырған жалған дүниеге, озбыр қылығын жасырған қоғамға жат жаниесі. Ендігі уақытта қорланған сезімі, қор болған сенімі жүрегін суынтқан Туажат шыдай алмас... Алапат әрекетке белін байлар, ірі іске басын шалар. Кейіпкердің ой шарыпысы жазушының қаламынан туындаған от шарпысына ұласып, қып қызыл өрттің ішінде қалған беймаза туажат кейіпкермен қымай қоштасып әрі-сәрі күй кешеміз.

Романның соңғы бетін жабарда сезінеріміз бас кейіпкердің аты мен тегі кодтанып беріліп отырғандығын ұғынамыз. Байбура Майдановты әр оқырман өзінше тәпсірлегенмен, бәрібір интерпретация бір-бірінен алыс кетпейді. Майдан даласында қаһарлы Бурадай кәр шашқан бабалар аруағы қонған жан санамызда көрініс табады. Қазақ екенімізді, Қас Сақ екенімізді мимызға ұмытылмастай шегелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Nusipalikyzy, A., Maulenov, A. Archetypal characters of the mythological plot in the novel of Altay, s “The red Modagai of Altai”. [Text] / A. Nusipalikyzy, A. Maulenov // Science and life of Kazakhstan, 2019. – № 2 (76) – 182-185 p.

2 Түсіпхан, Н. Жазушы жауапкершілігі. [Текст] / Н. Түсіпхан // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2016

3 Ментебаева, А. Жазушының жалғыздық әлемі. [Текст] / А. Ментебаева – «Әдебиет порталы», URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/1956063>.

4 Юнг, К.Г. Душа и миф: шесть архетипов [Текст] / К.Г. Юнг, // пер. с англ. – Киев; М.: Изд-во «Порт-Рояль-Совершенство», 1997. – 382 с.

5 Алтай, А. Туажат. Роман. [Текст] / А. Алтай – «Абай» ақпараттық порталы, URL: <https://abai.kz/post/47398>

6 Кеңесбаев, Т. Лениннің бәтеңкесі. Әңгіме. [Текст] / Т. Кеңесбаев – «Алаш айнасы» порталы, URL: <https://alashainasy.kz/proza/talgat-kenesbaev-leninnn-batenkes-66183/>

7 Аронұлы, С. Толық шығармалар жинағы. 1-кітап. [Текст] / С. Аронұлы – Алматы: Әдебиет әлемі, 2015. – 552 б.

8 Қондыбай, С. Толық шығармалар жинағы. 12-том: Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. [Текст] / С. Қондыбай – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 536 б.

REFERENCES

1 Nusipalikyzy, A., Maulenov, A. Archetypal characters of the mythological plot in the novel of Altay, s “The red Modagai of Altai”. Science and life of Kazakhstan, (2019): № 2 (76), 182-185 p.

2 Tusiphan, N. Zhazushy zhauapkershiligi. [Responsibility of the writer]. «Kazakh adebieti» gazetі, (2016): – (in Kaz)

3 Mentebaeva, A. Zhazushynyn zhalgyzdyk alemi. [The lonely world of the writer]. «Adebiет portaly» – (in Kaz)

4 Yung, K.G. Dusha i mif: shest' arhetipov [Soul and myth: six archetypes]. Kiev; M.: Izd-vo «Port-Royal'-Sovershenstvo», (1997): 382 s. – (in Rus)

5 Altaj, A. Tuazhat. Roman. [Tuazhat. Novel.]. «Abaj» akparattyk portaly – (in Kaz)

6 Kenesbaev, T. Leninnin batenkesi. Angime. [Lenin's boots. Story.]. «Alash ajnasy» portaly – (in Kaz)

7 Aronrly, S. Tolyk shygarmalar zhinagy. 1-kitap. [Complete collection of works. Book 1.]. Almaty: Adebiет alemi, (2015): 552 b. – (in Kaz)

8 Kondybaj, S. Tolyk shygarmalar zhinagy. 12-tom: Argykazakh mifologiyasy. 4-kitap. [Complete collection of works. Volume 12: Ancient Kazakh mythology. Book 4.]. Almaty: «Arys» baspasy, (2008): 536 b. – (in Kaz)

АРХЕТИПИЧЕСКИЕ СИМВОЛЫ НЕОМИФОЛОГИЧЕСКИХ МОТИВОВ В РОМАНЕ А. АЛТАЯ «ТУАЖАТ»

Аннотация. В статье рассматриваются архетипические символы, отраженные в древнеказахских мифах неомифологических мотивов романа А. Алтая «Туажат». В мировой и отечественной литературе интерес и поиски мифа не уменьшились, а возросли. Не осталась в стороне и проза нашей национальной литературы, которая является составляющей казахской культуры. Сколько бы ни сталкивалось современное человеческое общество с экономическими трудностями, современная отечественная литература переживает духовно-культурное возрождение. Сегодняшняя отечественная литература вдохновляется древним казахским архетипом, и пишутся произведения, отвечающие требованиям времени. Наши писатели свободно предаются мистическим, утопическим и фобическим творческим формам, отраженным в мировой культуре с помощью мифов, и описывают свои мысли символическими метафорами.

Мифология обретает собственное поэтическое мышление в произведениях Аскара Алтая. Такое мыслительное мышление демонстрирует полное творческое владение автором природы процесса мифификации реалистических и постмодернистских течений. Автор обращает внимание на мифы и фольклор в изображении различных негативных явлений, чуждых современному обществу. Он также обогатил ранее устойчивые и традиционные мифологические шаблоны, подвергнув их различным изменениям.

Близость художественной прозы к философии и психологии – доказанный факт современного литературоведения. Поэтому с авторским мифом связана эпоха появления новых абсурдных, изобразительных и мистических произведений, постепенно отходящих от господства сегодняшнего реализма.

Таким образом, в начале XXI века казахские прозаики, писавшие в различных жанрах, стали свободно познавать мировые и древнеказахские мифологические материалы. В творчестве Аскара Алтая различные культурные направления и литературные реминисценции соединились в одном месте в пространстве художественного текста. Вместо традиционализма автор создал новые мифы, рассказанные современным «сказочником», имеющим свои особенности, иной стиль речи, иное понимание жизни.

Ключевые слова. Архетип, постмодерн, мифология, процесс мифификации, неомифология, авторский миф.

ARCHETYPAL SYMBOLS OF NEO-MYTHOLOGICAL MOTIFS IN A. ALTAI'S NOVEL «TUAZHAT»

Abstract. The article deals with the archetypal symbols reflected in the ancient Kazakh myths of neo-mythological motives of A. Altai's novel «Tuazhat». In world and domestic literature, interest and the search for myth did not decrease, but increased. The prose of our national literature, which is a component of Kazakh culture, did not stand aside. No matter how much modern human society faces economic difficulties, modern domestic literature is experiencing a spiritual and cultural revival. Today's domestic literature is inspired by the ancient Kazakh archetype, and works are written that meet the requirements of the time. Our writers freely indulge in mystical, utopian and phobic creative forms, reflected in world culture with the help of myths, and describe their thoughts with symbolic metaphors.

Mythology acquires its own poetic thinking in the works of Askar Altai. Such mental thinking demonstrates the author's complete creative possession of the nature of the process of mythification of realistic and postmodernist trends. The author draws attention to myths and folklore in the depiction of various negative phenomena that are alien to modern society. He also enriched previously stable and traditional mythological patterns by subjecting them to various changes.

The proximity of artistic prose to philosophy and psychology is a proven fact of modern literary criticism. Therefore, the era of the emergence of new absurd, pictorial and mystical works, gradually moving away from the dominance of today's realism, is connected with the author's myth.

Thus, at the beginning of the 21st century, Kazakh prose writers, who wrote in various genres, began to freely learn world and ancient Kazakh mythological materials. In the work of Askar Altai, various cultural trends and literary reminiscences are combined in one place in the space of a literary text. Instead of traditionalism, the author created new myths told by a modern "storyteller" who has his own characteristics, a different style of speech, a different understanding of life.

Key words. Archetype, postmodern, mythology, mythification process, neomythology, author's myth.

ҒТАХА 16.01.11

DOI: <https://doi.org/10.62724/202430305>

Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы*¹

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қ. Ә.Молдағалиева даңғылы, 34, sadu_ngd@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3961-3683

ПРОФЕССОР Қ. ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл білімі саласында танымал ғалым Құдайберген Жұбановтың өмір жолы, ғылыми және педагогикалық еңбектері туралы баяндалған. Профессор Қ.Жұбанов - өткен ғасырдың отызыншы жылдарында ұлттық тіл білімін қалыптастыруға ерекше үлес қосқан ғалым. Ғалым өзі еңбек еткен кезеңде қазақ тілін зерттеу жұмысында алғашқы шешуін күткен мәселелерге белсене араласып, қазақ әліпбиін құрастыру, ана тілінде жазу емлесін түзеу, қазақ жазуын латын графикасына көшіру, ұлттық терминологияны қалыптастыру, қазақ тілінде оқулықтар жазу, әдістемелік еңбектер шығару сияқты т.б. ғылыми жұмыстарды жасағаны сөз болады. Оның жазған еңбектерімен танысу барысында ол қазақ тілін ғылыми тұрғыда терең зерттеуге назар аударғанын байқауға болады. Ана тілінің ішкі заңдылықтарын таныту үшін сөздің фонетика, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін, тарихи даму заңдылықтарын, терминология мәселелерін ғылыми тұрғыда талдай білгені туралы баяндалған.

Ғалымның зерттеулері қазіргі кезде де маңызды екендігі айтылған. Оның еңбектерінде тіл білімінің барлық саласы қамтылғанын, фонетика, лексика, грамматика мәселелерімен қатар, қазақ тілін оқыту әдістемесі, терминология, жазу емлесі, стилистика, аударма, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қатысты да еңбектер жазғаны айтылып, осы еңбектеріне талдау жасалған. Мақалада ғалымның «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» еңбегі, «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығы, «Қазақ тілінің програмы» бағдарламасы, «Қазақ тілінің емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері», «Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесу түрлері туралы», «Қазақ тіліндегі сөйлемнің құрылымы туралы», т.б. ғылыми еңбектеріне талдау жасалады.

Кілт сөздер. Тіл білімі, фонология, дауысты және дауыссыз дыбыстар, сингармонизм, буын, сөз саны, сөз тіркесі, сөйлем, терминдік қолданыстары, фонема теориясы.

Кіріспе. Биыл қазақ халқының аяулы азаматтарының бірі, есімі тарихта мәңгіге қалған біртуар тұлға, ғұлама ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың туғанына 125 жыл толып отыр. Ол өткен ғасыр басында еңбек еткен қазақ филологиясындағы алғашқы ғалымдар тобының көшбасшысы, қазақ тілі білімінің негізін салып, оның қалыптасуына өз үлесін қосқан тума талант ғалым еді. Жиырмамыншы ғасырдың басында, нақты айтқанда, 30-жылдары, қазақ тіл білімі саласындағы алғашқы проблемалар қазақ әліпбиі мен орфография заңдылықтарын негіздеу, жазуымызды араб графикасынан латын әліпбиіне көшіру, қазақ дыбыстарының саны мен фонемалық мәнін нақтылау, акустика-артикуляциялық ерекшелігіне қарай топқа жіктеу, қазақ грамматикасының теориясын жүйелеу, сөзді таптастырудың негізгі

қағидаларын анықтау, қазақ тілі ғылыми категорияларына теориялық анықтама беру, ұлттық терминологияның ғылыми ұстанымдарын белгілеп, қазақы терминдер жасау, ана тілінің алғашқы оқулықтарын шығару, т.б. жұмыстарын жоғары деңгейде зерделеп, оны жүзеге асыру істері сол тұстағы білікті маман, профессор Қ.Жұбановтың зерттеу-шешуін, қарымды еңбек етуін талап еткен еді.

Зерттеу материалы мен әдістері. Жұмыста қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаушылардың бірі профессор Қ.Жұбановтың өмір жолы баяндалып, оның ғылыми еңбектеріне талдау жасалды. Жұмыста ғалым өмір сүріп, еңбек еткен кездегі тіл біліміне қатысты мәселелер мен оның атқарған қоғамдық жұмыстары жайында мәдени жұртшылық пен ғалымдардың пікірлері негізге алынып, баяндау, сипаттама, талдау, қажет мәліметтерді саралау, салыстыру әдістері пайдаланылды. Қ. Жұбанов мұраларын ғылыми бағыттарына қарай жіктеп, топтастырып, жүйелеп ұсынуға назар аударылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Мақалада қазақ халқының өткен ғасыр басындағы әлеуметтік тұрмысы мен оқу-білім жайы ғалым Қ.Жұбанов өмір жолы арқылы көрініс тауып, ғалымның ғылыми мұрасы мен қоғамдық жұмыстарымен сабақтастырыла баяндалып, профессор Қ.Жұбанов зерттеулерінің қазіргі қазақ тіл білімі ғылымының дамуына қосқан үлесін таныту мақсатында оның ғылыми еңбектеріне талдау жасалды. Мақалада ғалымның тек қазақ филологиясының талантты ғалымы ғана емес, атқарған қоғамдық жұмыстарының ауқымдылығын, оның тарихи тұлға ретіндегі еңбегі әлі де ескерілмей келе жатқандығы жұртшылық назарына ұсынылды.

Құдайберген Жұбанов 1899 жылы қазақ жерінің батыс бөлігі Орал облысындағы Темір уезінің Темір-Орқаш болысындағы Қосуақтам (қазіргі Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы Орқаш ауылында) дүниеге келді [1.9]. Жастайынан ауыл молдасы алдын көріп, араб әліпбиін жете меңгерген бала Құдайберген мешіт жанынан үш жыл ислам дінінің шариғаттарын танып, сонымен қатар араб-парсы тілдерін де терең меңгереді. Ол тек молданы тыңдаумен шектелмей, өз бетімен де ерінбей ізденіп, білімін толықтыра түсуге талаптанады. Он бестегі талапты жас 1914 жылы Орынбор қаласындағы Хұсайния медресесінде шәкірт бола жүріп, сол жерде шығыс мәдениеті мен білімін тереңірек тани түсуге мүмкіндік алып, одан соң білім жолында екі класты орыс мектебін де аяқтап, орыс тілін меңгеруінің арқасында еуропа білімі мен мәдениетімен де таныс болады. Жас дарынның осы бастапқы білімі оның кейіннен белгілі тіл маманы болуына, қазақтың тұңғыш профессоры, лингвист-ғалымы болуына ықпал етеді. Қ.Жұбанов өзінің оқу-ағарту саласындағы еңбек жолының алғашқы кезеңін Ақтөбе жерінде губерниялық оқу бөлімінің инспекторы қызметін атқара жүріп өткізеді. Оның оқу-ағарту майданындағы тынымсыз еңбегінің жарқын беттері жөнінде сол кездегі Ақтөбе облысы деңгейіндегі «Кедей» газетінің сарғайған парақтарынан оқып-білуге болады. Осы газеттің «Халық ағарту» деген айдарында «Ойыл комуне мектебі кімге тиіс?», «Басшылық күшейтілмек» деген айдарында «Мұғалімдер, зер сал, губатком, жәрдем ет», сонымен бірге оқу-білім жайын «Оқу жайындағы мұңды осы бастан ойлау керек», т.б. мақалаларында Ақтөбе жеріндегі оқу-білім мәселесін жақсарту ісінде белсенді, білімді маман ретінде танылады [2.31-34]. Қ.Жұбанов Ақтөбе губерниялық халық ағарту бөлімінде методист-инспектор бола жүріп, Ақтөбе педтехникумында да сабақ береді. Оның ұстаздық, ағартушылық қабілетін алғаш танытқан Ақтөбеде еңбек еткен кезеңдегі педагогикалық жұмысы, оның оқу орны үшін оқу-әдістемелік еңбек, бағдарлама жасау істеріне араласуы туралы мәселелер жөнінде сол кездегі мұрағаттарды жете зерттегенде ғана толық мәлімет беруге болады. Сондықтан ғалымның ұстаздық, ағартушылық қызмет жөнінде сыр тартқан Ақтөбе мұрағаттарындағы шаң басқан құжаттар өз зерттеушісін күтіп жатыр.

Ғалым 1929 жылы Ленинградтағы Шығыстану институтының түркологиялық бөліміне оқуға түсіп, акад. А.Н.Самойлович басқарған «Түркологиялық семинар» деп аталған ғылыми орталықта зерттеумен айналысып, кейіннен КСРО Ғылым академиясы Тіл және ойлау институтындағы (қазіргі Тіл білімі институты) «Яфетидологиялық семинарға» аспирант болып ауысады [3.20-21]. Ғылымға құштар Қ.Жұбанов сол тұста жалпы тіл білімі, түркология саласында терең ғылыми білім алып, ғылыми ортаға өзін ізденімпаз дарынды түрколог ғалым ретінде таныта білген болатын. Осындай зор таланты мен ғылымға деген құштарлығы арқасында өз тұсындағы белгілі қазақ оқымыстыларымен бірге, сол кезеңнің есімі елге танылған И.И.Мещанинов, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов, К.К.Юдахин, А.К.Боровков сынды ірі орыс ғалымдары қазақ жерінен келген жас Қ.Жұбановты білікті ғалым, айтулы лингвист маман ретінде танып, оны жоғары бағалаған еді.

Түркітанушы Қ.Жұбанов ұлттық тіл білімінің барлық саласы бойынша құнды пікірлер айтып, зерделі зерттеулер қалдырды. Қазіргі таңда тілімізді зерттеу барысында ашылған жаңа деректер мен жаңалықтардың бастауы, алғашқы пікір Қ.Жұбанов еңбектеріне барып тірелетінін ескерсек, ғалымның көрегендігі мен ғылыми тереңдігіне тәнті боламыз. Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны – ҚазПИ-дің (қазіргі Абай атындағы Алматы ҰПУ) профессоры, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология факультеті деканы болып жұмыс жасайды. Сөйтіп ол тек қазақ тіл білімі мәселелерін зерттеумен ғана шұғылданып қоймайды, түркология проблемаларына да белсене араласады.

Қызылорда қаласында 1929 жылы өткізілген ғылыми-орфографиялық конференцияға қатысқан дарынды ғалым «Қазақ орфографиясының құрылу принциптері» атты емлеге қатысты баяндама жасап, ана тіліміздің жазу емлесін құруда негізгі ұстанатын принциптерін көрсетеді. Ал ғалымның Алматы қаласында 1930 жылы болған Қазақстанның өлкетану съезінде жасаған «Мағынасыз сөздердің мағынасы» атты баяндамасы ғылыми ортада жоғары бағаланып, нағыз түркітанушылық қабілетін көрсетеді. Қ.Жұбановтың ғылыми пікірлерінің құндылығын жоғары бағалап, осы баяндамасымен алдын-ала танысқан академик Н.Я.Марр оған жазбаша пікір берген еді [1.17].

Қазақ ССР Орталық Атқару комитетінің мүшесі Қ.Жұбанов сол өзі өмір сүрген кезеңдегі заман талабына сай халқының мәдениетін көтеру, оқу-білімге тарту істеріне белсене араласып, бірнеше жұмыстарды бір өзі атқарып, тынымсыз еңбектенеді. Ол институтта профессор бола жүріп, кафедра меңгерушісі, КСРО Ғылым академиясы жанындағы Қазақ филиалында лингвистика секторының меңгерушісі (қазіргі Тіл білімі институты), «Қазақ тілі академиялық сөздігінің» (осы күнгі 15 томдық түсіндірме сөздіктің) бас редакторы, ҚазССР Халық Ағарту саласы жанындағы Әдістеме, бағдарлама, оқу құралдары бөлімінің (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары институты) меңгерушісі, Мемлекеттік терминология комиссиясының председатели, терминология комиссиясының бюллетенінің редакторы, Ағарту Комиссариатының коллегиясының және Ұлттар мәдениеті институтының ғылыми кеңесінің мүшесі болып, жалғыз өзі бірнеше жұмысты қатар атқара білді [3.28-44]. Қазіргі таңда үш-төрт ғылыми зерттеу институтының басшы қызметкерлері атқаратын міндетті Жұбановтың қоғамдық жұмыс ретінде бір өзі жасауы оның халық үшін ерінбей, жанын аямай еңбек еткенін танытса, екінші жағынан, сол кезеңде Жұбановтай талантты ғалым адамның жетіспеуі деп түсінуге болады.

Қазақ фонетикасындағы алғашқы ғылыми терең мәнді зерттеулер де осы Қ.Жұбанов еңбектерімен байланысты екенін де байқауға болады. Ғалым өзінің ғылыми

зерттеулері барысында танымал болған «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегіндегі «Фонетика» бөлімінде қазақ анықтап, ана тіліміздегі буын құрылымын, сингармонизм заңын, екпін қызметін тілі фонетиканың да ғылыми нысанын көрсетіп, тілді фонетика-фонологиялық ерекшелігіне қарай талдап, тілдегі дыбыстың саны мен фонетикалық сапасын, дыбыстау мүшелерінің қызметін, әліпби мен орфография, терминология, т.б. мәселелерді зерделеп, ғылыми тұжырымды пікір айтып, алғаш рет қазақ фонетикасының ғылыми курсы жазып шыққан еді. «Сыз деген сөздің дыбыстары жуан, ал «сиз» дегенде сол дыбыстар жіңішке айтылып тұр» деген сөзі нағыз фонология тілімен айтылғанын дәлелдейді. Ана тілімізді алғаш зерттеген өзге тілді оқымыстылардың еңбектерінде қазақ тіліндегі дыбыстардың құрамы мен дыбыстық сапасы жөнінде бірізді дұрыс пікір болмағаны секілді, олардың еңбектерінде қазақша терминдер де жасалмағаны белгілі еді. Орыс түркологтары қазақ тілі фонетикасы бойынша арнайы бір тақырыпқа зерттеу жүргізбегендіктен олардың қалдырған жазбаларында қазақ тілінің фонетикасы тек практикалық мақсатта ғана талданды. Ал зерек ғалым сол тұстағы ғылыми жетістіктерге сай, фонема теориясын терең меңгеруі арқылы қазақ тілінің дыбыстарын жете зерттей білді. Түркітанушы ғалым «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі тарихынан» деген ғылыми көлемді мақаласында қазақ тіліндегі синтаксистің мәселелерін жалпы тарихи түркологиямен байланысты қарастырады.

Қ.Жұбанов «Из истории порядка слов в казахском предложении» деген еңбегінде тіліміздегі сөйлем құрамына терең талдау жасай отырып, екі немесе одан да көп сөздердің бірігуінің нәтижесінде жалқы есім болатын құбылысқа жете назар аударып, қазіргі кезде сөйлемде анықтаушы анықталушыдан бұрын тұратын болса, тіл дамуының бір дәуірінде сөздердің осындай орын тәртібі керісінше болғанын дәлелдеп, оған мысал үшін Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Көзжақсым, Жолғұтты, Бербасар сияқты адам аттарының құрамындағы анықтаушы пен анықталатын сөздердің тіркесі бүгінгі дағдылы қалптан басқаша екендігін, қазіргі синтаксистік тәртіп тұрғысынан қарауға болмайтынын алғаш көрсеткен еді. Мұндай орналасудың қазіргі қазақ тілінің грамматикалық нормасына қайшы екендігіне Қ.Жұбановтың мысалдары арқылы анық көз жеткізуге болады. Қ.Жұбановтың аталған мақаласы арқылы қазақ тілі білімінде тілдің грамматикалық құрылысының жеке мәселесін тарихи тұрғыда зерттеген тұңғыш еңбек екенін, осы зерттеуінде ғалым тарихи-салыстырмалы әдісті де алғаш қолданушы болғанын, анықтаушы сөз бен анықталатын сөздің қазіргі орын тәртібі кейін қалыптасқанын да бірінші болып дәлелдегенін және қосымшалардың этимологиясы да терең талданғанын кезінде көрнекті грамматист ғалым Н.Оралбаева атап көрсеткен еді [4.21-29].

Профессор Қ.Жұбанов ономастика немесе жалқы есімдер мәселесімен арнайы айналыспағанымен, ол қандай да бір ғылыми ой-тұжырымын дәлелдеу барысында жалқы есімдерге, әсіресе, антропонимдік атауларға көп көңіл бөлген. Ғалымның Итбай, Қасқырбай, Түйебай, Құлыншақ, т.б. жалқы есімдер туралы пайымдаулары зерттеулерінде тілдің басқа да мәселелерімен «қабаттасып, өріліп жатыр» деуге болады. Кісі аттарының семантикасы туралы айтылған соны ойлары Қ.Жұбановтың жалпы лексикология, әсіресе семасиология аясындағы қазіргі лингвистикалық озық теориялармен ұштасып, өзектесіп жатады.

Әлеуметтік лингвистика маманы ғалым Б.Хасанұлы өз мақаласында проф. Қ.Жұбанов зерттеулерінің қазақ тіліне арналғаны рас, бірақ ол қазақ тілі негізінде тіл теориясына барлау жасаған, бұған ғалымның зерттеулері дәлел болатынын айтып, оның еңбектеріндегі сөз өзгешілігі мен сөз қызметі, сигнификация, номинация, коммуникация, атты неге қоямыз, т.б. теориялық мәселелер мен ғылыми атауларды келтіріп, оған

ғылыми анықтама беруі Қ.Жұбановтың жалпы тіл теориясына да барлау жасаған ғалым екендігін атап көрсеткен еді.

Қазіргі кезеңде түрлі ғылымдар саласында қолданып жүрген терминдер Қ.Жұбанов есімімен тығыз байланысты. Ғалымның жасаған қағидаттарға сәйкестендіріліп алынған өнеркәсіп, автор т.б. көптеген ғылыми атаулар жалғасын тауып, осы уақытқа дейін ТМД, МКК сияқты т.б. термин атаулар жасалып, өзгермей қолданыста жүр. Терминжасам шарттарын құрап, термин сөздің тұңғыш рет ғылыми анықтамасын жасап, оның лексиканың өзге қатпарларынан өзіндік ерекшелігін көрсетіп беріп, бүгінгі қазақ терминологиясының дамып, қалыптасуына Қ.Жұбановтың еңбектерінің де маңызы ерекше деп білеміз.

Ғалым Қ.Жұбанов терминжасам қағидаттарын ұсына отырып, аударма терминдерінің алғашқы кезде құлаққа ерсі естілетінін, бірақ бұл терминдердің «самаурын», «бөкебай» сөздері сияқты сіңіп кететінін ескертеді. Кейбір терминдерді аэросаниға ұқсатып, ультракүлгін, микротаразы сияқты бірқатар терминдерді интернационал сөзбен қазақтың төл сөзіне ұқсатып әдейі алып отырғанын, инфрақызыл, сила – күш, канал лучи – канал сәулесі, волна световая – жарық толқыны, т.б. атау сөздермен қатар, терминжасам қағидаттарына сәйкес түбірі сол күйінше алынып, оның жұрнақтары қазақ жұрнақтарымен берілген: нормализация – нормалау, регламентация – регламенттеу секілді терминдер жөнінде өз көзқарасын ғылыми тұрғыда білдірген еді.

Тіл біліміндегі жаңа бағыттардың алғашқы көрінісін байқататын деректер ретінде Қ.Жұбанов еңбектеріндегі қолданбалы тіл біліміне қатысты тұжырымдарға зер салсақ, ол кейбір деректерді сан арқылы көрсетеді. Оның бұл бағыттағы ізденісін қазіргі «Статистикалық лингвистика» деп аталып жүрген саласының бастаулары деп атауға болады. Сонымен қатар «Сөз тіркесі синтаксисі», «Мәтін лингвистикасы», «Мәтін теориясы» атты тіл біліміндегі жаңа бағыт үшін де Қ.Жұбановтың еңбектерінен мол деректер келтіруге болады. Ғалымның тіл біліміндегі гендерлік зерттеуге де бастау салғаны аңғарылады. Оның гендерлік лингвистикаға қатысты ой-тұжырымдарына келсек, ол түркі тілдеріндегі көне сөздерге талдау жасап, көне түріктер бұрын бала деген жалпы атауды «ұғлан» деп қолданып, «ер ұғлан», «қыз ұғлан» деп жыныстық ұғымды айырып атаса, «оғыл – оғлан – оғлақ – ұғыл – ұл» деген варианттар ер бала, ұлан дегенді білдіретінін, бұл сөз қыз эпитетімен бұл күнде қолданылмайтынын айтады.

Қ.Жұбановтың өз ғылыми жазбаларын тек қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де еркін жазғанын байқау қиын емес, бұдан ғалымның орыс тілін де жетік меңгергенін ғана танып қоймай, қазақ тілі ғылымын орыс тілді ғалымдарға да танытуды мақсат еткенін байқауға болады. Ол зерттеу объектісі етіп тілді ғана алмай, халқының мәдениеті, әдебиеті, өнерін де зерттеуді мақсат еткен. Оның қазақ әдебиеттану ғылымының алтын қорынан табылатын құнды еңбек, қазір де өз маңызын жоймаған, 1934 жылы жазылған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген ғылыми мақаласы бар [5.245]. Осы еңбегінде Абай тек өз ұлтының ғана емес, бүкіл Орта Азия ақындарына үлгі боларлық жол салған, тілін таза, сол кездегі өзге ақындардай араб-парсы сөздерімен тілді шұбарламай, қазақ әдеби тілін дамытуға үлес қосқан ақын екендігін дәлелдеп, әдебиеттану ғылымына да өлшеусіз із қалдырды. Әдебиеттанушы ретінде Қ.Жұбановтың қазақ әдебиетіне қатысты жазылған, ғылыми маңызы аса зор зерттеулерінің бірі «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» атты еңбегі [5.281]. Шығыстанушы Жұбанов бұл еңбегінде ғалым – зерттеуші ретінде түркі тілдес халықтар әдебиетінің көрнекті өкілі, сопылық әдебиеттің негізін қалаған ақын Қожа Ахмет Иассауи туралы, оның «Диуани Хикмәт» еңбегі туралы алғашқылардың бірі болып салмақты пікір айтты [5.283]. Ахмет Иассауидың бұл «Хикметі» түркі тектес халықтардың рухани мұрасы болып табылады. Қ.Жұбанов аталған еңбегінде Яссауидің ақындық талантына айрықша баға беріп, «Диуаниды»

лингвистикалық әрі поэтикалық және тарихи тұрғыда терең зерттеген. Ғалым өмір сүрген XX ғасырдың 30-жылдарында, яғни діни идеологияға барынша жан-жақты «шабуыл үдеп» тұрған қиын-қыстау кезеңде, қазақтың ұлттық руханиятындағы Қожа Ахметтің орны, оның екі әлемнің мән-жайын сипаттайтын аталған дастаны туралы алғаш рет ауызға алып, ғылыми ортаның назарын аударуға күш салып, Яссауи әлемінен тағылымы мол лебіз білдіруі екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлікке пара-пар іс деуге болады. Осы еңбек туралы ғалым: «Тіл зерттеу үшін де, немесе ол кездегі халқымыздың тілін зерттеу үшін де «Хикмәттен бір қатар құнды деректер табылары даусыз», -дей келіп, - «бұл еңбек жалғыз дін дәстүрлерін ғана емес, ақыл-нақыл және жағымды әлеуметтік хұлық мінездерді де үйреткен. «Диуани Хикмәт» деген кітап атының мәнісі де «Ақлият сөздердің жинағы» деген болады», - дейді [5.310]. Лингвист ғалым тіл, әдебиет проблемаларын зерделеп қана қоймай, қазақтың музыка тарихына да көз жіберді. Ғалымның музыкатану мен тіл білімін өзара байланыста қарастыра білген еңбегі - «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы» [5.267]. Ол осы еңбегінде халықтың рухани мәдениетінің тарихын тануда тілдік материалдарды пайдалану жолдарын көрсетіп, өзінің тіл маманы ғана емес, музыка өнері жөнінде де білімдарлығын байқатады. Лингвист Жұбанов қазақ тіліндегі етістік категориясының зерттелуі жөнінде де ғылыми құнды ойларын қалдырды [6]. Қазақ тіліндегі *отыр, тұр, жатыр, жүр* көмекші етістіктерінің ерекшеліктерін жан-жақты қарастырып, қазір де қазақ тіл білімінде басшылыққа алынып жүрген ғылыми мәнді тұжырымдарын қалдырған еңбегі - «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» [5.430]. Ғалымның осы мақаласы етістік категориясын зерттеушілер тарапынан әлі де маңызын жоймағанын, автордың қазақ тілі лексика-грамматикалық заңдылықтарын өте жақсы біліп, ғылыми тұрғыда терең зерттегендігін танытады.

Мектептегі білім беру жайының білгірі Қ.Жұбанов 1936 жылы мектептің 5-6 - кластарына арнап «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығын жариялайды [5.136]. Бұл оқулықта ғалым қазақ тілінің морфологиясы мен синтаксисі мәселелерімен қатар, фонетика жөнінде де жүйелі зерттеу жүргізгендігін көрсетеді. Дарынды ғалым бізге жеткен «Буын жігін қалай табуға болады?», «Қосар ма, дара ма?», «К постановке исследования истории фонетики казахского языка», «Проект казахского алфавита», «К проекту реформы казахского алфавита» мақалаларында әліпби, фонетика, дыбыстың заңдылықтары туралы, «Қазақ тілінің емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «К пересмотру казахской орфографии» еңбегінде емле, жазу туралы, «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан», «О построении речи на казахском языке», т.б. ғылыми зерттеулерінде синтаксис жайында қазақ тілінің өзекті проблемаларын талдап, өзінің ғылыми көзқарастарын баяндады [5.581]. Ал «Термин сөздердің спецификасы жөнінде», «О специфике слов-терминов», «Физика терминдері жайынан», «Математика терминдері жөнінде», «Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией» т.б. зерттеулерінде қазақ терминологиясы проблемасы жөнінде де білгір маман екендігін танытып қана қоймай, қазіргі ғылымда қолданылып жүрген теориялық ұстанымдардың басты қазығы ғалым еңбектерінде жатқанын көрсетеді.

Ерекше талант иесінің ғалымдық және азаматтық биік тұлғасын танытатын елеулі монографиялық еңбектер де жазылды. Олардың қатарында алдымен аға буын ғалымдар Р.Сыздық, Б.Хасанұлы, М.Жұбанова, А.Тайжанов пен Б.Аханов, К.Кенжебаев пен Ә.Оралбай, кейінгі кезеңде жазылған Н.А.Садуақас, М.Жазықова, т.б. авторлығымен жарияланған басылымдарды атап көрсетпекпіз. Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы бойынша 1994-2009 жылдар аралығында зерттеушілер төмендегідей тақырыптарда ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғады: Тектігүл Ж.О.

«Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары», Мирон М.О. «Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы ролі», Садуақас Н.Ә. «Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің филологиялық негіздері», Омарова А.Қ. «Профессор Қ.Қ.Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы», Оралбай Ә. «Қ.Жұбановтың публицистикасы», Жазықова М.Қ. «Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасы», Терекова Ф.Е. «Языковая личность К.Жубанова социолингвистическое освещение», Сұлтан Ж.И. «Тілтанымадағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі» т.б. [3.356]. Ал магистр, аға оқытушы Әлия Ұлықпанова ғалымның әдеби мұрасы туралы оқу құралдарын жариялады.

Ғалым Қ.Жұбановтың ұрпағы туралы айтар болсақ, ғалым балалары арасынан да әке жолын жалғастырған елге танылған ғалымдар шықты. Кезінде белгілі ғалым, проф. Е.Қ.Жұбанов әкесінің туған жері-Ақтөбедегі жоғары оқу орындарында еңбек етіп, осы аймақтың ғылымын дамытуға сүбелі үлес қосқаны баршаға аян [7]. Ал Қ.Жұбановтың кенже ұлы, ғалым Асқар Жұбанов қазақ тіл білімінде корпустық лингвистика саласын дамытудағы ғылыми еңбектерімен танымал болған еді [8.47-52].

Құдайберген Жұбанов - өзі тіл маманы ғана болып қалмай, өзге де салаларға зерттеу жүргізген, қазақ әдебиеті, музыкасы, тарихы, білім беру, т.б. ғылым салаларымен де шұғылданған жан-жақты біртуар ғалым. Сонымен бірге тіл білімінің де белгілі бір саласымен ғана шектеліп қалмай, тілдің барлық теориялық мәселелері бойынша зерттеу жүргізіп, пікірін білдіріп, бірсыпыра құнды еңбектер қалдырған болатын-ды. Ерекше дарын иесінің тілдің барлық деңгейін қамтып, фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, этимология, түркология, т.б. бағытта жазған ғылыми мақалалары қазіргі таңда да өзінің ғылыми құндылығын жойған жоқ. Ғалым еңбектеріндегі теориялық тұжырымдардың, ғылыми қағидалардың өміршеңдігі, ұзақ кезеңді бастан өткерсе де, уақыт сынынан мүдірмей өтуі бүгінде кім-кімді болса да, таңдай қақтырмай қоймайды. Осы тұрғыдан келгенде, осы ерекшеліктің себебін көрсетіп, ғалымның ғылыми зерттеулерінің сырын ашып, оның маңызды болуына негіз болған жағдайларды білу де қажет етеді. Алдымен, тіл зерттеушісі Қ.Жұбанов – полиглот, шығыс-батыс тілдерін жете білген ғалым. Ол өзінің ана тіліне туыс түркі тілдерін жете біліп, оған қоса, шығыс тілдерін және еуропадағы ағылшын, неміс, француз, орыс тілімен қатар, басқа да славян тілдерін біліп, сонымен қатар жапон, қытай, монғол тілдері деректерін де өз еңбектерінде тиімді қолданғанын көреміз. Оның көп тіл білуі ғылыми жұмыстарында қазақ тілінің ерекшелігін жалпы тіл білімі деректерімен салыстыра зерттеуіне көмегі тиген. Ол жалпы тіл білімі, славян тіл білімі, шығыс тіл білімі, түркі тілдері теориясын өте терең білгендігін өзінің зерттеу еңбектерінде анық байқатады [9.279]. Сонымен бірге, зерделі ғалым өз тұсындағы әлемдік тіл білімінің озық зерттеу әдістерін жете меңгеріп, өз еңбектерінде осы тарихи-салыстырмалы тәсілді қолдану үлгісін де көрсете білді. Бұған қоса, ізденімпаз ғалымның зерттеуге, ғылыми ізденіске деген табиғатына дарытқан қабілетін, орасан зор дарындылығын қоссақ, оның ғылыми зерттеу еңбектерінің осы күнге дейін теориялық маңызы мен ғылыми мәнін жоймай келу себебін түсінуге болады. Өз кезінде лексиколог ғалым Ғ.Мұсабаев: «Құдайберген Қуанұлы өз өмірінде көп еңбек етіп, қазақ тіл білімінің іргесін қалап, түркологияға үлес қосқан, шығыстану жөнінде құнды пікір айтқан тамаша ғалым еді. Сондықтан да ол тек тілші ғана емес, жалпы шығыстану саласында мол еңбек еткен ғалымдар сапында тұрмақ», - деген еді [3.489]. Ғалымның публицистік шығармашылығының өзі бір төбе деуге болады. Оның осы бағыттағы алғашқы шығармашылық еңбектері сол кездегі дәстүр бойынша қолжазба журнал шығарудан бастау алады. 1917 жылы Күйікқала (Илецк) екіжылдық училищесінде оқыған жылдары «Тез» деген атпен қолжазба журнал шығарған екен. Ал

ғылыми жұмыстармен айналысқан шағында сол кездегі белгілі газеттер «Кедей», «Алаш», «Қазақ», «Еңбекші қазақ» беттерінде әдеби бүркеншік «Қараша бала», «Шекті», «Құдайберген» есімдерімен мақалалар жариялап тұрған [2.9]. «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Әйел теңдігі», «Үлгі алындар», т.б. мақалаларынан суреткерлік, сөз шеберлік, жазушылық талантын тануға болады. Ғалым мұрасын зерттеушілердің бірі Әмір Оралбайдың айтуынша, Қ.Жұбанов отызыншы жылдары елге танымал, беделді басылымдардың бірі болған «Ауыл мұғалімі» журналының бас редакторы қызметін де атқарған. Бұл жөнінде архивте Қазақстан Ағарту комиссарының орынбасары Аюпов 1937 жылдың 10 қарашасында қол қойған №1674 бұйрық сақталған екен [2.55].

Данышпан жазушы М.Әуезов өзінің естелігінде: «Жұбанов Құдайберген - стилі жатық, тілі орамды, терең білімді, мейлінше шебер жазатын адам. Оның публицистік қабілеті, әдебиет, мәдениет қазыналарын терең білетіндігі, ғылымның көптеген салаларымен байланысты өрісі кең, білімі өзінің мамандығы болып кеткен тіл білімімен астасып, жігі білінбей ұштасып жататын-ды», - деп жазған болатын [10.358]. Ерекше дарын иесі Қ.Жұбановтың қалдырған ғылыми мұрасын талдап, зерделеу нәтижесінде оның ғалымдық асқар тұлғасын танып қана қоймай, оның елін, халқын сүйген, осы жолда ештеңеден де қаймықпайтын батыл жан екендігін байқауға болады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы солақай саясаттың құрығына жазықсыз іліккен А.Байтұрсынұлындай дара тұлғаны ғалым Жұбанов ерекше құрмет тұтқан еді. Сол кезеңде «Алфавит құрудың математикалық формуласы» жайында жазылған Н.Ф.Яковлев еңбегіндегі жаңалық шын мәнінде А.Байтұрсынұлының қазақ әліпбиін жасауда қолданған амалы еді. Бұл шындықты ашық айтып, осы ғылыми жаңалықты заңсыз иеленіп кетуді «ғылыми плагиат» деп ашық сынаған да Қ.Жұбанов екендігін айтпақпыз [5.480]. Осы мәселеге байланысты еңбегінде ғалым А. Мектептегі: «Жұбановтың ащы шындықты тіке айтуы ол кезең тұрғысынан жүрек жұтқандық, ерлік еді», - деп дәл бағалады [11.166]. Қ.Жұбановтың тағы бір адамдық үлкен жүрегін, ерлік ісін 1934 жылы жазылған Абай туралы зерттеуіне байланысты айтуға болады. Бұл еңбектегі ғалымның ғылыми құнды ойлары бір төбе болса, сол кезеңдегі саясат Абайды зерттемек түгіл, оның атын айтуды қолдамай тұрған кезінде өз заманынан озып, дана Абай туралы танымның тар құрсауын бұзып, ғылыми арнасын кеңейтіп, соқыр, солақай көзқарастағыларға «Абайды кейін ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, оны табалдырықтан шығарып тастаушылар» деп соққы беріп, Абайтану ғылымының болашағына алғашқы жол салған батыл жан Қ.Жұбанов ісі кейінгілерге үлгі боларлық үлкен ерлік деп айта аламыз.

Халқының аяулы азаматы Құдайберген Қуанұлы Жұбановты 1937 жылғы репрессия кезінде қамауға алғанда айыптау ісі жүргізілген іс-қағаздары осы күнге дейін мемлекеттік қауіпсіздік мекемесінің мұрағаттарында сақталған екен. Осы іс-қағаздары папкасында Қ.Жұбановтан жауап алған Тұтқынның сауалнамасы, Тінту жүргізу протоколы, оны тұтқындау анықтамасы, Қамауға алу туралы ордер, Семья құрамы, тағы басқа тақырыпта жазылған айыптау құжаттарының тіркелгенін көреміз. Тұтқынның сауалнамасы деген папкада ғалымға жала жауып, оңшыл троцкистік ұлтшыл, антисоветтік ұйымның мүшесі, іріткі салушы, т.б. ойдан шығарылған заңсыз жаламен айыптаған. Ал Қамауға алу туралы №1022 ордерде Құдайберген Жұбановты тінтіп, қамауға алуға бұйрық шығарылып, оны Красин көшесіндегі 47-үйде тұрады деп көрсетіліпті. Осындай іс қағаз арасындағы «Семья құрамы» деген жерде «әйелі Раушан -38 жаста, үлкен қызы Мүсіліма -13-те, ұлы Ақырап -11-де, ұлы Есет -9 жаста, ортаншы қызы Қызғалдақ – 4-те, қызы Қырмызы -2 жаста, кіші ұлы - (атын білмеймін) деген мәлімет бар екен [3.46]. Кенже ұлы Асқар дүниеге келген күні Құдайберген Жұбанов тұтқынға алынғандықтан кенжесінің атын да білмей кеткені өкінішті еді. Сонымен бірге

осы балаларының әке атына сай болып, елге танымал азамат болғанын да көрмеуі өте өкініш еді.

Зор таланттың, үлкен қабілеттің, білімнің арқасында Құдайберген Қуанұлы өзі өмір сүрген қысқа уақыттың ішінде қазақ тіл білімінің әр саласынан құнды-құнды ғылыми еңбектер жазып, қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалауға қомақты үлес қосты. Қазіргі кезеңде ғылымда белсенді зерттеле бастаған тіл білімінің әлеуметтік, гендерлік, психоллингвистика, когнитивті, лингвомәдени тілтанымы, т.б. салаларына қатысты деректер де Қ.Жұбанов еңбектерінде алғаш көрініс тапқандығы осы күнгі зерттеушілер тарапынан жиі айтылып келеді. Оның өткен ғасыр басында тілге қатысты айтқан терең ғылыми әрі философиялық көзқарастары бүгінгі кездегі лингвистиканың жаңа, тың салаларымен астасып жатыр [3.346]. Проф. Қ.Жұбанов қазақ жазуындағы латын графикасына негізделген алғашқы қазақ әліпбиін жетілдіруге көп үлес қосты. Алғашқы қолданыстағы латын негізді қазақ әліпбиімінде 33 әріп болса, Жұбанов өзгертіп ұсынған жобада 25 әріп, бір дәйекші болды [1. 504].

Қорытынды. Мақалада өткен ғасырдың отызыншы жылдары қазақ тіл білімінің қалыптасуына үлес қосқан алғашқы ғалымдардың бірі, профессор Құдайберген Жұбановтың ғылыми еңбектері мен оның атқарған қоғамдық негіздегі мемлекеттік деңгейдегі маңызды жұмыстары жөнінде талдау жасалды. Ғалымның қазақ тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы еңбектеріне байланысты теориялық мәселелер баяндалды. Қ.Жұбановтың қазақ тілі фонетикасы, тарихи лексикология, грамматикаға, терминдік атауға, жалқы есімдерге, функционалды грамматикаға байланысты тұжырымдары бүгінгі таңдағы осы саладағы ғылыми жетістіктеріміздің бастауы деп есептеледі. Оның тілдік емес құралдар, бейвербалды амалдарға, яғни паралингвистикаға, әлеуметтік, гендерлік, когнитивтік тіл білімі бағыттарына қатысты пайымдаулары бүгінгі әлем тіл білімінде кең таныла түскен антропологикалық бағыттағы жаңа зерттеулермен де ұштасып жатқандығын байқатады. Қ.Жұбановтың педагогикалық, психоллингвистикалық және журналистік саладағы еңбектерінің де ғылыми сипаты терең. Ол қазақ лингвистикасында тілдік құралдарды танымдық тұрғыдан зерттеудің де жолын көрсете білген. Ғалым әдебиеттану саласында, Абайтану, Яссауитану, музыкатану бағыттарында да өз қолтаңбасын қалдырды.

Қ.Жұбанов туралы, оның азаматтық келбеті, ғылымдағы орны туралы, жазылған жақсы лебізге толы мақалалар өте көп. Әр кезде жазылған осындай ғылыми танымдық және тағылымдық мәні зор мақала авторлары ретінде белгілі тілші ғалымдар І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Ы.Маманов, Ә.Қайдаров, Р.Сыздық, Қ.Есенов, Б.Әбілқасымов, Т.Жанұзақов, Б.Хасанов, Ә.Айтбаев, Н.Уәлиев, Ә.Жүнісбеков, Ж.Манкеева т.б. және әдебиет саласының майталман мамандары М.Әуезов, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, Х.Есенжанов, Б.Кенжебаев, М.Мырзахметов, т.б. есімдерін атап кетуге болады. Ғалым еңбектері туралы педагогика, философия, тарих, саясаттану т.б. сала мамандарының айтқан құнды пікірлері де өз алдына бір төбе деуге болады. Қазіргі таңда туған жері Ақтөбе облысында Құдайберген Жұбанов есімімен аталатын көше, мектеп және жоғары оқу орны бар. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жұмыс жасайтын Жұбановтану ғылыми зерттеу орталығы жұмыс жасайды. Оқу ордасында ғалымның өз немересі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ардақ Есетқызы Жұбанова да еңбек етеді. Осы оқу орнында ғалым мұрасы негізінде Жұбанов тағылымы атты халықаралық ғылыми конференция өткізіп тұру ісі дәстүрге айналған. Сондықтан біз Ақтөбе-Мұғалжар топырағында дүниеге келген, кейінгі ұрпаққа құнды ғылыми еңбектерін мұра етіп қалдырған ерекше туыс Қ.Жұбановты бүкіл қазақ халқы тума талант ғалым ретінде құрмет тұтатынын мақтаныш етеміз. Профессор Қ.Жұбановты қазіргі таңда еліміз тек қазақ филологиясының талантты ғалымы ретінде ғана таниды, ал

оның атқарған мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарының ауқымдылығын, өткен ғасыр басында қазақтың ел болып жатқан алғашқы кезеңінде жалғыз өзі қоғамдық негізде мемлекеттік маңызды бірнеше салаларда қатар еңбек еткенін, сондықтан оның тарихи тұлға ретіндегі еңбегі әлі де ескерілмей келе жатқандығын да алдағы кезде әлі де нақты зерттеулермен таныта түсу қажет деп есептейміз. Оның ғылыми мұрасы келесі ұрпаққа да қызмет ете береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. [Текст] / Қ. Жұбанов – Алматы: «Ғылым», 1999. – 581 б.
- 2 Оралбай, Ә. Құдайберген Жұбанов- публицист. [Текст] / Ә. Оралбай – Ақтөбе: «Толғанай-Т», 2006. – 207 б.
- 3 Құдайберген Жұбанов [Текст] // Жалпы редакц. Басқарған М.Малбақов. – Алматы: «Шафран» ЖСШ, 2013. – 528 б.
- 4 Оралбаева, Н. Қазақ-совет тіл білімінің негізін қалаушы [Текст] / Н. Оралбаева // Профессор Құдайберген Жұбановтың 90 жылдығына арналған ғылыми конференция (19 желтоқсан, 1989) материалдары: Алматы, 1990. – 21-29 б.
- 5 Жұбанов, Қ. Шығармаларының толық жинағы. [Текст] / Қ. Жұбанов – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. – 584 б.
- 6 Садуакас, Н.А., Қондыбай, К.Ә. Қ.Жұбанов және етістік категориясының зерттелуі [Текст] / Н.А. Садуакас, К.Ә. Қондыбай // «Ғылым. Әйел. Қоғам» Қазақстандық ғалым әйелдер қоғамы журналы. – 2021. – №4 (8). – 86-93 б.
- 7 «Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы» [Текст] // ҚР БЖҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Абай атындағы Қазақ ҰПУ, Еуразия ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған профессор Құдайберген Жұбановтың туғанына 120 жыл және оның ұлы ф.ғ.д., профессор Есет Жұбановқа 90 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (19.XII.2019). – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2019. – 296 б.
- 8 Садуакас, Н.А., Милов, М.О. Асқар Жұбанов және қолданбалы тіл білімінің дамуы [Текст] / Н.А. Садуакас, М.О. Милов // «А. Жұбанов оқулары» тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң аясында «Қазақ тілінің ақпараттық кеңістігі және ұлттық корпусар құрастыру тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы: ЖК «Асыл» баспасы, 2022. – 47-52-б.
- 9 Садуакас, Н.А., Садықова, І.Қ. Құдайберген Жұбанов – полиглот ғалым [Текст] / Н.А. Садуакас, І.Қ. Садықова // Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Н.И.Вавилов атындағы Саратов мемлекеттік аграрлық университеті, Самара басқару институты ұйымдастырған «ЕАЭО шеңберіндегі ұлттық экономиканың бәсекелестік деңгейін арттыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. III бөлім. (17.03.17 ж.). – Орал: БҚИТУ баспасы, 2017. – 279-282 б.
- 10 Әуезов М. Ірі оқымысты 20 томдық шығармалар жинағы. 20- том. [Текст] / М. Әуезов – Алматы: «Жазушы», 1985. – 413 б.
- 11 Мектеп-тегі, А. Қазақ жазуының қасиеті мен қасіреті [Текст] / А. Мектеп-тегі, // «Жалын» журналы, 1996. – №1, 2. – 152-170-б.

REFERENCES

- 1 Zhubanov, K. Kazakh tili zhonindegі zertteuler [Research on the Kazakh language.]. Almaty: «Gylım», (1999): 581 b. – [in Kaz]

- 2 Oralbai, A. Kudaibergen Zhubanov – publitsist. [Kudaibergen Zhubanov is a publicist.]. Aktobe: «Tolganai-T», (2006): 207 b. – [in Kaz]
- 3 Kudaibergen Zhubanov [Kudaibergen Zhubanov]. Almaty: «Shafran» ZhSSH, (2013): 528 b. – [in Kaz]
- 4 Oralbaeva, N. Kazakh -sovet til biliminin negizin kalaushy [Founder of Kazakh-Soviet linguistics]. Professor Kudaibergen Zhubanovtyn tuganyna 90 zhyldygyna arnalgan gylymi konferentsiya (19 jeltoksan,1989) materialdary. Almaty, (1990): 21-29 b. – [in Kaz]
- 5 Zhubanov, K. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy [A complete collection of his works.]. Aktobe: «Zhubanov universiteti» baspasy, (2019): 584 b. – [in Kaz]
- 6 Saduakas, N.A., Kondybai, K.A. K.Zhubanov zhane etistik kategoriyasynyn zerttelui [K. Zhubanov and the study of the verb category]. «Galym. Aiel. Kogam» Kazakhstandyk galym aielder kogamy zhurnaly. Almaty, (2021): №4 (8), 86-93 b. – [in Kaz]
7. «Uly dala tulgalary: Zhubanovtar tagylymy zhane zhazu reformasy» [People of the Great Steppe: the lessons of Zhubanov and the reform of writing]. KR BjGM A.Baitursynuly atyndagy Til bilimi instituty, Abai atyndagy Kazakh UPU, Euraziya gylymi-zertteu instituty uymdastyrgan professor Kudaibergen Zhubanovtyn tuganyna 120 zhyl zhane onyn uly f.g.d., professor Eset Zhubanovka 90 zhyl toluyna arnalgan halykaralyk gylymi-teoriyalyk konferentsiya materialdary. (19.XII.2019). Almaty: «Kazakh kitabı» baspasy, (2019): 296 b. – [in Kaz]
- 8 Saduakas, N.A., Mirov, M.O. Askar Zhubanov zhane koldanbaly til biliminin damuy [Askar Zhubanov and the development of Applied Linguistics]. «A. Zhubanov okulary» turakty gylymi tiltanyndyk alan aiasynda «Kazakh tilinin akparattyk kenistigi zhane ulttyk korpustar kurastyru tazhiribesi» atty khalykaralyk gylymi-teoriyalyk konferentsiya materialdary. Almaty: ZhK «Asyl» baspasy, (2022): 47-52 b. – [in Kaz]
- 9 Saduakas, N.A., Sadykova, I.K. Kudaibergen Zhubanov – polyglot galym [Kudaibergen Zhubanov-polyglot scientist]. Batys Kazakhstan innovatsiyalyk-tekhnologiyalyk universiteti, N.I.Vavilov atyndagy Saratov memlekettik agrarlyk universiteti, Samara baskaru instituty uymdastyrgan «EAEO shenberindegi ulttyk ekonomikanyn basekelestik dengeiin arttyru» atty halykaralyk gylymi-praktikalyk konferentsiyasynyn materialdary. III bolim. (17.03.17 zh.). Oral: BKITU baspasy, (2017). – 279-282 b.
10. Auezov M. Iri okymysty // Auezov M. 20 tomdyk shygarmalar zhinagy. 20- tom.- Almaty: «Zhazushy», 1985.- 413 b. – [in Kaz]
11. Mektep-tegi, A. Kazakh zhazuynyn kasirti men kasireti [The nature and tragedy of the Kazakh script]. «Zhalyn» zhurnaly, (1996): №1, 2, 152-170 b. – [in Kaz]

ВАЖНОСТЬ ТРУДЫ ПРОФЕССОРА К. ЖУБАНОВА

Аннотация. В статье рассказывается о жизненном пути, научных и педагогических трудах известного ученого в области казахского языкознания Кудайбергена Жубанова. Профессор К. Жубанов - ученый, внесший особый вклад в формирование национального языкознания в тридцатые годы прошлого века. В период своего существования ученый принимал активное участие в изучении казахского языка, ожидая своего первого решения в работе, таких как составление казахского алфавита, коррекция орфографии на родном языке, Перевод казахского письма на латинскую графику, формирование национальной терминологии, написание учебников на казахском языке, издание методических трудов и др. При ознакомлении с его произведениями можно заметить, что он обратил внимание на глубокое научное изучение казахского языка. Для проявления внутренних закономерностей родного языка

изложено умение научно анализировать фонетические, лексико-грамматические особенности слова, закономерности исторического развития, проблемы терминологии.

Утверждается, что исследования ученого важны и сегодня. В его трудах освещены все области языкознания, наряду с вопросами фонетики, лексики, грамматики, методики преподавания казахского языка, терминологии, орфографии, стилистики, перевода, казахской литературы и культуры, проведен анализ этих трудов. В статье представлены труд ученого «Лекции по научному курсу казахского языка», учебник «Грамматика казахского языка», программа «Программа казахского языка», «Некоторые проблемы орфографии и грамматики казахского языка», «О формах сочинения слов в казахском языке», «О построении речи на казахском языке» и др. анализ трудов.

Ключевые слова. Лингвистика, фонология, гласные и согласные, сингармонизм, слог, количество слов, фраза, предложение, использование терминов, теория фонем.

PROFESSOR KUDAIBERGEN KUANULY ZHUBANOV

Abstract. The article describes the life path, scientific and pedagogical works of Kudaibergen Zhubanov, a well-known scientist in the field of Kazakh linguistics. Professor K. Zhubanov is a scientist who made a special contribution to the formation of national linguistics in the Thirties of the last century. During his work, the scientist actively participated in the problems that he expected to solve first in the study of the Kazakh language, such as the compilation of the Kazakh alphabet, correcting the spelling of writing in his native language, translating the Kazakh script into Latin graphics, forming national terminology, writing textbooks in the Kazakh language, publishing methodological works, etc. it will be said that he did scientific work. During the acquaintance with the works written by him, it can be seen that he paid attention to a deep scientific study of the Kazakh language. He was able to scientifically analyze the problems of phonetics, lexical and grammatical features of the word, the laws of historical development, terminology to demonstrate the internal laws of the native language.

It is noted that the scientist's research is still relevant today. It is noted that his works cover all areas of linguistics, he wrote works on phonetics, vocabulary, grammar, as well as methods of teaching the Kazakh language, terminology, spelling, Stylistics, translation, Kazakh literature and culture. The article analyzes the scientific works of the scientist "lectures on the scientific course of the Kazakh language", the textbook "Grammar of the Kazakh language", the program "Program of the Kazakh language", "Some problems of spelling and grammar of the Kazakh language", "About the formation of speech in the Kazakh language", etc.

Key words. Linguistics, phonology, vowels and consonants, singarmonism, syllable, word number, phrase, sentence, term uses, phoneme theory.

ҒТАХА 16.21.61

DOI: <https://doi.org/10.62724/202430206>

Бекмашева Актоты Нигметовна*¹

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» ЖЖКББМ, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н. Назарбаев даңғылы, 194, vipbekmasheva@mail.ru
ORCID ID:0000-0001-7189-8952

БҮГІНГІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бүгінгі таңда ақпараттық кеңістігімізден өз орнын алып, қызметтерін белсенді атқарып жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының саны жылдан жылға көбейіп келеді. Әсіресе, қазақ тілінде ақпарат тарататын телеарналар мен сайттардың, порталдардың артып отырғанын байқаймыз. Қазақ тілінде ақпарат тарататын БАҚ-тың санын да, олардағы хабарлардың сапасын да арттыру қазіргі таңда - маңызды мәселе. Зерттеу жұмысының мақсаты – әлеуметке қызмет ететін БАҚ тілінің мәдениетін саралап, оны сараптап-зерделеп, нормаға сай тұстарын үлгі етіп, кемшіліктерін атап көрсету. Осы мақсатқа жету үшін мақалада теледидар, баспасөз бетіндегі лингвоэкология мәселесі сөз болып, сөз қолданыста жиі ұшырасатын тілдік қате қолданыстар мен стильдік қателер, әдеби тіл нормасына сай емес қолданыстар, жасанды мақал-мәтелдер тіл мәдениеті талаптары тұрғысынан жан-жақты талданды. Жиі оқылатын, қаралатын баспасөз және теледидардан мысалдар келтірілген. Мақалада тіл экологиясын жақсартуға, экстралингвистикалық факторларға үйлесімді төтеп берудің жолдары айтылып, өзіндік ғылыми ұсыныстар берілген. Мақала жазу барысында зерттеу, талдау, бақылау әдістер қолданылды. Мақаланың зерттеу тұжырымдары мен талдаулары мемлекеттік тілде жүргізілетін барлық телехабар мен жарияланатын мақала авторларына, журналистерге, тілге жанашыр қауымға арналады.

Кілт сөздер. Лингвоэкология, әдеби норма, әдеби тіл, стильдік қателер, жазба тіл, ауызша тіл, экстралингвистикалық фактор, бұқаралық ақпарат құралдары.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына 30 жылдан асты. Қазақ елі әлемде саяси, экономикалық, қоғамдық орны бар іргелі мемлекетке айналды. Осы жылдарда әлемдік кеңістікке әлеуметтік-саяси мақсат мүддемізді, өзіндік мәдениетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды танытуда БАҚ-тың үлесі зор болды. XXI ғасырдың ақпарат майданында қазақ баспасөзінің өзіндік күрес стратегиясы, әдіс-айласы қалыптасты. Бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз, радио, теледидар, кино, бейнежазба, ұнтаспа және көпшілікке арналған анықтамалармен қатар, кейінгі кезде олардың қатарына ғылым және техникалық соңғы жаңалықтары - спутниктік байланыс, кабельді теледидар және түрлі компьютерлік интернет байланыс жүйелері қосылып отыр.

Алаш арыстарының бірі Ғұмар Қараш: «Бізді бір ниет, бір тілекке жиятұғын зат – газет, сол себепті газет – біздің басшымыз, газет – біздің достар алдындағы көркіміз. Дұшпанға қарсы құралымыз, білмегенді көрсететін ұстазымыз. Қараңғыда жарық беріп, тура жолға салатын шамшырағымыз», - деп [1] жар салған болатын. Газеттің қазақ қоғамында о бастан-ақ саяси және тәрбиелік орны ерекше болса, қазіргі заманда одан әрі арта түсті. Профессор Бағдан Қатайқызы «Газеттің әдеби тілді дамытудағы, оның лексика-грамматикалық құрылысына ықпал етудегі әсері орасан зор. Бірақ ол әр кезеңде

әртүрлі мөлшерде, әртүрлі деңгейде болды. Газет тілі арқылы қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдері қатары көбейді, қалыптасты, дамыды, әдеби тіл жанрлары өріс алды», - деп тұшымды пікірлерін ұсынды [2].

Иә, қазіргі «төртінші билік» болып тұрған БАҚ-тың тілін үнемі назарда ұстап, зерделеп отыру әрбір қалам ұстаған жанның, ғалымдардың жүйелі ісі болмаққа керек. БАҚ – бұл мемлекеттік идеология құралы. Мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін өзекті мәселе ата-бабадан қалған шұрайлы қазақ тілінің асыл мәйегін сақтай отырып, бүгінгі экстралингвистикалық факторларға үйлесімді төтеп беру. «Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», - деп Жүсіпбек Аймауытұлы айтқандай қай ұлттың тілі болмасын қоғамның дамуына байланысты өзгеріске ұшырайтыны анық. Тілге қоғамда болып жатқан тарихи, саяси жағдайлардың әсері үнемі болып тұрады. Бұқаралық ақпарат құралдарының қарқынды дамуы экстралингвистикалық факторлармен үзеңгілесе жүреді. Баспасөз қазақ әдеби тілінің қолданылу аясын кеңейтіп қана қоймай, оның нормалық жүйесінің, грамматикалық құрылымының, сөздік құрамының дамуына әсер етеді. Сол себепті де БАҚ-тағы лексикалық бірліктер белсенді, жиі қолданыла келе сөздік қорға енеді.

Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың таным-түсінігі, болмысы, жан-дүниесі. Ұлт мәдениеті тілдің тұла бойынан анық көрініп тұрады. Дұрыс сөз саптау мен ойды анық жеткізетін сөйлемді құрап жазу – үлкен мәдениеттіліктің көрінісі. Заманымыздың заңғар жазушысы Ғ.Мүсірепов: «Адам мәдениетінің алғышарты – дұрыс сөйлей білу. Тілін білмеген түбін білмейді, ондай адам күлдірем деп күйдіреді, сүйіндірем деп сүріндіреді, білдірем деп бүлдіреді, қуантам деп қуартады, келтірем деп кетіреді, емірентем деп егілтеді, жұбатам деп жылатады» деп [3] қазып айтқан.

Қазіргі таңда тіл мәдениетінің көкейтестілігі арта түсті. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында»: «Тілді дамыту – Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі», сондай-ақ «Мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек» делінген.

Қазіргі уақытта ғалымдар тілді өмір сүріп жатқан ортамен бірлікте қарастыру өзекті деп есептейді. Оның өзі тілдің бүгінгі жағдайын талдауға және сол тілде сөйлеуші, сол тілде жазушы адамның ой дәрежесін сараптай келе этностың ұлттық-мәдени өміріндегі болып жатқан оң және теріс өзгерістерді зерделеуге мүмкіндік береді. Осындай аспектіге байланысты «тіл экологиясы» «лингвоэкология», «эколингвистика» сияқты лингвистикалық терминдер пайда болды. Адам санасындағы ой өрістері, сөз жоқ, ауыздан сөз болып төгіледі. Мәселе – сол сөздің дұрыс сапталуында. Лингвоэкология – бұл тілдің дамуы мен қолданылуына теріс әсер етуші факторларды зерделейтін және тілдік қарым-қатынас практикасын жетілдіру мен тілді байыту тәсілдерін іздейтін сала. Бүгінде лингвоэкологияның қордаланған мәселелері тілге жанашырлық танытқан кез келген азаматты толғандырады.

Тіл – ұжым мүшелерін байланыстырушы құрал болса, тілдің өмір сүру ортасы – халық. Ал БАҚ – тілдік ортаның басты қайнар көзі. Тілдік ортада ана тілдің, мемлекеттік тілдің байлығы жұтандаса, тұнығы лайланса, тілдің ұлттық, мәдени құндылықтары әлсірейді. Сол тілді алып жүруші жеке тұлғамен қатар тұтастай ұлттың тарихи-мәдени, әлеуметтік құзыреті төмендейді. Лингвоэкология тіл білімінің бір саласы ретінде әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, тіл мәдениетінің теориясымен тікелей байланысты. «Ақпараттық технологиялар дамып тұрған кезде бұқаралық ақпарат құралдарының тіл мәдениетін сақтауы өте маңызды. Сондықтан хабар таратудағы сапа мемлекеттік, ұлттық мәселе болып есептелуі керек», – дейді Нұртөре Жүсіп [4].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жұмысымызда бұқаралық ақпарат құралдары материалдарында кездесетін тілдік, стилистикалық қателерді тауып, жаңсақ қолданылу себептерін және оларды болдырмау жолдарын көрсету үшін талдау, салыстыру, сараптау, бақылау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Жергілікті баспасөз материалдарын ұдайы қадағалап отырғанда көптеген өзгерістерді байқаймыз. Ең алдымен, баспасөзде қолданылатын лексикалық құрамның сапасы өзгерді. Бұрынғырақ трафареттік, газеттік перифраздар, таптаурын тіркестер жиі қолданылатын, қазір экспрессивті-эмоционалды лексика, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен қанатты сөздер көбірек жұмсалады. Қазақ оқырманының (ұлттық коммуникаттың) көңілін аудару үшін прагматикалық қуаты күшті экспрессиялық сөздер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, аллитерацияға, ассонансқа, дыбыс әуезділігіне құралған тізбектер қазіргі «Орал өңірі» газеті мен басқа да жергілікті газеттерге тән сипат.

«Орал өңірі» – 1918 жылдан шығып келе жатқан қоғамдық-саяси газет. Жаңа ғасырда да бұл газет тек ақпарат көзі ғана емес, рухани құндылықтардың бастауы, ұлттық идеологияның тамыршысы болып отыр. Мазмұны әлеуметтік, мәдени мәселелерді көтеріп, тақырыбы әдемі өрілген сәтті мақалалар көптеп басылады. Мәселен, «Ақжайығын ардақтаған академик», «Ойын аяқталды», «Сең қозғалды, мұз еріген жоқ», «Бейнеттен кейін, зейнет көрейік», «Біздің өлке-туристер мекені» сияқты тақырыптар ішкі мазмұнына сай берілген. Ал «Қайтқан құста қауіп бар» атты тақырып «Қайтқан малда қайыр бар» деген қазақы мәтелдің ізімен сәтті берілген. Сонымен қатар стильдік жағынан ақсап, жататын тақырыптар да кездеседі. Мәселен, «Бірікпегенді бөрі талайды». Бұнда «Бөлінгенді бөрі жейді» деген мәтелді өзгертіп қолданған автор «бөрі талайды» деп емес, «бөрі жейді» деп алу керек еді, өйткені талайтын ит емес пе. «Ақжайықтықтар оңай шағылатын жаңсақ емес» деген тіркес те сәтсіз жасалған калька, қазақ ұғымына жат аударма екені көзге ұрып тұр. Қазақта жігітті жаңғаққа теңемеген.

Соңғы кезде газет беттерінде әкім қаралардың кезекті есептері тұсында «*әкім бол, халқыңа жақын бол*» деген мақал жиі айтылып та, жазылып та жүр. Заманға сай туындаған жаңа мақал болғанымен өрескелдігі жоқ, сәтті құрылған. Ал көктем тұса жиі айтылатын «*атаңнан мал қалғаниша, тал қалсын*» деген жасанды мақал қазақ ұғымына сай емес. Ата-бабамыз «*Мал-жан аман ба?*» деп жаннан бұрын малды қойып сөйлеген. Мал – көшпенді қоғамның басты тіршілік көзі. «Түстік өмірің болса, күндік мал жиі» дейтін де қазақ. Тал егіп, оның мәуесін күтіп отыратын отырықшы жұрт.

Газет бетіндегі мақалаларды саралап отырсақ, ала-құла сөйлемдер де кездесіп қалады. «Соғым сойдыңыз ба?» атты мақала күнделікті қажетті проблеманы көтеріп тұр. Бірақ мына сөйлемдерді сәтті құрылған деуге болмайды: *Яғни ауылда тұрып, соғым етінсіз «жить ету» мүмкін емес; Шұжық, қазы-карта сияқты дәмі таңдайыңнан кетпейтін «деликотестерді» қыс, көктем бойына астыққа ұңғып сақтайды; Үйдегілерге базардан «ыптаройға» деп анау-мынау етті келілеп ала салады да, ал ағаш бөшкедегіні «строго» қонақтар келгенде гана шетінен бұзады.* Осы сөйлемдер Абайша айтқанда, «бөтен сөзбен былғанып» тұр. Орыс сөздерін эмоциялық өң беру үшін пайдаланғанмен, мағына жағынан жарасымдылық, үйлесім жоқ. Қандай ойды қалай жеткізем десе де, қазақ тілінің өз мүмкіндігі жетеді емес пе.

Тілімізге көптеген тың сөздерді, сөз оралымдарының ендіретін де, орыс тіліндегі жарнамаларды қазақшалап беретін де ақпарат құралдары. Сондықтан да БАҚ-та әлі нормаға түспеген, кедір-бұдыр, қисынға келмейтін, стильдік кемшілігі көп қолданыстар көптеп кездеседі. Мысалы, *Қазақстан телеарнасынан «Но-шпа» дәрілік препаратты жарнамалау кезінде айтылып жүрген «Ішім бұрап ауырып кетті» деген сөйлем «Ішім*

бүріп ауырып кетті» болып құрылуы керек еді. Осындай калкалау жолымен жасалған орыс тіліндегі «неправильный» сөзінің «дұрыс емес» деген аудармасын да қате қолданып жүрміз. Мысалы, «дұрыс емес пікір, дұрыс емес идея, дұрыс емес шешім» деген тіркестерді жергілікті «Орал өңірі» газетінен жиі кездестіруге болады. Бұл күрделі сөз тілімізде анықтауыш сөз ретінде емес, сөйлемді аяқтаушы, ойды тиянақтаушы предикат мүше қызметінде жұмсалуды тиіс: «Сіздің пікіріңіз дұрыс емес. Бұл ұсынған идея дұрыс емес» және т.т.

Соңғы кезде жиі айтылып жүрген «*темір торға тоғытылды*», «*өртті ауыздықтады*», «*ауруды ауыздықтады*», «*автокөлік тізгінішісі*» деген қолданыстарды да тіліміздің шұрайлылығын келтіріп тұр деп айта алмаймыз. Мысалы, «... *коронавирустың таралуын ауыздықтай алды*» (Орал өңірі, 12.10.2020). Қазақстан телеарнасынан көрсетіліп жүрген «Тизин» мұрын тамшыларына қатысты жарнама мәтінінде «Сізде тұмау болса, Тизинді падаланыңыз» деген сөйлем бар. Бұл сөйлемді орысшадан тікеле й аударғаны анық. Дұрысында, «Сіз тұмауратып жүрсеңіз, Тизинді пайдаланыңыз» болып құрылуы керек. Бұндай шала әрі сауатсыз аударылған сөйлемдер жиі ұшырасады. «Альбени» шоколады туралы айтылып жүрген «Дәмі сізді үйіріп әкетеді» деген сөйлем де тілімізге жатық емес. Дұрысында, «Дәмі тіл үйіреді» деп айтылуы керек.

Баспасөз бетінде неологизмдерді қолданудың басты прагматикалық мақсаты – қалың оқырманды тіл дамуындағы жаңалықпен, яғни жаңа қолданыстағы сөздермен таныстыру болса, екінші жағынан, экспрессивті мән үстеу болып табылады. Өйткені кез-келген жаңа атау, оқырманға тосын қолданыс ретінде ерекше әсер туғызатыны мәлім.

Жаңа лексикалық бірліктерді құрайтын сөздердің бір тобын генетикалық қостілді тұлғалар, яғни алдыңғы сыңары *авиа, ауто, изо, супер, аудио, инфра, эко, пост* сияқты сөзалды тұлғалардың қазақ сөздерімен бірігіп жасалған жаңа бірліктер құрайды. Оларды белгілі ғалым академик Рабиға Сыздықова «*жартыкеш*» тұлғалар деп атайды [5, 235]. Мысалы, *экожүйе, аутокөлік, посткеңестік, инфрақұрылым және т.б.* Осы мысалдардағы «ауто» сөзі соңғы кезде орыс тіліндегі «авто» сөзінің орнын алмастырып, қолданылып жүр: *аутопарк, аутобус, аутокөлік, аутожуу, аутомат* және т.б. Тіпті «автор» сөзін «аутор» дегенді де кездестірдік. Мысалы, *Идея ауторы – спорт ардагері* (Орал өңірі, 12.10.2021). Бұлай қолданудағы мақсат орыстың «в»-сынан қашу болса, тілімізде «авто», «авиа» сөзімен бірігіп жасалған қаншама күрделі сөздер бар. Оларды қайтпекпіз?

Бүгінгі таңда ғаламтор әлеуеті күшейгенмен, теледидар мен радио да негізгі ақпараттық көз болып табылады. Теле-радиодан берілетін тарихи-танымдық хабарлар руханият үшін үлкен рөл атқарады. Жазба мәтін тілі мен ауызша сөйлеудің арасындағы айырмашылықтар бар. Ауызша сөйлеуде басты тірек дыбыстау болып табылады. «Оқу процесіндегі дауыс тоны, дыбыстардың тиісті жерлерінде көтеріңкі немесе төмен айтылуы, сөз, сөйлем араларында пауза, интонация, сөйлем ішіндегі жеке сөзге немесе сөз тіркесіне түсетін логикалық екпін сөйлеу тілін айқындайды» [6, 35]. Қазақ тілінде жазылым мен айтылымның арасында біраз ерекшелік бар. Дегенмен кейінгі ұрпақ қалай жазылса солай оқып, қазақ тілінің сөз сөйлеудегі үндесім, әуезділігін сақтай бермейді. Яғни хабар жүргізуші мәтінді оқуда орфоэпиялық заңдылықтарды сақтағанда ғана қазақ тілінің эстетикалық әсері күшті болатыны даусыз.

Радиоақпарат тілі мен ауызекі сөйлеу тілінің арасындағы айырмашылықты байқаған академик Л.В. Щерба: «Ауызекі сөйлеу тілінде қандай қателік болса да, таң қаларлық емес. Оған сөйлеуші де, тыңдаушы да жете мән бере қоймайды» - дейді [7, 89]. Ал радио тілі ауызекі сөйлеу тілі емес. Радио тілінде орфоэпиялық заңдылықтарды қатаң сақтау керек. Профессор М.Серғалиев «радиодан сөйлегенде, бұған дейінгі жазба тілге

қойылатын талаптарды – тілдің тазалығы, логикалығы, әуенділігі, байлығы, нақтылығы сияқты мәдениет сапаларын есте ұстау мен конструкциялардың нормативтік грамматика заңдылықтарына сай құрылуын қадағалау қажет болады» - дейді [6, 359].

Бүгінгі таңда дикторларды дайындауда кемшін тұстарымыз жоқ емес, Сауық Жаханова сияқты көне көздердің дауыс ырғасын, әуезділігін, сөз екпінін дұрыс қоюын киінгі жастарға үлгі қылмаққа керек.

Газет, теледидар әдеби тілді насихаттаушы, таратушы тіл болуы керек дегенімізбен, диктор, журналистердің сөзінен әдеби нормаға жат ауызекі тілге тән қолданыстарды да естіп жүрміз. Мысалы, *Қоғамдық көлік жүргізушісі мен жолаушы жігіт боқтасып алды* (Евразия телеарнасы). Дұрысында, «*боқтасып алды*» емес, дисфимизиммен «*бір-бірін балағаттады*» болып айтылуы керек еді. Соңғы кездерде теледидарда да, радиода да ауыз екі сөйлеуде тым еркіндік, әдеби тілдің нормасын сақтамай, біздің ауылда солай сөйлейді деген сияқты тіл сындырар қолданыстар көп. Мәселен, көмекші есімді дұрыс қолданбау қалыпты жағдай болып барады: *Тасқын судың арқасында көптеген адамдар үй-жайсыз қалды*. Тасқын судың кесірінен деу керек емес пе. Спорттық жарыстардан репортаждарда өрескел қолданыстарды жиі естиміз. Мәселен, *Біздің боксшы алдыңғы қолмен қорғанып, артқы қолмен ауыр соққы жасады*. Адамда алдыңғы, артқы қол бола ма екен. Бұл орыс тіліндегі осындай қолданысты аударып қолдану. Немесе, *Көк бұрыштан ақ көк киім киген боксшы, қызыл бұрыштан қызыл қара киген боксшы шаршы алаңға шықты* дегенді де естідік. Сонда тілішінің көк ала, қызыл ала деп айтуға тілі келмей тұр ма?

Сонымен қатар жергілікті арналардан бегущая строка-ны «*жүгерме жол*» деп (дұрысы – *жүгіртпе жол*), *венок-ты «гүл шоғырлары»* деп (дұрысы – *гүлшоқтары*) деп жазып жүргенін де байқадық.

Грамматикалық нормаларды, соның ішінде септік жалғауларын қате қолдану ауызекі тілге ғана тән құбылыс деп ойласақ, қателесеміз. Мысалы, «*елбасыға, алдыға, үстіге, астыға, біздің отбасыда, біреусі, барлықтарың, екеулерің, үшеулерің*» деп норманы бұзып сөйлеуді теледидардан көрсетілетін бағдарламалардан естіп жүрміз. Әсіресе жас ұрпақты тәрбиелейтін «Балапан» телеарнасынан осындай қолданыстарды көріп, естіп, қынжыламыз. *Алдыға ұмтылғанымыз дұрыс шығар. Біздің отбасыда төрт адам бар* («Балапан» телеарнасы).

Сонымен қатар қазақ тілінде көптік жалғауының да өзіндік қолданылу, зат есімдерге немесе заттанған сөз таптарына жалғану ережелері бар екенін көбіне ескермейміз. Сан есіммен, барлық, барша, көптеген, қанша, әр, бірнеше, сәтүрлі, санмың, біраз сөздерімен тіркескен зат есімдерге және жеке тұрып-ақ көптік ұғымды білдіретін зат есім сөздерге көптік жалғау жалғанбайда деген ереже бар екені белгілі. Бұл – аксиома. Дегенмен, осы норманың сақталмайтын тұстары да кездеседі. Мысалы, *Соңғы 5 жыл ішінде 1200-ден астам аспалы өрт сөндіргіштер сатып алынды. ... Оның 24-і есірткі сатумен байланысты қылмыстар* (Орал өңірі, 25.06.2024). Сол сияқты «*барлықтары, баршалары, құлақтары, көздері, аяқтары, шаштары*» деп жекеше түбір тұлғада тұрып та көптік не егіз ұғымды білдіретін сөздердің өзіне көптік жалғауды жалғап сөйлеу, жазу бел алып бара жатыр.

Орфографиялық қателермен қатар сөз қолданыста, жазбаша тілде, жиі кездесетін тыныс белгілеріне қатысты қателер деп айта аламыз. Дұрыс қолданылмаған тыныс белгінің айтайын деген ойдың анық, түсінікті жеткізілуіне нұқсан келтіретіні анық. Мысалы, «*Спортшыларымыз олимпиадада 1-жүлделі орынға ие болды*» деген сөйлемдегі -ыншы, -інші жұрнақтарының мағынасын беретін дефис болмаса, сөйлем «*Спортшыларымыз олимпиадада бір жүлделі орынға ие болды*» деген мағынаны берер еді [8, 116].

Арналарда дикторлар мен хабар жүргізушілер, сұхбат берушілер орфоэпиялық қалыпты шектен тыс жиі бұзады, тіпті мұндай қателік жаппай сипат алып бара жатыр. Ауызша әдеби тіл деген ауызекі тіл емес, ол жалпыхалыққа түсінікті, нормаланған әдеби тіл. Оның басты талабы – сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс дыбыстау [6]. Ауызша сөздің жатық айтылуы, үндестік заңын сақтай отырып, орфоэпиялық нормаларды білу, әріптердің емлесін, оның айтылу нормасымен қатар меңгеруде тілші міндетті. Мысалы, эфирде жиі қолданылатын «*тұсаукесер, қылқалам шебері, бірқатар, отбасы, жанкүйер, өнеркәсіп, жаңа күн, біркелкі*» сияқты сөздер орфоэпиялық норма бойынша «*тұсауесер, қылғалам шебері, бірзатар, отпасы, жаңгүйер, өнөргәсіп, жаңа гүн, біргелкі*» болып айтылуы тиіс, бірақ ол ереже сақталмай жүр.

БАҚ құралдарында тіл мәдениетінің төмендігі анық байқалады. Сөйлеу мәдениетінің басты шарты ана тілін жақсы игеру. «Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт» - деп тұжырымдайды М. Балақаев [9, 27].

Материалды жазушы орфографиялық ережелерді дұрыс меңгеріп, ал сөйлеуші мен тыңдаушы орфоэпиялық дағдыларын жетілдірмей іс оңға баспайды.

Қорытынды. Ойлау мен сөйлеу тығыз байланыста болатын құбылыс. Мидағы ойды көркем сөзбен жеткізу үлкен өнер. Терең білім мен практикалық дағдыларды қажет етеді. Адам өзінің сөйлеу мәдениетін, жазу мәдениетін жетілдірмейінше, жоғары ақыл мәдениетіне, интеллектуалды деңгейге көтеріле алмайды. Профессор Р. Сыздықова: «Тіл мәдениеті дегеніміз - сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», - дейді [5, 24-25]. Міне, сондықтан да БАҚ қызметкерлері осы айтылған үдеден шығып, сөзінің көркемдігіне ғана емес, оның дұрыстығына, дәлдігіне мән берсе дейміз.

Қорыта айтқанда, соңғы кезде ақпарат құралдары адамзат өмірінің барлық саласына араласып, оны тыңдайтын да, қарайтын да көрермен саны артып отыр, сондықтан қазақ теледидары мен радиосындағы журналист, дикторлардың сөзі қазіргі қазақ тілінің ауызша нормасына сай болуы тиіс. Қазақ тілінің дұрыс айтылуы мен жазылуын нормалап қана қоймай, оны көпшілікке насихаттайтын да, дамытатын да осы ақпарат құралдары екенін біз естен шығармауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қараш, Ғ. Үш томдық жинағы [Текст] / Ғ. Қараш. – Орал: Жайық-Прес ЖШС, 2018. – 1-том. – 71 б.

2 Момынова, Б. Газет лексикасы: Жүйесі мен құрылымы [Текст] / Б. Момынова – Алматы: Арыс, 2003. – 224 б.

3 Мүсірепов, Ғ. Таңдамалы. 3 томдық жинағы [Текст] / Ғ. Мүсірепов – Алматы: Жазушы, 1980. I том. – 544 б.

4 БАҚ-тағы сөз мәдениеті: Қазақ тілінің мәйегін қалай қайтарамыз [Текст] // «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі порталы https://kaz.inform.kz/news/bak-tagy-soz-madenieti-kazak-tilinin-mayegin-kalay-kaytaramyz_a3718814/

5 Сыздықова, Р. Тілдік норма және оның қалыптануы [Текст] / Р. Сыздықова. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.

6 Серғалиев, М.С. Шағын радиоақпараттардың тілі [Текст] / М.С. Серғалиев // Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі.

Қ. Жұбановтың 100 жылдығына арналған: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана: Тілдерді дамыту департаменті, 1999. – 355-364 бб.

7 Щерба, Л. В. Избранные работы по русскому языку [Текст] / Л. В. Щерба – Москва: Издательство Юрайт, 2024. – 192 с.

8 Бекмашева, А.Н., Кармысов, А.А. Паронимия және семантикалық екіұштылық мәселесі [Текст] / А.Н. Бекмашева, А.А. Кармысов // БҚИТУ Хабаршысы. Ғылыми журнал. – 2022. – №1(21). – 114-118 бб.

9 Балақаев, М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту [Текст] / М. Балақаев. – Алматы: Мектеп, 1989. – 96 б.

REFERENCES

1 Karash, G. Ush tomdyk zhinagy [Collection in three volumes]. Oral: Zhajyk-Pres ZHSHS, (2018):1-tom, 71 b. – [In Kaz]

2 Momynova, B. Gazet leksikasy: Zhujesi men kyrylymy [Newspaper vocabulary: system and structure]. Almaty: Arys, (2003): 224 b. – [In Kaz]

3 Musirepov, G. Tandamaly. 3 tomdyk zhinagy [Selective 3-volume collection]. Almaty: Zhazushy, (1980): I tom, 544 b. – [In Kaz]

4 BAQ-taғы soz madenieti: Qazaq tilinin maegin qalai qaitaramyz [Culture of speech in the media: how to return the corpse of the Kazakh language]. "Qazaqparat" Halyqaralyq aqparat agenttigi portaly – [In Kaz]

5 Syzdykova, R. Tildik norma zhane onyn kalyptanuy [The language norm and its normalization]. Astana: Elorda, (2001): 230 b. – [In Kaz]

6. Sergaliev, M.S. Shagyn radioakparattardyn tili [Small radio information]. Memlekettik til: terminologiya, is kagazdary men bykaralyk akparat kyraldarynyn tili. K. Zhybanovtyn 100 zhyldygyna arnalgan: Respublikalyk gylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary. Astana: Tilderdi damyту departamenti, (1999): 355-364 bb. – [In Kaz]

7. Sherba, L.V. Izbrannye raboty po russkomu yazyku [Selected works on the Russian language]. Moskva: Izdatelstvo Yurajt, (2024): 192 s – [In Rus]

8. Bekmasheva, A.N., Karmysov, A.A. Paronimiya zhane semantikalyk ekiyshtylyk maselesi [The problem of paronymy and semantic ambiguity]. BKITU Habarshysy. Fylymi zhurnal. (2022): №1(21), 114-118 bb. – [In Kaz]

9. Balakaev, M. Til madenieti zhane kazak tilin okytu [Language culture and teaching the Kazakh language]. Almaty: Mektep, (1989): 96 b. – [In Kaz]

ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВОЭКОЛОГИИ В ПРОСТРАНСТВЕ СОВРЕМЕННЫХ СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ

Аннотация. На сегодняшний день количество средств массовой информации, занимающих свое место в информационном пространстве и активно исполняющих свои функции с каждым годом увеличивается. Особенно мы наблюдаем рост количества телеканалов, сайтов и порталов, распространяющих информацию на казахском языке. Важной проблемой на сегодняшний день является повышение как количества СМИ, распространяющих информацию на казахском языке, так и качества сообщений в них. Целью исследовательской работы является анализ культуры языка СМИ социальной сферы деятельности, ее анализ, выявление недостатков и разработка образцов в соответствии с нормами литературного языка. Для достижения этой цели в статье подробно проанализированы проблемы лингвоэкологии на страницах СМИ, а также дан всесторонний анализ языковым и стилистическим ошибкам, словам ненормативной лексики, искусственным пословицам и поговоркам с точки зрения требований языковой

культуры и в соответствии с нормами литературного языка. В статье представлены примеры, которые часто встречаются на страницах СМИ и употребляются на телевидении. В статье изложены способы улучшения языка экологии, гармоничного противостояния экстралингвистическим факторам, даны собственные научные рекомендации. При написании статьи использовались методы исследования, анализа, контроля. Выводы и анализ исследования статьи посвящены авторам публикаций, журналистам и дикторам, ведущих трансляцию телепередач на государственном языке.

Ключевые слова. Лингвозкология, литературная норма, литературный язык, стилистические ошибки, письменный язык, устный язык, экстралингвистический фактор, средства массовой информации.

